KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

“ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП “ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2016 ЖЫЛҒЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Астана 2017

МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ 4

КОМПАНИЯ ЦИФРЛАРМЕН АЛҒАНДА 6

2016 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР 8

КОМПАНИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ 10

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ 12

1. ЕСЕП ТУРАЛЫ 14

1.1 Есептің мазмұнын және аспектілерінің шекараларын белгілеу қағидалары 16

1.2 Маңызды аспектілер мен оларды анықтау тәртібі 16

1.3 Стандарттар мен нұсқаулықтар 19

1.4 Сыртқы куәландыру 19

2. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ . 20

2.1 Компания қызметінің бейіні 22

2.2 Компанияның тарихы 23

2.3 Компания активтерінің құрылымы 25

2.4 Географиясы және қатысатын нарықтары 27

2.5 Қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану 31

3. СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС-ҮЛГІ 30

3.1 Компанияның даму стратегиясы 34

3.2 Бизнесті трансформациялау 37

3.3 Бизнес-үлгі 42

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА 44

4.1 Корпоративтік басқару құрылымы 47

4.2 Жалғыз акционер 49

4.3 Директорлар кеңесі 50

4.4 Басқарма 59

4.5 Компанияның орталық аппаратының ұйымдық құрылымы 69

4.6 Корпоративтік этика 70

4.7 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 72

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ 78
5.1 Қаржылық жағдайы 78
5.2 Қаржылық тұрақтылық 81

6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ 81
6.1 Шикізат базасы 84
6.2 Энергетика 88
6.3 Ядролық отын циклы 90
6.4 Қосалқы өндірістер 94

7. ОРНЫҚТЫ ДАМУ 95
7.1 Орнықты экономикалық даму 97
7.2 Экологиялық жауапкершілік 103
7.3 Әлеуметтік жауапкершілік 109
7.4 Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу 121

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ 121

ҚОСЫМШАЛАР 121

Орнықты даму саласындағы ақпараттың GRI G4 нұсқаулығына сәйкестігіне қатысты тәуелсіз қорытынды 108

Тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы берілген қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігі 110

Есебіндегі **GRI G4** есептілігінің жалпы стандартты элементтері мазмұнының көрсеткіші **G4-32** 119

Есебіндегі GRI G4 есептілігінің ерекше стандартты элементтері мазмұнының көрсеткіші **G4-32** 121

Жеткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің (жұмыстардың) көлемдері **G4-9**, **EN3** 132

ГЛОССАРИЙ 121

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Асқар Мамин

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ

Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2016 жылғы біріктірілген жылдық есебін ұсынамын, онда Компания қызметінің негізгі нәтижелері көрсетіліп, оның ары қарайғы даму перспективалары белгіленген.

Өткен жыл әлемдік энергетикалық сала үшін оңай жыл болмады. Жағымсыз макроэкономикалық факторлар энергетикалық ресурстарға, соның ішінде табиғи уранға бағаның төмендеуіне алып келді және жалпы нарықтың дамуына теріс ықпалын тигізді. Бірақ, күрделі сыртқы экономикалық жағдайларға қарамастан, Компанияға жұмылып, трансформацияланудың және оң сипаттағы жоғары өндірістік-қаржылық нәтижелерге қол жеткізудің, осылайша, 2015 жылмен салыстырғанда, Компанияның таза пайдасын 3 еседен астам шамаға арттырудың сәті түсті.

Есепті кезең ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үлесіне әлемдік нарықтың 20%-ға жуығы тиесілі аса ірі уран өндіруші компания мәртебесін растады. Компания табиғи уран өндіру бойынша әлемдік

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үлесіне әлемдік нарықтың 20%-ға жуығы тиесілі аса ірі уран өндіруші компания мәртебесін растады. Компания табиғи уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшы ұстанымын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар, ядролық отын циклының басқа буындарына қатысуын кеңейте түсті.

көшбасшы ұстанымын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар, ядролық отын циклының басқа буындарына қатысуын кеңейте түсті. Қытайлық серіктесімен бірлесе отырып, Компания қытайлық АЭС үшін жылу бөлгіш құрастырмалар шығаратын зауыт салуға кірісті. Тігінен интеграцияланған Компания құруға бағытталған осы инновациялық жобаны іске асыру қосылған құны жоғары уран өнімін шығаруға мүмкіндік береді.

Трансформация бағдарламасы аясында Компанияда бизнес-процестер қайта қаралды, жаңа ұйымдық құрылым бекітілді, өндірісті әртараптандыру және автоматтандыру, бейіндік емес активтерді жекешелендіру процестері жандандырылды, сондай-ақ іскерлік әріптестермен өзара ықпалдастық күшейтілді.

Өз қызметінің орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Компания озық әлемдік практикаларға сәйкес корпоративтік басқару саласындағы жоғары стандарттарды сақтайды.

Компанияның ары қарай даму және әлемдік атом өнеркәсібіндегі көшбасшылық ұстанымын ұстап қалу үшін зор әлеуеті мен қажетті ресурстары бар. Таңдалған стратегияны табысты іске асыру орнықты дамуды қамтамасыз етуге, Компанияның инвестициялық тартымдылығы мен құнын арттыруға мүмкіндік беретіндігіне сенімдімін.

Қорыта келе, Компанияның дамуы мен гүлденуі жолындағы баға жетпес еңбектері үшін барлық қызметкерлерге шынайы алғысымды білдіргім келеді. **G4-1**

2016
КОМПАНИЯ ЦИФРЛАРМЕН АЛҒАНДА

1-кесте – Өндіріс[1] (жабдықтың суреті бар белгіше) ҚАӨ2

Көрсеткіштер	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның әлемдегі уран өндіру көлемі бойынша алатын орны	I	I	-
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның барлық ЕТҰ-ларға қатысу үлесі бойынша табиғи уран өндірудің әлемдік нарығындағы үлесі, %	24,2%	19,9%	21,6%
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның барлық ЕТҰ-ларға қатысу үлесі бойынша уран өндіру көлемі, тонна	13 187,0	12 851,0	2,6%
«УБО» АҚ-на қатысу үлесі бойынша байытылған уран өнімін өндіру көлемі, мың ЕРР	2 500,0	2 500,0	0,0%
Ниобий өнімін өндіру көлемі, тонна Nb	46,8	96,9	(51,7%)
Бериллий өнімін өндіру көлемі, тонна Be	1747,3	1 687,0	3,6%
Тантал өнімін өндіру көлемі, тонна Та	121,8	141,0	(13,6%)
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВт*сағ.	5 032,4	5 154,0	(2,4%)

2-кесте – Қаржы (EC1 ақша белгісі бар белгіше, G4-9)

Көрсеткіштер	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
EBITDA, млн теңге	151 271,1	126 918,7	19,2%
Өнімдер мен көрсетілген қызметтерді өткізуден түскен табыс, млн теңге	418 900,8	397 765,7	5,3%
Өткізудің өзіндік құны, млн теңге	308 468,0	294 403,8	4,8%
Операциялық пайда, млн теңге	73 242,0	73 591,6	(0,5%)
Бір жыл ішіндегі пайда, млн теңге	111 555,0	36 501,0	205,6%
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ иелеріне қатысты жиынтық табыс, млн теңге	108 014,4	55 634,8	94,1%
Жыл соңындағы ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары, млн теңге	75 051,8	55 869,4	34,3%
Жарияланған дивидендтер, млн теңге	12 031	2 323,3	417,8%
EVA, млн теңге	(6 395,3)	(10 329,7)	(38,1%)

[1] «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2015-2016 жж. жалпы өткізу көлемі 1-қосымшада берілген.

3-кесте – Персонал және әлеуметтік сала (адам суреті бар белгіше) – G4-10, EC7

Көрсеткіштер	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Персонал			
Персонал саны, адам	25 819	26 764	(3,5%)
Персоналдың тұрақтамауы, %	8,0%	13,0%	(38,5%)
Оқыту сағаттарының бір жұмыскерге шаққандағы орташа жылдық саны, адам-сағат	31,2	33,4	(6,6%)
Әлеуметтік сала			
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, млн теңге	5 739,2	5 376,0	6,8%
Демеушілік және қайырымдылық көмек, млн теңге	0,0	104,1	(100,0%)

4-кесте – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (касканың немесе түтін мұржасының суреті бар белгіше)

Көрсеткіштер	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Еңбекті қорғау			
Жарақаттану жиілігі коэффициенті (1 000 жұмысшыға шаққандағы жарақаттану оқиғаларының саны)	0,34	0,34	0%
5 мЗв астам сәулеленудің жылдық тиімді дозасын алған персонал саны, адам	194	155	25,2%
Қоршаған ортаны қорғау			
Кәдеге жаратылған және жерге көмілген қалдықтардың жалпы салмағы, мың тонна	22,60	27,98	(19,2%)
Қайта пайдаланылатын судың көлемі, мың м³	19 783,6	29 559,8	(33,1%)

2016 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

АҚПАН

Даму стратегиясын, стратегиялық мақсаттарды, инновациялық және инвестициялық стратегияны анықтау, инвестицияларды жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет құрылды.

СӘУІР

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ConverDyn американдық компаниясы арасында Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжат жаһандық нарық үшін ядролық отын циклында байытуға арналған шикізат болып табылатын UF6 уран гексафториді түріндегі уранның бірлескен ұсынысын қалыптастыру мақсатындағы әріптестікті ұйғарады.

МАМЫР

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен канадалық Cameco корпорациясы «Инкай» БК қайта құрылымдау туралы келісімге қол қойды. Құжат таяудағы 30 жылға бірлескен жобалардың ары қарай дамуын айқындайды және жер қойнауын пайдалану келісім-шартының әрекетті мерзімін ұзартуды, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның «Инкай» БК» ЖШС-не қатысу үлесін 40%-дан 60%-ға дейін ұлғайтуды көздейді

2016 жылғы 4 мамырда Директорлар кеңесінің шешімімен 2016 жылға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Трансформация бағдарламасының жол картасы бекітілді.

МАУСЫМ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті құрылды. Комитет қызметінің негізгі бағыты – Компанияның еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі интеграцияланған саясатын әзірлеу.

ШІЛДЕ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен «Энергоатом» компаниясы 2017 жылғы қаңтар айында Украинаның АЭС үшін байытылған уран өнімін жеткізуге алғаш рет келісім-шарт жасасты.

ТАМЫЗ

Ameren Corporation және Luminant американдық компанияларымен уран концентратын жеткізуге жаңа келісім-шарттар жасалды.

ҚЫРКҮЙЕК

Нұрсұлтан Назарбаевтың ҚХР-ға жұмыс сапары барысында «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның еншілес компаниясы) мен CGNPC-URC компаниясы (CGNPC еншілес компаниясы) арасында Қытай компаниялары үшін қазақстандық отын таблеткаларын жеткізуге арналған құжаттарға қол қойылды. Тараптар 2016-2018 жылдарда 180 тонна өнімді жеткізу мерзімдерін, көлемін және тәртібін белгіледі, сондай-ақ 2024 жылға дейін қазақстандық отын таблеткаларын сатып алу жоспарлары мен көлемдерін келісті. Бұл уағдаластықтар орта мерзімдік перспективада «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-ның қолда бар өндірістік қуаттылықтарын жүктеуге мүмкіндік береді.

2016 жылғы 29 қыркүйекте Компанияның Директорлар кеңесі Өзара түсіністік туралы меморандум жасасу және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «Росатом» мемлекеттік корпорациясы және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ арасында ядролық отын циклы саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты кеңейту туралы шешім қабылдады. Тараптар бірлескен кәсіпорындардың қолданыстағы инфрақұрылымын пайдалана отырып, соның ішінде табиғи уранды өндіру, отынды конверсиялау, байыту, жасап шығару сегменттерінде және ЯОЦ соңғы сатысында әріптестік қатынастарды ары қарай дамытуға күш-жігерлерін жұмылдыруға келісті.

ҚАЗАН

Швейцарияның Цуг қаласында ТН Kazakatom трейдингтік компаниясы құрылды. Еуропаның орталығында трейдингтік компания құру нарықтағы өзгерістерге орай жедел әрекет етуге, сол арқылы маркетингтің тиімділігін арттыруға және нарықтағы өз қатысуын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Қытайдағы және РФ-дағы шетелдік өкілдіктерінің функцияларын «Самұрық-Қазына» қорының өкілдіктерімен біріктіру арқылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Қытайдағы, АҚШ-тағы және Ресейдегі өкілдіктері таратылды;

2016 жылғы 26 қазанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Мамин Асқар Ұзақпайұлы тағайындалды.

ҚАРАША

Француздық «Électricité de France» (EDF) энергетикалық компаниясы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да және «Орталық» ӨК» ЖШС-де «Өндірістің экологиялық қауіпсіздігіне және орнықты дамуға» аудит жүргізді.

ЖЕЛТОҚСАН

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның сатылымдардың жаңа құрылымына көшуге бағытталған жаңа Маркетингтік саясаты бекітілді;

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен EDF арасында уран концентратын жеткізуге ұзақ мерзімді келісім-шарт жасалды.

2016 жылғы 8 желтоқсандя Директорлар кеңесінің шешімімен 2016-2017 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Трансформация бағдарламасының жол картасы бекітілді. Трансформация бағдарламасы аясында жобаларды жүзеге асыру Компанияға 2025 жылға қарай 136 млрд теңгеден астам мөлшерде экономикалық пайда алып келеді деп жоспарлануда.

Компанияның негізгі нәтижелері

2016



KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

1

Уран өндіру көлемі бойынша әлемде I орын

U 92

Уран өндіру көлемі

13 187 тонна

Бериллий өнімін өндіру көлемі

Be 4

1747,3 тонна

Тантал өнімін өндіру көлемі

Ta 73

121,8 тонна

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Асқар Жұмағалиев

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның
Басқарма Төрағасы

Құрметті инвесторлар, серіктестер және әріптестер!

Компанияны ары қарай дамыту, сондай-ақ оның қызметінің тиімділігін, айқындығын және ашықтығын арттыру мақсатында біз корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларын белсенді түрде қабылдайтын боламыз. Қол жеткізілген табыстармен тоқтап қалмай, Компания алға қойылған мақсаттарына қарай сенімді түрде қадам басады.

Мен сіздерге біздің қызметіміздің негізгі көрсеткіштері ашып көрсетілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Біріктірілген жылдық есебін қуана ұсынамын.

2016-шы жыл біз үшін оқиғаларға толы жыл болып қана қоймай, сонымен қатар, барлық белгіленген жоспарларды орындаудың және бірқатар ірі жобаларды іске асырудың сәті түскен табысты жыл да болды. Уран өндіру нарығының қолайсыз жағдаяты аясында Компания өзінің әлемдегі көшбасшылық ұстанымдарын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар, орнықтылығын сақтап, жылды жоғары қаржылық нәтижелермен аяқтады және өз тарихындағы рекордты деңгейге қол жеткізді. Атап айтқанда, Компанияның таза пайдасын былтырғы жылмен салыстырғанда 3 еседен астамға арттырудың сәті түсіп, ол 110 млрд теңгеден астам шаманы құрады.

Компания үшін бұл – трансформация бағдарламасы аясындағы өзгерістердің алғашқы жылы. Қарқынды бәсеңдетпестен, біз бизнесті әртараптандыру және компания тиімділігін арттыру, сондай-ақ жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық бастамаларды жүзеге асыруымызды жалғастырдық.

Өткен жыл іскерлік кездесулерге толы болды, солардың нәтижесінде әлемнің жетекші атом компанияларымен өзара ықпалдасу туралы бірқатар уағдаластықтар мен келісімдерге қол жеткізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Компания, қытайлық CGNPC компаниясымен бірлесе отырып, атом саласындағы жоғары технологиялы озық жоба – жылу бөлгіш құрастырмалар шығаратын зауыт салуды іске асыруға кірісті. Жаңа кәсіпорын жыл сайын қытайлық АЭС үшін 200 тонна ядролық отын өндіретін болады. Және, ең маңыздысы, зауыттың алдағы 20 жылда өз өнімін өткізетін кепілді нарығы болады. Аспан асты еліндегі серіктестермен 2024 жылға дейін қытайлық компаниялар үшін қазақстандық отын таблеткаларын жеткізу туралы келісімге қол қойылды.

2016 жылы Компания екі жақты ынтымақтастық мәселелерінде белсенді роль атқаруын жалғастырды. Компания мен «CAMECO» корпорациясы «Инкай» БК» ЖШС қайта құрылымдау және бірлескен кәсіпорындағы Компания үлесін 2018 жылы 40%-дан 60%-ға дейін ұлғайту туралы келісімге келді. «Росатом» мемлекеттік корпорациясы, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ арасында Өзара түсіністік және ядролық отын циклы саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты кеңейту туралы меморандумға қол қойылды.

Мұнымен қатар, Компания «TH Kazakatom AG» трейдингтік компаниясын тіркеу процесін аяқтады. Клиенттерге жақындық, мәміле талаптарын айқындау кезіндегі сатылымдардың икемділігі және нарықтағы өзгерістерге жедел әрекет ету Компанияның маркетинг функцияларын едәуір күшейтуіне мүмкіндік береді.

Өнім желісін және әлеуетті өткізу нарықтарын әртараптандыру мақсатында 2016 жылы Ұлттық атом компаниясы ConverDyn компаниясымен Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Компанияның конверсиялық қызметтердің жетекші әлемдік провайдерімен әріптестігі әлемдік атом өнеркәсібі үшін бәсекеге қабілетті және сенімді UF6 интеграцияланған көзін қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жүргізілетін трансформация және бизнес шығындарын оңтайландыру аясында бейіндік емес активтер мен объектілерді өткізу, жою, қайта құру арқылы оларды қайта құрылымдау бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. 2016 жыл қорытындылары бойынша 17 бейіндік емес кәсіпорын Компания құрамынан шығарылды. Қабылданған шаралар негізгі қызмет түрлеріне жұмылуға, корпоративтік құрылымды оңтайландыруға және Компания құнын арттыруға мүмкіндік береді.

Жүзеге асырылған өзгерістердің арқасында бізге өз тиімділігімізді едәуір арттырудың сәті түсті. 2016 жылы трансформация бағдарламасын жүзеге асырудан болған экономикалық нәтиже 16 миллиард теңгеден астам соманы құрады. Бұл нәтижеге өндіруші және сервистік кәсіпорындардың қызметін трансформациялау, өндірісті автоматтандыру және жаңғырту, сатып алу және қойма қызметін оңтайландыру, сондай-ақ Компанияның шет елдердегі өкілдіктерін азайту есебінен қол жеткізілді.

Әлеуметтік бағдарланған аса ірі Компания бола отырып, біз әлеуметтік саясатты іске асыруға, жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға, қызметкерлер мен уран өндірілетін өңірлердегі тұрғындардың әл-ауқат деңгейін арттыруға, өндірістердегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны сақтауға баса назар аударамыз. Компанияның жұмсаған күш-жігерлерінің нәтижесінде әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 2015 жылғы 72%-дан 2016 жылғы 81%-ға дейін артты.

2016 жылы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға Компания 7,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. Компания кәсіпорындарында өндірістік қызметпен байланысты өлім оқиғалары тіркелмеген. Қоршаған ортаға теріс ықпалды барынша азайтуда және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде елеулі нәтижелерге қол жеткізілді: ластаушы заттардың жалпы жиынтық шығарындылары 2015 жылмен салыстырғанда 9%-ға азайды.

Компания қатысатын өңірлерін дамытуға тұрақты инвестиция салады және сатып алулардағы жергілікті қамту үлесін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады.

Компанияны ары қарай дамыту, сондай-ақ оның қызметінің тиімділігін, айқындығын және ашықтығын арттыру мақсатында біз корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларын белсенді түрде қабылдайтын боламыз. Қол жеткізілген табыстармен тоқтап қалмай, Компания алға қойылған мақсаттарына қарай сенімді түрде қадам басады.

Осыған орай солардың ыждаһатты еңбектерінің арқасында Компания көп жылдар бойы уран өндіру бойынша біріншілік жүлдесін уысынан шығармай келе жатқан Компания жұмыскерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа биіктерді бағындыра берулеріңізге тілектеспін! **G4-1**

1. ЕСЕП ТУРАЛЫ

1.1 Есептің мазмұнын және аспектілерінің шекараларын белгілеу қағидалары..... 16
1.2 Маңызды аспектілер мен оларды анықтау тәртібі..... 17
1.3 Стандарттар мен нұсқаулықтар..... 22
1.4 Сыртқы куәландыру..... 23

2011 жылдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның алтыншы Біріктірілген жылдық есебі.

2016 жылғы 1 қаңтардан 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алғандағы кезең деректерін, сондай-ақ көрсеткіштердің өзгеру динамикасын көрсету мақсатында алдыңғы кезеңдер мен болжамдық мәндерді қамтиды. **G4-28**

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Компанияның ішкі талаптары мен регламенттеріне және корпоративтік басқарудың халықаралық практикаларына сәйкес, негізгі деректерді ашып көрсетеді.

Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша **G4** (GRI) нұсқаулығын қолданудың «Негізгі» нұсқасына сәйкес дайындалды.

[1]«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2015 жылғы біріктірілген есебі 2016 жылғы шілде айында жарияланды. **G4-29**

1.1 ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН ЖӘНЕ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Осы Есепті даярлау кезінде Компания GRI ұсынған Есептің мазмұнын белгілеу қағидаларын басшылыққа алды:

Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу

Мүдделі тараптардың пікірлері Есепте ашылуы тиіс маңызды аспектілерді анықтауда негізге алынды. Егжей-тегжейлі ақпарат ары қарай бөлімде көрсетілген.

Орнықты даму мәнмәтіні

Осы Есеп Компания қызметін дамудың және Компанияға ықпал етудің кең ауқымды мәнмәтінінде ашып көрсетеді. Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері егжей-тегжейлі зерделенеді. Есеп орнықты даму саласындағы есептілік бойынша G4 (GRI) нұсқаулығын қолданудың «Негізгі» нұсқасына сәйкес келеді.

Маңыздылық

Осы Есепте Компания мүдделі тараптарға елеулі ықпал ететін және экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға айтарлықтай әсер ететін аспектілер бойынша ақпаратты ашады. Маңызды аспектілердің тізбесі мен оларды анықтау тәртібі ары қарай бөлімде көрсетілген.

Толықтық

Компания өз қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты барынша толық ашып, Есеп пен жекелеген аспектілер (қолдануға болатын жерлерде) шеңберін барынша түсінікті етіп көрсетуге тырысты, сондай-ақ есепті кезеңді көрсетті. Есепке Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдары бойынша (бұдан әрі мәтін бойынша – ЕТҰ) қаржылық және қаржылық емес деректер енгізілді. **G4-17 G4-18**

Қаржылық көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетілді және қысқартылған нұсқасы осы Есептің Қосымшасы мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сайтында ұсынылған аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігіне (ҚЕХС стандарттары бойынша) сәйкес келеді. Қаржы есептілігінің толық нұсқасы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сайтында берілген.

Есеп «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның өзі резиденті болып табылатын ел – Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ одан тыс жерлердегі жобаларымен байланысты қаржылық және қаржылық емес қызметін қамтып көрсетеді.

Қаржылық емес көрсеткіштер көбіне Компанияның иелену үлесі 50 және одан көп пайызды құрайтын еншілес және тәуелді ұйымдар бойынша ашып көрсетілген.

Осы Есепте Компания қамту ауқымы мен аспектілерінің шекаралары бойынша елеулі өзгерістер қолданбады. **G4-23**

Осы Есепте қайта тұжырымдалған немесе алдыңғы есептіліктен өзге тұжырымдар жоқ. **G4-22**

1.2 МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР МЕН ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

Компания Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша G4 (GRI) нұсқаулығында және оның салалық нұсқауларында (GRI Тау-кен және металлургиялық секторлар үшін салалық ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулығы) ұсынылған барлық аспектілерді зерделеді. Мүдделі тараптардың пікірлері талданып, Компания аспектілерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпалы бойынша сараптамалық бағалаулар ескерілді.

Маңыздылықтың бағасы аспектінің мүдделі тараптарға және Компанияның осы аспект бойынша экономикалық, экологиялық немесе әлеуметтік салаға тигізетін ықпалын негізге ала отырып айқындалды. **G4-18**

Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша G4 (GRI) нұсқаулығында ұсынылған аспектілерден басқа, Компания мүдделі тараптардың пікірлеріне тәуелсіз міндетті түрде ашып көрсетілетін өзінің қосымша аспектілерін де қосты. Мұндай аспектілер мен көрсеткіштер Есепте ҚАӨ1, ҚАӨ2, ҚАӨ3, ҚАӨ4 деп белгіленген.

Қарастырылатын аспектілердің толық тізбесі, сондай-ақ атап көрсетілген маңызды аспектілер мына тізімде келтірілген.

EC – «Экономикалық» санаты
1. Экономикалық нәтижелілік
2. Нарықтарға қатысу
3. Жанама экономикалық ықпалдар
4. Сатып алу практикалары

EN – «Экологиялық» санаты
5. Материалдар
6. Энергия
7. Су
8. Биологиялық алуан түрлілік
9. Шығарындылар
10. Лақтырындылар мен қалдықтар
11. Өнім және көрсетілетін қызметтер
12. Талаптарға сәйкестік
13. Көлік
14. Жалпы ақпарат
15. Жеткізушілерді экологиялық бағалау
16. Экологиялық проблемаларға шағым келтіру тетіктері

LA – «Әлеуметтік» санаты / «Еңбек қатынастары саласындағы практика және лайықты еңбек»
17. Жұмыспен қамту
18. Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары
19. Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
20. Даярлау және білім беру
21. Әр түрлілік және тең мүмкіндіктер
22. Әйелдер мен ерлер үшін тең сыйақы
23. Жеткізушілердің еңбек қатынастары саласындағы практикасын бағалау
24. Еңбек қатынастары саласындағы практикаға шағым келтіру тетіктері

HR – «Әлеуметтік» санаты / «Адам құқықтары»
25. Инвестициялар
26. Кемсітушілікке жол бермеу
27. Қауымдасу және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
28. Балалар еңбегі
29. Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек
30. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы
31. Тұрғылықты және саны аз халықтардың құқықтары
32. Бағалау
33. Жеткізушілер тарапынан адам құқықтарының сақталуын бағалау
34. Адам құқықтарының бұзылуына шағым келтіру тетіктері

SO – «Әлеуметтік» санаты / «Қоғам»
35. Жергілікті қоғамдастықтар
36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету
37. Мемлекеттік саясат
38. Бәсекелестікке тосқауыл қою
39. Талаптарға сәйкестік
40. Жеткізушілердің қоғамға тигізетін ықпалын бағалау
41. Қоғамға жасалатын ықпалға шағым келтіру тетіктері

SO/MM* – «Әлеуметтік» санаты / «Қоғам» / «Тау-кен және металлургия секторларындағы кәсіпорындар үшін салалық ақпаратты ашу»
42. Төтенше жағдайлар мен апаттар кезіндегі іс-әрекеттер жоспары
43. Кәсіпшілік және Шағын кеніштер
44. Қоныс аудару
45. Кеніштерді жабу

PR – «Әлеуметтік» санаты / «Өнім үшін жауапкершілік»
46. Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі
47. Өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді таңбалау
48. Маркетингтік коммуникациялар
49. Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық
50. Талаптарға сәйкестік

PR/MM* – «Әлеуметтік» санаты / «Өнім үшін жауапкершілік» / «Тау-кен және металлургия секторларындағы кәсіпорындар үшін салалық ақпаратты ашу»
51. Материалдарды басқару

ҚАӨ** – Аспектілер / Компания қосымша ашып көрсететін көрсеткіштер
52. ЯОЦ-дағы орны
53. Әлемдік уран нарықтары
54. Бизнесті трансформациялау
55. Шикізат базасын дамыту

* - MM (Mining and Metals) – «Тау-кен және металлургия секторларындағы кәсіпорындар үшін салалық ақпаратты ашу»
** - ҚАӨ – Аспектілер / Компания қосымша ашып көрсететін көрсеткіштер
Аспектілердің маңыздылығын айқындау нәтижелері мына диаграммада көрсетілген. **G4-19**

1-диаграмма. Компанияның маңызды аспектілері



ҚАӨ – Аспектілер/Компания қосымша ашып көрсететін көрсеткіштер

LA – «Әлеуметтік» санаты / «Еңбек қатынастары саласындағы практика және лайықты еңбек»

EN – «Экологиялық» санаты

EC – «Экономикалық» санаты

Маңызды аспектілердің тізбесі төменде келтірілген:

EC – «Экономикалық» санаты

1. Экономикалық нәтижелілік
2. Нарықтарға қатысу
3. Жанама экономикалық ықпалдар
4. Сатып алу практикалары

LA – «Әлеуметтік» санаты / «Еңбек қатынастары саласындағы практика және лайықты еңбек»

17. Жұмыспен қамту
18. Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары
20. Даярлау және білім беру
21. Әр түрлілік және тең мүмкіндіктер
22. Әйелдер мен ерлер үшін тең сыйақы

EN – «Экологиялық» санаты

6. Энергия
7. Су
9. Шығарындылар
10. Лақтырындылар мен қалдықтар
12. Талаптарға сәйкестік
14. Жалпы ақпарат

ҚАӨ – Аспектілер/Компания қосымша ашып көрсететін көрсеткіштер

52. ЯОЦ-дағы орны
53. Әлемдік уран нарықтары
54. Бизнесті трансформациялау
55. Шикізат базасын дамыту

Анықталған маңызды аспектілердің барлығы Компанияның өзі үшін де (ұйым ішінде), сондай-ақ мүдделі тараптар үшін де (ұйым шегінен тыс) маңызды. **G4-20, G4-21**

Мүдделі тараптардың тізбесі және олармен өзара ықпалдасу тәсілдері осы Есептің жеке бөлімінде берілген.

1.3 СТАНДАРТТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР

Осы Есеп Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Компанияның ішкі құжаттары мен регламенттеріне және корпоративтік басқарудың халықаралық практикаларына сәйкес негізгі деректерді ашып көрсетеді. Осы Есепті құрастыру кезінде мына құжаттар ескерілді:

- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен бекітілген Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары;
- Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша G4 (GRI) нұсқаулығы:
    a. Есептілікті даярлау қағидаттары және есептіліктің стандартты элементтері;
    b. Қолдану жөніндегі нұсқаулық.
- Басқарманың 2016 жылғы 26 мамырдағы № 155 шешімімен бекітілген «Бұқаралық ақпарат құралдарында «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының ақпаратын ашу ережелері»;

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі және ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 239 қаулысымен енгізілген өзгертулер.

1.4 СЫРТҚЫ КУӘЛАНДЫРУ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Есепте ұсынылған ақпараттың GRI стандарттарына сәйкестігін растау үшін конкурстық негізде тәуелсіз тарапты тартты. Компания мен Есепті куәландыратын ұйымның арасындағы қатынастар – шарттық қатынастар.

Жариялау алдында Есепті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді. Орнықты даму жөніндегі ақпараттың GRI G4 нұсқаулығының талаптарына сәйкестігіне қатысты сыртқы қорытынды осы Есептің Қосымшасында берілген. **G4-33**

2. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

2.1 Компания қызметінің бейіні 21
Компания қызметінің бағыттары 21
Өнімнің негізгі сипаттамалары 21
2.2 Компанияның тарихы 22
2.3 Компания активтерінің құрылымы 24
2.4 Географиясы және қатысатын нарықтары 26
Табиғи уран нарығы 27
Жерде сирек кездесетін металдар (ЖСМ) нарығы 28
Фотовольтаика нарығы 29
2.5 Қауымдастықтарға қатысу және халықаралық қағидаттарды ұстану 30

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ

Әлем бойынша уран өндіру жөнінен көшбасшылық ұстанымды сақтап қалу. Табиғи уран саудасында әлемдік көшбасшы болу. Азия өңірінде ядролық отын мен оның компоненттерін жеткізушілер қатарына ену.

Бүгінгі таңда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ –

- Уран өндіру жөнінен әлемдегі №1 компания;
- Бас офисі Астана қаласында орналасқан, Қазақстан Республикасының уранды, сирек кездесетін металдарды, атом электр станциялары үшін ядролық отынды, арнайы жабдықты, технологиялар мен қосарлы мақсаттағы материалдарды импорттау және экспорттау жөніндегі ұлттық операторы;
- 25,8 мыңға жуық жұмыскерлері бар;
- Жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылатын компания;
- Қазақстанның алты өңірінің (Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Ақмола және Алматы облыстары) аумағында, сондай-ақ шет елдерде – АҚШ-та, Қытайда, Ресейде, Ұлыбританияда, Украинада, Германияда және Швейцарияда әрекет ететін қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, 59 кәсіпорыннан тұратын компаниялар тобы;
- Ядролық отын циклының негізгі буындарына қатысу:
  - Табиғи уранды өндіру және байыту;
  - Уран өнімін: табиғи уран концентратын, керамикалық сұрыптағы уран диоксидінің ұнтақтарын, отын таблеткаларын шығару. **G4-3, G4-4, G4-6**

2.1 КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ БЕЙІНІ

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ:

- геологиялық барлау жұмыстары;
- табиғи уран өндіру;
- уран өнімі: табиғи уран концентраты, керамикалық сұрыптағы уран диоксидінің ұнтақтары, отын таблеткалары;
- кварц, металлургиялық кремний, фотоэлектрлік ұяшықтар мен тілімшелер;
- энергияның жаңғыртылатын көздері: фотоэлектрлік модульдер;
- жерде сирек кездесетін металдардың ұжымдық концентраты;
- бериллий, тантал, ниобий өнімдері;
- электр және жылу энергиясын шығару;
- ғылым, әлеуметтік қамтамасыздандыру және кадрларды даярлау
- байланыс қызметтері;
- дистиллят, ыстық, техникалық және ауыз суды өндіру. **G4-4**

ӨНІМНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

Уран өнімі	уранды өндіру, уран өнімін қайта өңдеу және сату түрінде көрсетілген;
Бериллий өнімі	бериллийден жасалған бұйымдарды өндіру және сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер түрінде көрсетілген;
Тантал өнімі	танталдан жасалған бұйымдарды өндіру және сату, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер түрінде көрсетілген;
Энергетикалық ресурстар	электр энергиясын, жылу энергиясын және суды өндіру және сату түрінде көрсетілген;
Баламалы энергетика	баламалы энергетикаға арналған жабдықты өндіру және сату түрінде көрсетілген;
Өзге де операциялар	өзге өнімдерді өндіру және сату, негізгі өндіріс үшін көрсетілетін қызметтерді ұсыну түрінде көрсетілген. **G4-4**

2.2 КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫ

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясын құру туралы» Жарлығына сәйкес, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын жабық акционерлік қоғам түрінде құрылды. **G4-7**

Алғашқыда Компания құрамына «Волковгеология» геологиялық барлау компаниясы, үш кен басқармасы (Степное, Центральное, Шестое) және Үлбі металлургиялық зауыты (бұдан әрі мәтін бойынша – ҮМЗ) кірді.

1999 1999 жылы Қазақстан АҚШ-тағы демпингке қарсы процесте жеңіске жетті, ал 2000 жылға қарай Компания АҚШ және Еуропа нарықтарына қазақстандық уранды сатуға қойылған шектеулерді толығымен алып тастауға қол жеткізді. Соның нәтижесінде табиғи уранды экспорттау географиясы едәуір кеңейді. 2000 жылы ҮМЗ «Дженерал Электрик» (АҚШ) компаниясы үшін керамикалық сұрыптағы уран диоксиді ұнтақтарының ресми сертификатталған жеткізушісі болды.

2003 Компания бериллий өнімдері бойынша әлемдегі жалпы өндірістің 29% бақылауымен екінші орынға және тантал индустриясында төртінші орынға шықты.

2008 Компания мен қытайлық China National Nuclear Corp (CNNC) және China Guangdong Nuclear Power Co (CGNPC) энергетикалық корпорациялары арасында стратегиялық әріптестік туралы келісімдерге қол қойылды.
2008 жылғы 23 желтоқсанда Компания Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсында «Жылдың ең үздік әлеуметтік жобасы» номинациясы («Ірі кәсіпкерлік субъектісі» санаты) бойынша жеңімпаз атанды. Компания үшін бұл оның орнықты даму саласындағы қызметін алғаш рет ресми мойындау болды.

2009 Қазақстан уран өндіру бойынша әлемде бірінші орынға шықты, ал «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 2010 жылдан бастап уран өндіру көлемі жөнінен уран өндіруші компаниялардың арасында әлемдік көшбасшы ұстанымын сақтап келеді.

2014 РФ-дағы түпкі тұтынушының атына Степногорск қаласындағы «SARECO» БК» ЖШС зауытында шығарылған ЖСМ ұжымдық концентратының бірінші партиясы жөнелтілді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен Қытайдың бас ядролық-энергетикалық корпорациясы (China General Nuclear Power Corporation – CGNPC) арасында ядролық энергетика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету туралы келісімге қол қойылды. Келісім аясында Қазақстанда қытайлық АЭС қажеттіліктері үшін жылу бөлгіш құрастырмалар шығаратын бірлескен кәсіпорын құру жоспарланды.

2015 2015 жылғы 19 қаңтарда Лондонда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен халықаралық банктер арасында 450 млн АҚШ доллары сомасына кредиттік келісімге қол қойылды.
2015 жылғы 20 мамырда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 2010 жылғы мамыр айында 5 жыл мерзімге орналастырылған 500 млн АҚШ доллары сомасындағы еурооблигациялар шығарылымын өтеді.
2015 жылғы қараша айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен Électricité de France (EDF) қазақстандық табиғи уранды жеткізуге келісім-шарт жасады.
Директорлар кеңесінің 20.11.2015 ж. № 15/15 шешімімен 2015-2017 жылдарда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерін қайта құрылымдау жоспары (бейиндік емес және қосалқы ұйымдарды шығару) бекітілді.
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ өзара тиімді ынтымақтастық туралы меморандум жасасты, ол бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ халықаралық көрменің Әріптесі болуға ниет білдіреді.

Қазақстандағы атом өнеркәсібі іс жүзінде КСРО-да атом энергиясын игеру дәуірімен бірге қалыптасты.

Қазақстанға атомдық технологияларды дамытуда ерекше роль берілді. Дәстүрлі түрде КСРО-дағы пайдалы қазбалардың қоймасы бола тұра, еліміз Кеңес Одағының атом-энергетикалық өндірістік кешенінің кәсіпорындары үшін жетекші шикізат жеткізуші болды. Сол жылдары Волков геологиялық барлау экспедициясы (қазіргі «Волковгеология» АҚ) мен ядролық отын компоненттерін өндіретін бірегей Үлбі металлургиялық зауыты («ҮМЗ» АҚ) құрылды.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігі туралы жариялап, саяси тұрғыдан дербес мемлекетке айналды. Кеңестік атом өнеркәсібінің Қазақстан аумағындағы барлық кәсіпорындары Республика Үкіметінің иелігіне өтті. КСРО ыдыраған соң Қазақстан қуаттылығы жөнінен әлемдегі төртінші ядролық әлеуетті иеленген ядролық державаға айналды, бірақ халық референдумынан кейін Қазақстан ядролық қарудан бас тартты.

5-кесте –
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ»
АҚ активтер құрылымы
G4-9

KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

II деңгейлі 45 ЕТҰ

Уран өнімін өндіру және қайта өңдеу — 16

- «Орталық» ӨК» ЖШС — 100 %
- «АППАҚ» ЖШС — 65 %
- «Семізбай-U» ЖШС — 51 %
- «Қаратау» ЖШС — 50 %
- «Ақбастау» АҚ — 50 %
- «Заречное» БК АҚ — 50 %
- «Катко» БК ЖШС — 49 %
- «Инкай» БК ЖШС — 40 %
- «Қызылқұм» ЖШС — 30 %
- «Қорасан-U» ЖШС — 34 %
- «Бетпақ Дала» ЖШС — 30 %
- «ОТХК» ЖШС — 30 %
- «Байкен-U» ЖШС — 5 %
- «РУ-6» ЖШС — 100 %
- «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС — 100 %
- «Буденовское» БК ЖШС — 51 %

Ядролық отын циклы және металлургия — 6

- «ҮМЗ» АҚ — 90 %
- «УБО» АҚ — 50 %
- «ХУБО» АҚ — 10 %
- «УкрТВС» ЖАҚ — 33 %
- TNEH US, inc — 10 %
- TNEH UK, lim — 10 %

СМ және ЖСМ — 3

- «Sareco» ЖШС — 51 %
- «Қызылту» ЖШС — 76 %
- «КТ Сирек металл компаниясы» ЖШС — 51 %

Атом энергетикасы және баламалы энергетика — 7

- «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС — 100 %
- «КРКАС» АҚ — 50 %
- «Astana Solar» ЖШС — 100 %
- «Kazakhstan Solar silicon» ЖШС — 100 %
- «Kaz Silicon» МК» ЖШС — 100 %
- «Уранэнерго» ЖШС — 46 %
- «ҚАЭС» АҚ — 100 %

Ғылым, инжиниринг және білім беру — 2

- «ЖТИ» ЖШС — 100 %
- «КАС» ЖШҚ — 50 %

Өндірістік-қосалқы кешен — 10

- «Волковгеология» АҚ — 65 %
- 2-ші қатысушы «ҮМЗ» АҚ — 25 %
- «Қорған-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС — 100 %
- «Байланыс-ҰАК» ЖШС — 100 %
- «ҚАӨ ККЗ» БК ЖШС — 10 %
- «Каустик» АҚ — 40 %
- «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС — 93 %
- «СКЗ-U» ЖШС — 49 %
- «ТН Kazakatom AG» АҚ — 100 %
- «Қазатомөнеркәсіп-сорбент» ЖШС — 51 %
- «Геотехносервис» ЖШС — 100 %

Әлеуметтік сала және консалтинг — 1

- «Қазатомөнеркәсіп Даму» ЖШС — 74%

2.3 КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде саланың 59 кәсіпорнында қатысу үлесі бар ірі холдинг болып табылады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тобының еншілес және тәуелді ұйымдары атом өнеркәсібінің әр түрлі секторларында және ядролық отын циклының әр түрлі сатыларында ұсынылған. 2016 жылы Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 15/15 шешімімен бекітілген 2015-2017 жылдарда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерін қайта құрылымдау жоспары (бейіндік емес және қосалқы ұйымдарды шығару) және ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында Компания тобынан 17 бейіндік емес және қосалқы активтер шығарылды, атап айтқанда, 7 сатылды, 5 қайта құрылды және 5 кәсіпорын таратылды, бұл жиынтығында мынадай қорытындыға алып келді:

- 17 ЕТҰ шығарылды;
- басқару деңгейлері 4-тен 3-ке дейін қысқартылды;
- бейіндік емес активтерден келетін залал 38 млрд теңгеге азайтылды;
- EVA өсімі қамтамасыз етілді + 4 млрд теңге.

G4-13

Бұдан басқа, 2016 жылы 1 кәсіпорын сатылды (2017 жылы қайта тіркеледі) және 2017 жылы қосымша 6 кәсіпорынды қайта құру және тарату туралы шешімдер қабылданды.

Сондай-ақ 2 жаңа кәсіпорын: «Буденовское» БК» ЖШС және «ТН Kazakatom AG» АҚ тіркелді, «Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ-дағы 100% қатысу үлесі сатып алынды.

2.4 ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСАТЫН НАРЫҚТАРЫ

Ресурстық базаның үнемі кеңейіп отыруы және өндірістік процестердің жетілдірілуі Компанияның әлемдік уран нарығында жетекші ұстанымды иеленіп, жылдан-жылға табысын арттыра түсуіне мүмкіндік береді.

Компания Еуропаның, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азияның, Солтүстік Американың нарықтарына қатысады. Қызмет көрсететін негізгі секторлары – энергетика, атомдық және электрондық өнеркәсіп, металлургия, телекоммуникациялар және ғылыми-зерттеу қызметі. Компания өнімін тұтынушылардың негізгі санаттары – атом, жерде сирек кездесетін және сирек металл салаларындағы аса ірі әлемдік компаниялар. **G4-8**

Компания әлемдік уран нарығына және қосалқы нарықтарға ынтымақтастықтың әр түрлі нысандары арқылы белсенді қатысып келеді::

- Уран өндіру және өңдеу саласындағы бірлескен жобалар;
- ЯОЦ-дағы бірлескен жобалар;
- Уранды тікелей жеткізу;
- Бірлескен ғылыми-зерттеу қызметі;
- Жаңғыртылатын энергетика;
- СМ және ЖСМ (соның ішінде бериллий, тантал және ниобий) саласындағы бірлескен жобалар.

Компанияның Қазақстан өңірлеріне қатысуы негізінен уран рудасы кен орындарының, өңдеу өндірістерінің орналасуымен, сондай-ақ Компанияның корпоративтік орталығы мен ғылыми-зерттеу және әлеуметтік объектілерінің орналасуымен белгіленген. **G4-6**

Компания табиғи уран нарығында, сондай-ақ жерде сирек кездесетін металдар (ЖСМ) нарығында аса белсенді ұсынылған.

Компания сондай-ақ «Astana Solar» ЖШС зауытында француздық компаниялармен бірлесе отырып, KazPV қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдерді өндіру жобасын іске асырып, фотовольтаика нарығына да қатысады.

Уранды бірлесіп өндіру және қайта өңдеу:	Уранды жеткізу:	ЯОЦ-дағы бірлескен жобалар:	Ғылыми-зерттеу қызметі:	Возобновляемая энергетика:	СМ және ЖСМ саласындағы бірлескен жобалар:	Трейдингтік қызмет
Ресей Канада Франция Қытай Жапония	Қытай АҚШ Оңт. Корея ЕО елдері Үндістан Украина Канада	Ресей Канада Франция	Ресей Франция Германия Оңт. Корея	Жапония Франция Германия	Жапония Ресей Германия Қытай Франция	Швейцария

1-сурет. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ынтымақтастығының географиясы G4-8



ТАБИҒИ УРАН НАРЫҒЫ

Қолданыстағы реакторлардың қажеттіліктері 2016 жылы АЭХА ресми сайтының деректері бойынша 63,4 мың тонна U құрады. 2015 жылмен салыстырғанда, реакторлардың қажеттіліктері 3,5 мың тонна U шамасына азайды (2015 ж. – 66,9 мың тонна U), ал 2016 жылғы әлемдік уран өндіру 2015 жылмен салыстырғанда 1,9 мың тонна U шамасына артып, 62,9 мың тонна U құрады (2015 жыл – 61 мың тонна). Қосымша көздерді есепке алғанда, ұсыныстың сұраныстан асуы қазіргі уақытта 15 мың тоннаға жуық шаманы құрайды, бұл ядролық отынның әлемдік нарығындағы бағаларды айтарлықтай төмен деңгейде ұстап тұрады. Уранға споттық баға 2016 жылдың басынан бастап 48%-ға төмендеді. Нарықтық бағалардың едәуір төмендеуі өндіріс көлемінің қысқаруына алып келді, өйткені жеткізушілердің көбінде өндірудің өзіндік құны ағымдағы нарықтық бағалар деңгейінен асып түседі. Компанияның табыстылығы негізінен осыған дейін жасалған ұзақ мерзімді келісім-шарттар есебінен ұсталып тұр. Табиғи уранның әлемдік нарығында бұрынғысынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, Cameco, AREVA, Росатом компаниялары жетекші өндірушілер болып қалып отыр – осы компаниялар атом энергетикасының әлемдік қажеттіліктерінің 60%-дан астамын қамтамасыз етеді. ҚАӨ2

Бұл ретте уран өндірудің толық интеграцияланған тізбегін нарыққа үш атом алыбы – AREVA, Росатом, CNNC ұсынады.

2016 жыл табиғи уранға бағаның елеулі ауытқуымен ерекшеленді: уранға споттық бағаның Ux Consulting және TradeTech индикаторлары жыл басында тиісінше 34,50 және 34,20$/фунт U_3O_8 құрады. Жыл бойы мынадай баға ауытқуы орын алды: ең жоғары мәні қаңтар айының орта шеніне келді, онда споттық индикатор 34,75$/фунт U_3O_8 белгісіне жетті, ал ең төменгі мән желтоқсан айының басында – 17,75$/фунт U_3O_8 болды. Жыл соңында уранға споттың баға индикаторлары (Ux Consulting және TradeTech) 20,25$/фунт U_3O_8 құрады. 2016 жылы, орташа есеппен алғанда, споттық баға индикаторы 26,13$/фунт U_3O_8 құрады. ҚАӨ2

Ұзақ мерзімді перспективада уран нарығының даму болжамы оң сипатқа ие, өйткені әлемде Қытайдағы, Ресейдегі, Үндістандағы реакторлардың қарқынды құрылысы есебінен атом энергетикасының даму қарқыны сақталып отыр. ҚАӨ2

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның уран өнімінің 100%-ы экспортталады. Компания тобының келісім-шарттары бойынша экспорттау көлемі (бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың келісім-шарттарын есепке алғанда) 2016 жылы концентрат түріндегі уранның 23,6 мың тоннасын құрады, бұл 2015 жылғыдан (23,7 мың тонна) 0,1 мың тоннаға азырақ.

6-кесте – U_3O_8 споттық бағасының апта сайынғы индикаторлары

U_3O_8 споттық бағасының апта сайынғы индикаторлары	2016 ж. соңы	2016 ж. басы	Өзгеріс
UxC	20,3 $/фунт$U_3O_8$	34,5 $/фунт$U_3O_8$	(41,2%)
TradeTech	20,3 $/фунт$U_3O_8$	34,2 $/фунт$U_3O_8$	(0,6%)

7-кесте – U_3O_8 ұзақ мерзімді бағасының апта сайынғы индикаторлары

U_3O_8 ұзақ мерзімді бағасының апта сайынғы индикаторлары	2016 ж. соңы	2016 ж. басы	Өзгеріс
UxC	30,0 $/фунт$U_3O_8$	44,0 $/фунт$U_3O_8$	(31,8%)
TradeTech	34,0 $/фунт$U_3O_8$	44,0 $/фунт$U_3O_8$	(22,7%)

2-диаграмма. 2016 жылғы әлемдік уран өндірудегі компаниялар үлесі.



ЖЕРДЕ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН МЕТАЛДАР (ЖСМ) НАРЫҒЫ

Argus* деректері бойынша, ЖСМ әлемдік қорлары 130 млн теңге TREO (ЖСМ оксидтерінің сомасы) болып бағаланады. Қытайда ЖСМ әлемдік қорларының шамамен 40%-ы шоғырланған. Бұл ретте Қытайдың әлемдік ЖСМ өндірудегі үлесі 2016 жылы 83,2%-ды құрады. Салыстырмалы түрде ірі кен орындары Бразилияда орналасқан, оларда әлемдік ЖСМ қорларының шамамен 20%-ы жинақталған. Австралия, Үндістан және АҚШ әлемдік ЖСМ қорларының 1-2%-ын иеленеді.

ЖСМ мен олардың қосылыстары олардың өнеркәсіптің мұнай химиясы, электроника, шыны өнеркәсібі, керамика өнеркәсібі және металлургия сияқты салаларында кеңінен қолданылуын қамтамасыз ететін қасиеттер кешеніне ие.

Қазіргі уақытта ЖСМ нарығының 60%-дан астамы тұрақты магниттерге тиесілі, оларды өндіруде ең көп сұранысқа ие болып отырған тапшы ЖСМ: неодим, празеодим және диспрозий пайдаланылады.

Жерде сирек кездесетін металдардың жаһандық нарығы жедел қарқынмен даму үстінде. Соңғы 50 жылда оның көлемі 25 еседен астамға ұлғайды.

Бұл ретте әлемдік расталған қорларда ЖСМ жеңіл тобының үлесіне ЖСМ бүкіл қорларының 93%-ға жуығы тиесілі, ЖСМ орташа және ауыр тобының үлесі бар-жоғы 7%-ға жуық шаманы құрайды.

Компания үшін ЖСМ негізгі элементтері тантал мен бериллий болып табылады. Тантал-ниобий және бериллий өндірістері «ҮМЗ» АҚ базасында өріс алған және әлемдегі ең ірі өндірістердің бірі болып табылады. ҚАӨ2

Тантал нарығы тапшылықтан артық ұсынысқа дейін жылдам өзгеру қабілетін көрсетеді.

Сарапшылардың пікірінше, бұл белгісіздік ақырғы тұтыну салаларының (электроника, авиақұрылыс) кезеңділігіне, шикізат нарығының тапшылығы мен алыпсатарлық сипатына, өткізу арналарының жабықтығына байланысты болып отыр.

Әлемде тантал өндіруші кәсіпорындардың жалпы саны 2015 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ – әлемдік нарықта тантал өндірісінің толық циклымен жұмыс істейтін барлығы бес кәсіпорын ұсынылған:

1. Ningxia Non-ferrous Metals Smelter (Қытайдағы зауыт)

2. DuoLuoShan (Қытай)

3. «ҮМЗ» АҚ (Қазақстан)

4. H.C.Starck (Германиядағы, АҚШ-тағы, Таиландтағы және Жапониядағы зауыттар)

5. GAM Technology (АҚШ-тағы және Жапониядағы зауыттар)

Жоғары мамандандырылған бериллий нарығы жоғары шоғырлану деңгейімен және жабықтығымен сипатталады. Нарыққа өндірушілердің азғантай саны қатысады, оның үстіне, осы стратегиялық металдың негізгі тұтынушысы қорғаныс өнеркәсібі болып табылады. Бериллийдің бірегей табиғи қасиеттері сондай-ақ аэроғарыш, авиация, атом, металлургия өнеркәсіптерінде қолданылады.

Бериллийдің бағасы ашық көздерде көрсетілмейді, биржаларда металдың бағасы белгіленбейді. Бериллийдің әлемдік нарығы бұрынғысынша рудадан бастап қорытпаға дейінгі бериллий өндірісінің толық циклымен жұмыс істейтін үш негізгі өндірушімен ұсынылған, олар – Materion Corp. (АҚШ), «ҮМЗ» АҚ (Қазақстан) және SKS (Қытай). ҚАӨ2

ФОТОВОЛЬТАИКА НАРЫҒЫ

Күн энергиясы жекелеген жобаларда көмірмен және газбен салыстырғанда барған сайын бәсекеге қабілеттірек болып келеді.

ClimateScope мәлімдеуінше, энергияның жаңғыртылатын көздері алғаш рет 2016 жылы өнеркәсіптік ауқымда қазбалы отыннан асып түсті, сондай-ақ жаңа күн жобалары жаңа жел жобаларынан арзанырақ болуда.

GlobalData консалтингтік компаниясының деректеріне сәйкес, 2016 жылы әлемде жалпы қуаттылығы шамамен 70 гигаватт болатын күн электр станциялары орнатылды.

Бұл қалған әлемнің көрсеткіштерінен қатты өзгешеленеді, өйткені фотоэлектрлік күн энергетикасының жаһандық ауқымдағы өсімі (Еуропаны қоса алғанда) 50%-ға немесе 76,1 ГВт-қа жетті, ал 2015 жылы ол 51,2 ГВт-ты құраған болатын.

KazPV жобасы

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдерді өндіру жобасын (KAZ PV жобасы) іске асырады.
- Фотоэлектрлік модульдерді өндіру кластеріне отандық үш кәсіпорын енді: «KazSilicon» металлургиялық комбинаты» ЖШС (кварц өндіру және жақсартылған сападағы кремний өндірісі), «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС (қуаттылығы 60 МВт фотоэлектрлік пластиналар мен ұяшықтарды шығару) және «Astana Solar» ЖШС (қуаттылығы 50 МВт фотоэлектрлік модульдерді шығару).

* Argus – халықаралық ақпараттық агенттік.

2.5 ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРДЫ ҰСТАНУ

Компания ядролық энергетиканың кәсіби қоғамдастығына белсенді қатысады.

Бүгінгі таңда Компания мына салалық кәсіби ұйымдардың мүшесі болып табылады **G4-16:**

World Nuclear Association (Бүкіләлемдік Ядролық Қауымдастық), London, United Kingdom Website: http://www.world-nuclear.org. Мүшелік 1993 жылдан басталған.	The World Nuclear Fuel Market (Ядролық отынның әлемдік нарығы), Norcross, Georgia, USA Website: http://www.wnfm.com. Мүшелік 2002 жылдан басталған.
«Қазақстанның ядролық қоғамы» қауымдастығы, Астана, Қазақстан Республикасы Website: http://www.nuclear.kz. Мүшелік 2002 жылдан басталған.	Tantalum-Niobium International Study Center (Тантал мен Ниобийді зерттеу жөніндегі халықаралық орталық), Brussels, Belgium Website: http://www.tanb.org. Мүшелік 1999 жылдан басталған

Компания өз қызметінде атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы қосылған негізгі құжаттарды басшылыққа алады: **G4-15**

Құжаттың атауы	Қол қойылған орны мен күні	Күшіне енуі туралы ақпарат
Ядролық қаруды таратпау туралы шарт (ЯҚТШ) (Вашингтон, Лондон, Мәскеу, 1968 жылғы 1 шілде) Женева қаласы, 1968 жылғы 1 шілде	1993 жылғы 13 желтоқсан	ҚР Жоғарғы кеңесінің 13.12.1993 ж. № 2593-XII «Қосылу туралы» қаулысы. Қол қойылған күннен бастап күшіне енді
Қазақстан Республикасының Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуына байланысты қауіпсіздік кепілдігі туралы меморандум	1994 жылғы 5 желтоқсан	Қол қойылған күннен бастап күшіне енді
Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт.	Нью-Йорк, 1996 жылғы 30 қыркүйек	14.12.2001 ж. № 270 «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы
Ядролық лаңкестік актілерімен күрес туралы халықаралық конвенция (БҰҰ Бас Ассамблеясы, 2005 жылғы 13 сәуір)	Нью-Йорк, 2005 ж. 14 қыркүйек	14.05.2008 ж. № 33-IV «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы
Артықшылықтар және АЭХА туралы келісім	Вена, 1959 жылғы 1 шілде	30.10.1997 ж. № 178-I «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы
Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенция	Вена, 1980 жылғы 3 наурыз	22.12.2004 ж. № 17 «Қосылу туралы» ҚР Заңы 19.03.2011 ж. № 416-IV «Конвенцияға түзетулерді ратификациялау туралы» ҚР Заңы
Ядролық апат туралы жедел құлақтандыру конвенциясы	Вена, 1986 жылғы 26 қыркүйек	3.02.2010 ж. № 243-IV «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы 9.04.2010 ж. күшіне енді
Ядролық авария жағдайындағы немесе радиациялық авария жағдайындағы көмек туралы конвенция	Вена, 1986 жылғы 26 қыркүйек	3.02.2010 ж. № 244-IV «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы 9.04.2010 ж. күшіне енді
Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім (ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің)	Минск, 1992 ж. 26 маусым	Қол қойылған күннен бастап күшіне енді
Ядролық қауіпсіздік туралы конвенция	Вена, 1994 жылғы 17 маусым	3.02.2010 ж. № 245-IV «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы 08.06.2010 ж. күшіне енді
ҚР мен АЭХА арасында қол қойылған Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісім	1995 жыл	ҚР Президентінің 19.06.1995 ж. №2344 Жарлығы.
Пайдаланылған отынмен және радиоактивтік қалдықтармен жұмыс істеудің қауіпсіздігі туралы біріккен конвенция	Вена, 1997 жылғы 5 қыркүйек	3.02.2010 ж. № 246-IV «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы 8.06.2010 ж. күшіне енді
Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы шарт.	Семей қаласы 2006 жыл	ҚР Президентінің 07.09.2006 ж. №176 Жарлығымен мақұлданған 14.12 2001 ж. № 270 «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы
ҚР мен АЭХА арасында қол қойылған Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты Кепілдіктерді қолдану туралы келісімнің қосымша хаттамасы.	2007 жыл	19.02.2007 ж. №229 ҚР Заңы
Ядролық залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы 1997 жылғы Вена конвенциясы (Ядролық залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы 1963 жылғы 21 мамырдағы Вена конвенциясының жиынтық мәтіні 1997 жылғы 12 қыркүйектегі хаттамамен енгізілген түзетулерімен)	2011 жылғы ақпан айы	10.02.2011 ж. № 405-IV «Ратификациялау туралы» ҚР Заңы 29.06.2011 күшіне енді

3. СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС-ҮЛГІ

3.1 Компанияның даму стратегиясы 33
3.2 Бизнесті трансформациялау..... 36
3.3 Бизнес-үлгі 42

3.1 КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құнын 3 есе арттыру және EVA көрсеткішін 2014 жылғы минус 25 млрд теңгеден 2025 жылға қарай плюс 60 млрд теңгеге дейін өзгерту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның табиғи уран өндірудегі көшбасшылық ұстанымын сақтап қалу және уран саудасында көшбасшылыққа қол жеткізу;
- Қазақстандық уран өнімінің қосылған құнын және ғылымды қажетсінуін арттыру үшін реакторға дейінгі ядролық отын циклының барлық буындарында әртараптандыруды жүргізу;
- Қазақстанға ең үздік кадрларды тарту, оларды дамыту және сақтап қалу;
- ЯОЦ реакторлық кезеңіне өту жөніндегі үкіметтік шешімнің орындалуын ұйымдастыру – ҚР-да АЭС құрылысын салу

КОМПАНИЯНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ПАЙЫМДАУЫ

2025 жылы Қазатомөнеркәсіп табиғи уранның әлемдегі жетекші жеткізушісі және ядролық отын мен оның АЭС арналған компоненттерінің өңірлік жеткізушісі ретінде реакторға дейінгі ядролық отын циклының барлық сатыларында әртараптандырылған және өз қызметін ядролық бизнеске шоғырландырған компания болады.

8-кесте – Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу міндеттерінің іске асырылуы

	1	2
Стратегиялық мақсаттар	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құнын 3 есе арттыру және EVA көрсеткішін 2014 жылғы минус 25 млрд теңгеден 2025 жылға қарай плюс 60 млрд теңгеге дейін өзгерту.*	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның табиғи уран өндірудегі көшбасшылық ұстанымын сақтап қалу және уран саудасында көшбасшылыққа қол жеткізу.
Стратегиялық міндеттер	• Бейіндік емес активтерді шығара және активтерді корпоративтік басқаруды оңтайландыра отырып, Қазатомөнеркәсіп активтерін қайта құрылымдау; • Табиғи уран нарығында баға белгілеуге ықпалын тигізетін компания болып қалыптасу; • Бейіндік емес активтерден бос оңтайлы корпоративтік құрылым құру; • Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру;	• Табиғи уран нарығының жағдаятын ескере отырып, Қазатомөнеркәсіптің табиғи уран өндіру көлемін жылына 12-14 мың тонна деңгейінде сақтап қалу; • Табиғи уранды сатуға арналған келісім-шарттар қоржынын әртараптандыру;
2016 жылғы нәтижелер	• «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да бірыңғай Жағдаяттық орталық енгізілді; • 2016 жылғы ахуал бойынша Компания 17 бейіндік емес активті құрамынан шығарып, жыл соңында 59 ұйымнан тұрады; • «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2016-2017 жылдарға арналған Трансформация бағдарламасының жол картасы бекітілді.	• Әлемдік уран нарығында көшбасшылық ұстанымдар сақталды; • Швейцарияда ТН Kazakatom трейдингтік компаниясы ашылды; • «Қазатомөнеркәсіп-Сауран» ЖШС-де «Сандық кеніш» ақпараттық жүйесін тәжірибелік пайдалану басталды (2018 жылға дейін Орталық, Ру-6 ЖШС-де енгізу жоспарланады).
2017 жылға жоспарлар	• Активтерді ары қарай қайта құрылымдау; • Табиғи уран нарығының жағдаятын ескере отырып, уран өндіру көлемдерін оңтайландыру; • Уран қорының тұжырымдамасын әзірлеу және құру.	• Әлемдік уран нарығында көшбасшылық ұстанымды сақтап қалу; • Қорларды ары қарай толықтыру; • Уранды өндіру және оны дайын өнім алғанға дейін өңдеу тиімділігін арттыру; • Компанияның қамтылмаған нарықтарға қатысуын кеңейту; • Өзінің «ТН Kazakatom AG» трейдингтік компаниясы арқылы нарықтағы қатысуын ұлғайту;

*Өзектілендірілген макропараметрлер мен «Самұрық-Қазына» АҚ негізгі стратегиялық көрсеткіштерін есептеу жөніндегі әдістемелік нұсқауларды есепке ала отырып, Компанияның 2015-2025 жылдарға арналған Стратегиясының қаржылық көрсеткіштерін өзектілендіру күтілуде.

3	4	5
Қазақстандық уран өнімінің қосылған құнын және ғылымды қажетсінуін арттыру үшін реакторға дейінгі ядролық отын циклының барлық буындарында әртараптандыруды жүргізу.	Қазақстанға ең үздік кадрларды тарту, оларды дамыту және сақтап қалу.	ЯОЦ реакторлық кезеңіне өту жөніндегі үкіметтік шешімнің орындалуын ұйымдастыру – ҚР-да АЭС құрылысын салу.
• Табиғи уран гексафториді және конверсия қызметтері нарығының қатысушысы болып қалыптасу; • Жылына кемінде 2,5 млн ЕРР көлемінде байыту қызметтерінің сатушысы болып қалыптасу; • Жылына ЖБҚ-мен кемінде 200 тонна уран көлемінде ядролық отын мен оның компоненттерін жасап шығару қызметтерінің сатушысы болып қалыптасу;	Персоналдың біліктілік деңгейін және персоналды басқару процестерін кезең-кезеңмен автоматтандыру кезінде жұмысты жақсартуға оның уәждемесін жоғарылату;	ҚР-да АЭС құрылысын салу жобасының іске асырылуын ұйымдастыру.
• ҚР-да аффинаждық зауыт құрылысының алдын ала бағасы дайындалды; • Cameco корпорациясымен уран аффинажы технологиясын табыстау туралы келісім жасалды; • Cameco корпорациясынан уран аффинажы технологиясын табыстау жүзеге асырылды; • ҚР-да жылу бөлгіш құрастырмалар шығаратын зауыт құрылысына ТЭН әзірленді; • Қазақстан мен Ресей арасында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ опционына жататын байытылған уран өнімін «УБО» АҚ-ның «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-на сату жөніндегі баға тетігі әзірленді, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның осы өнімді жеткізетін нысаналы нарықтары анықталды.	• 1 500-ден астам процестік және мақсатты көрсеткіштерді қамтитын, әр қызметкердің жеке үлесінің нәтижелеріне негізделген сыйақы төлеу жүйесі іске асырылды; • Сала үшін бейіндік мамандықтар бойынша 286 студент Компания гранттары бойынша оқиды; • грейдирленген ақы төлеу жүйесі бекітілді және жаңа ұйымдық құрылымға көшкеннен кейін енгізіледі.	ҚР Премьер-Министрінің 02.11.2016 ж. №110-ө өкімімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ҚР-да АЭС құрылысын салуға ТЭН әзірлеу үшін жауапты болып тағайындалды.
• Ядролық технологиялар мен жабдықты импорттауға лицензия алу; • ЭКСПО-2017 аясында «Атом Энергиясы Әлемі» тақырыбында Компания кластеріндегі көрмені өткізу;	• Персоналды ары қарай даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру; • Персоналды қызметтің жаңа бағыттарына (АЭС, ЖБҚ, ЯОЦ сатылары) даярлау; • Еншілес және тәуелді ұйымдарда персоналды конкурстық іріктеу мен таңдауды енгізу; • Еншілес ұйымдарда нысаналы ұйымдық құрылымды әзірлеу және енгізу.	ҚР-да АЭС құрылысын салу жобасының іске асырылуын ұйымдастыру.

3.2 БИЗНЕСТІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Ресми түрде «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялануы 2014 жылғы қазан айында іске қосылды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бағдарламаға 2015 жылдың басында қосылды.

Бизнесті трансформациялау бағдарламасы – компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға және салынған капиталдың сол деңгейіне көбірек пайда алуға көмектесетін қызметтегі ауқымды өзгерістер бағдарламасы.

Трансформациялау процесінің басты және негізгі көрсеткіші қосылған экономикалық құн – EVA болып табылады. EVA оң шамасы капиталдың тиімді пайдаланылуын сипаттайды және компаниялар құнының артуын айғақтайды.

Трансформациялау бағдарламасының міндеттері:

- Бизнес-процестерді стандарттау және оңтайландыру;
- Компанияның тігінен интеграцияланған бірыңғай ақпараттық кеңістігін құрудың негізгі қағидаттарын әзірлеу;
- Тұрақты жетілдірудің, жылжымалылықтың, икемділіктің және инновациялардың корпоративтік мәдениетін құру;
- Бағдарлама жобаларының тактикалық және жедел басқарылуын қамтамасыз ету;
- Трансформациялау бағдарламасы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының әрекеттерін әдіснамалық қолдау және үйлестіру.

Компанияның Трансформациялау бағдарламасы аясындағы барлық жобалау жұмыстары «Самұрық-Қазына» АҚ Бизнесті трансформациялау жөніндегі бас директоры бекіткен трансформацияның бірыңғай әдіснамасына сәйкес орындалады.

Трансформация периметрінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ орталық аппараты мен оның қатысу үлесі 50%-дан асатын 12 еншілес және тәуелді ұйымдары бар.

Трансформациялау бағдарламасы 4 сатыдан тұрады. 2016 жылдың соңына қарай Компания алғашқы 3 сатыны аяқтап, қазіргі кезде жоспарланған іс-шаралардың енгізілуін көздейтін соңғы саты іске асырылуда.

1. 1-2-ші деңгейлі процестер картасын үлгілеу.

ARIS бағдарламалық құралын қолдана отырып, 1-2-ші деңгейлі процестер картасы құрастырылды, ол стратегиялық, операциялық қызмет және корпоративтік басқару аясындағы негізгі бизнес-процестерді бөліп көрсете отырып, Компания қызметінің үлгісін көрнекі бейнелеп көрсетеді. Үлгі қызметтің негізгі процестерін көрсетеді (1-ші деңгей), сондай-ақ әр процестің егжей-тегжейлі талдауы мен сипаттамасын қамтиды (2-ші деңгей);

2. «Самұрық-Қазына» АҚ ұсынған референстік үлгілер негізінде Компания қызметінің 14 негізгі бағыты бөлігінде бизнес-процестер сипатталды.

ARIS бағдарламалық құралында берілген сипаттама процестерді үлгілеудің үшінші деңгейі болып табылады. Бұл жұмыс осы саладағы үздік практикаларды ескере отырып, Компанияға консультация берген Ernst & Young консультанттарының белсенді қатысуымен жүргізілді. Бұдан әрі сипатталған процестер компанияның нысаналы ұйымдық құрылымын құру, Компания процестерін автоматтандыру деңгейін анықтау және АТ-жүйелерді іріктеу үшін пайдаланылды.

3. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ПӘК ағашының құрылымы» құжаты әзірленді.

Құжат схема түрінде Компания қызметі тиімділігінің негізгі стратегиялық көрсеткіші – компанияның қосылған экономикалық құнын көрсететін EVA (Economic Value Added) көрсеткішінің бөлшектеп байланыстырылуын береді. Ағаштың әрбір көрсеткіші немесе құн драйвері өлшемділік, соның ішінде уақыттағы өлшемділік, салыстырмалылық, бюджетпен, стратегиямен немесе басқа көзбен салыстыру сияқты негізгі көрсеткіштерге сәйкес келеді, сондай-ақ ашық және әділ болып табылады. ПӘК нақты басшылар, рөлдер және жауапты лауазымдар арасында бөлінеді. ПӘК ағашының құрылымын анықтау нәтижесінде ПӘК есебін дұрыс жүргізіп, дұрыс қадағалауға мүмкіндік беретін тиісті басқару есептілігі құрылады.

2016 жылғы қазан айында Қазатомөнеркәсіптің бизнесті жаңғырту және трансформациялау жөніндегі кеңесінің отырысы болып өтті, оның барысында Компанияны трансформациялау жөніндегі жобалар Қоржыны мақұлданды. Отырыс барысында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Басқарма Төрағасы мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Басқарма Төрағасы 2016-2017 жылдарға арналған жаңартылған Жол картасына және Трансформациялау бағдарламасы бойынша жалпы пайда мен инвестициялар болжамына қол қойды. 2025 жылға дейін Трансформациялау бағдарламасын іске асырудан күтілетін экономикалық нәтиже 136 млрд теңгеге бағаланады.

Компанияның 2016-2017 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес, жалпы алғанда 74 бақылау нүктесі белгіленді, осы нүктелерге жеткен кезде жоспарлы және нақты нәтижелерді салыстыру жүргізіледі. 2016 жыл қорытындысы бойынша Компания жоспарланған 44 бақылау нүктесінің 44-інен табысты өтті.

Трансформациялау бағдарламасы жобаларының қоржыны 26 құрауыштан тұрады. Олардың ішінде:

- Сатып алуларды санаттық басқаруды енгізу;
- SAP лицензияларымен қамтамасыз ету бойынша сервистік үлгіге көшу;
- Сандық кеніш;
- Автоматтандырылған процестерді енгізу;
- Интеграцияланған жоспарлау жүйесі;
- Маркетинг және сатылымдар функциясының нысаналы үлгісін енгізу;
- Жобаларды басқарудың бірыңғай жүйесі;
- АТ-сервистерді Инфрақұрылымдық провайдерге көшіру;
- «Ұқыпты өндіріс» қағидаттарын енгізу;
- Нысаналы процестерді енгізу.

Барлық жобалар бойынша жобалардың Басшылары мен Демеушілері белгіленді, тағайындау кеңестері өткізілді, Басқарушы комитеттер құрылды, жобалардың бастамасын көтеру жөніндегі құжаттар әзірленіп, бекітілді. Жобаларды іске асыру бекітілген жоспарларға сәйкес жүргізіледі.

Нысаналы процестерді енгізу жобалары бойынша ағымдағы және нысаналы бизнес-процестердің ауытқуларына талдау жүргізіліп және ауытқуларды жою бойынша Іс-шаралардың жоспарлары әзірленді.

2016 жыл қорытындысы бойынша Трансформациялау бағдарламасын іске асырудан түскен жалпы пайда 16,1 млрд теңгені құрады (жоспарлы көрсеткіш 3,8 млрд теңге болғанда)*. Пайданың негізгі бөлігіне Компанияның мына бекітілген жобаларын/бастамаларын іске асыру аясында қол жеткізілді:

- Сатып алу қызметін оңтайландыру (9,8 млрд теңге);
- Өндіруші кәсіпорындардың қызметін трансформациялау (4,3 млрд теңге);
- Сервистік кәсіпорындардың қызметін трансформациялау (1,7 млрд теңге)
- Компанияның шетелдік өкілдіктерін оңтайландыру (162 млн теңге);
- Жобалардан кейін қорлардың қалдықтарын босатып алу (93 млн теңге);
- SAP лицензияларымен қамтамасыз ету бойынша сервистік үлгіге көшу (8 млн теңге);

Өндірістік офистер мен ұжымдарды басқа жерге көшіру

2016 жылы 2015 жылы басталған әкімшілік офистерді басқа жерге көшіру процесі аяқталды. «Уранэнерго» ЖШС мен «ОТХК» БК» ЖШС Шымкент қаласында орналасты. Барлығы Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қызылорда облысына 12 кәсіпорын көшірілді.

Кәсіпорынды көшірудің мақсаты:

- Кәсіпорындардың әкімшілік шығыстарын оңтайландыру;
- Жергілікті атқарушы органдармен өзара ықпалдастықты жақсарту;
- Өндірістік мәселелерді жедел шешу;
- Жаңа жұмыс орындарын құру.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарын көшіру нәтижесінде жаңа жұмыс орындары

*«Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен Трансформация аясындағы нәтиже 10,1 млрд. теңгені құрады.

құрылды, сондай-ақ жергілікті бюджетке қосымша түсімдер болды. Кәсіпорындармен бірге көшкен жұмыскерлердің нақты саны 500-ге жуық адамды құрады.

Трансформациялау бағдарламасы аясындағы іс-шаралар

«Дизайн» және «Жоспарлау» сатылары аяқталғаннан кейін Компания «Жүзеге асыру» сатысының алдында есептік іс-шара – Компания мен «Самұрық-Қазына» АҚ жұмыскерлеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған Ақпараттық күн өткізді.

Ақпараттық күн «Самұрық-Қазына» АҚ пен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басшылығының, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының бірінші басшыларының, республикалық БАҚ өкілдерінің, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік орталығы мен еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлерінің қатысуымен 2016 жылғы 8 желтоқсанда болып өтті. Іс-шара барысы корпоративтік сайтта бейнетрансляция арқылы тікелей эфирде берілді, бұл Компанияда жүргізіліп жатқан өзгерістердің барынша ашықтығын көрсетті. Іс-шара барысында қатысушыларға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жүргізілген жұмыстар мен қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат ұсынылып, «Жүзеге асыру» сатысына нақты бағдарламалық міндеттер қойылды.

2017 жылы ақпараттық жүйелердің енгізілуі

Жалғыз акционер ұсынымдарына сәйкес, Компания SAP ақпараттық жүйесін таңдады, осы жүйе негізінде 2017-2018 жылдарда мына ұйымдарда: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да, «РУ-6» ЖШС-де, «Орталық» ЖШС-де, «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-де, «СКК» ЖШС-де, «ҮМЗ» АҚ-да ERP бағдарламалық топтамасы енгізіледі.

2017-2018 жылдарда өндірістік-қаржылық үлгілеуге, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды қоюға және қадағалауға арналған интеграцияланған жоспарлау жүйесі енгізіледі.

2017 жылы уран өндіруші кәсіпорындарда өндірістік қызмет шығыстарын оңтайландыру үшін «Сандық кеніш» ақпараттық жүйесін енгізудің екінші кезеңі іске асырылады.

Жоғарыда сипатталған ақпараттық жүйелерді енгізу өндірістік процестердің тиімділігін, Компанияның ұйымдар тобын басқару жүйесінің тиімділігін және еңбектің өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді, бұл жиынтығында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ экономикалық құнының артуына алып келеді.

2017 жылы жобалардың жүзеге асырылуы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұйымдарындағы қызметтің тиімділігін арттыру үшін нысаналы басқару үлгісіне көшу аясында мынадай жобалар іске асырылады:

- Стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру және ашық, бақыланатын және тиімді жобалау қызметі арқылы қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін «Жобаларды басқарудың бірыңғай жүйесін құру»;
- Сатып алынатын ТЖҚ-ның жиынтық иелену құнын төмендету және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ шығыстарын азайту мақсатында сатып алулардың тиімділігін арттыру үшін «Сатып алуларды санаттық басқаруды енгізу»;
- «АТ-сервистерді Инфрақұрылымдық провайдерге көшіру», бұл Компанияны инфрақұрылымдық қуаттылықтармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қордың АТ Саясатына сәйкес, инфрақұрылымды оңтайландыруға септігін тигізеді;
- АТ қуаттылықтарын тиімді басқару үшін «АТ басқарудың нысаналы үлгісін енгізу»;
- АҚ тиімді басқару және осы бағыттағы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында «АҚ нысаналы үлгісін енгізу»;
- Қызметтің берілген бағытында басқару сапасын арттыру және шығындарды азайту үшін «Сатып алудың нысаналы үлгісін енгізу»;
- Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру, жүйенің болып жатқан оқиғаларға сезімталдығын және әрекет етуін арттыру, туындайтын тәуекелді оқиғалардан болатын залалды барынша азайту үшін «Тәуекелдерді басқарудың нысаналы үлгісін енгізу» және «Кешенді қауіпсіздікті басқарудың нысаналы үлгісін енгізу»;
- «Стратегиялық жоспарлау мен тиімділікті басқарудың нысаналы үлгісін енгізу», бұл Жалғыз акционердің болжамдары мен Компания қызметін үйлестіруге, қызметтің негізгі көрсеткіштерін анықтау және кейіннен оларды қадағалау арқылы стратегияның іске асырылуын бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді;
- Еңбек өнімділігін және Компания қызметкерлерінің қызығушылығын арттыру үшін «Персоналды басқарудың нысаналы үлгісін енгізу»;
- «Ұқыпты өндіріс» қағидаттарын енгізу», бұл «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұйымдарындағы шығындарды азайтуға және Қазатомөнеркәсіп активтері леңгейіндегі операциялық және процестік тиімділікті арттыруға бағытталған бірқатар қадамдарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- Сатылымдардың шектеулілігін арттыру және табиғи уран нарығының үлесін ұлғайту, сондай-ақ жоғары бөліністегі уран өнімдерінің, ЖМ мен ЖСМ-нің тиімді сатылымын қамтамасыз ету үшін «Маркетинг және сатылымдар функциясының нысаналы үлгісін енгізу».

3.3 БИЗНЕС-ҮЛГІ

Компанияның бизнес-үлгісінің негізінде оның нарықтағы жағдайын нығайтуға, табысты бәсекеге, операциялық тиімділігін арттыруға және соның нәтижесінде қолданыстағы бизнестің құнын ұлғайтуға бағытталған ұзақ мерзімді стратегия жатыр. Баға құру тізбегі негізінен уранды өндірумен және қайта өңдеумен байланысты процестер базасында қалыптастырылады. ҚӘТ1

Рисунок 2. Бизнес үлгі



ҚҰНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӨРТ ТЕТІГІ

1 Қолданыстағы бизнестің операциялық тиімділігін арттыру

- Операциялық шығындарды оңтайландыру;
- Процестердің барлық деңгейлерінде тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару;
- Процестерді талдау, оңтайландыру және автоматтандыру;
- Шығындардың басқарушылық есебі / процестік есебі;
- Өндірістің энергетикалық тиімділігін арттыру.

2 Өсудің қолда бар мүмкіндіктерін зерделеу

- Қолданыстағы жобалар бойынша құнды құру тізбегі аясындағы біршама жоғары бөліністер;
- Сатылымның өсуі және қатысу аймақтарының кеңеюі;
- Жаңа өндірістердің дамуы (нарық жағдаятын ескере отырып, бизнесті әртараптандыру).

3 Қолданыстағы бизнесті тиімді қаржыландыру және оны басқару

- Қаржы ағындарын оңтайландыру;
- Қаржыландырудың тартымды мүмкіндіктерін анықтау.

4 Активтер қоржынының оңтайлы құрылымын қалыптастыру

- Қолдағы бар бейіндік активтердегі иелену үлесін ұлғайту, жаңадан бірлескен өндірістерді ашу, жаңа активтерді сатып алу;
- Еншілес және тәуелді ұйымдарды иелену деңгейлерін 3 деңгейге дейін азайту;
- Бейіндік емес активтерді сату.

4. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА

4.1 Корпоративтік басқару құрылымы 47
4.2 Жалғыз акционер 49
4.3 Директорлар кеңесі 50
Директорлар кеңесінің құрамы 50
Директорлар кеңесінің құрамындағы 2016 жылғы өзгерістер 52
Директорлар кеңесінің қызметі 53
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау 53
Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу 53
Тәуелсіз директорларды тарту 54
Директорлар кеңесінің комитеттері 54
4.4 Басқарма 59
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының құрамы 59
Басқарманың 2016 жылғы қызметі 65
Басқарма жанындағы комитеттер 66
4.5 Компанияның орталық аппаратының ұйымдық құрылымы 68
4.6 Корпоративтік этика 69
Омбудсмен институты 70
4.7 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 71
Тәуекелдерді басқару 71
Негізгі тәуекелдер және оларды оңтайландыру шаралары 72
Ішкі бақылау жүйесі 74
Сапа менеджменті жүйесі 75

Корпоративтік басқару рейтингі

2016 жылы Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесіне жүргізілген диагностикалау нәтижелері бойынша корпоративтік басқару рейтингі 83,2%-ды құрады (2015 ж. – 78%)*.

Компанияда корпоративтік басқару жүйесін ең үздік әлемдік практикалармен сәйкестікке келтіру жұмысы жоспарлы түрде жүргізілуде және тәуелсіз консультанттар әзірлеп, Компанияның Жалғыз Акционері бекіткен әдістемелер негізінде жыл сайын корпоративтік басқару рейтингін бағалау жүргізіледі. Қазіргі уақытта Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жұмысы Компанияның Директорлар кеңесі бес бағыт бойынша бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілуде:

- Орнықты даму;
- Акционерлердің құқықтары;
- Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі;
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- Ашықтық.

3-сурет – Корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігіктики

Озық практика

Нақты жағдай

Корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігі, 83,2%



* Корпоративтік басқару жүйесін диагностикалауда 2016 жылы қолданылған әдістеме пайдаланылды. 2017 жылдан бастап есептеу жаңа әдістеме бойыншажүзеге асырылатын болады.

Корпоративтік басқару кодексі

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының шешімімен 2015 жылы акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы қолданылуы міндетті корпоративтік стандарт ретінде Қорға тиесілі заңды тұлғаларға арналған Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.

Кодекстің мақсаттары Қордағы және ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқару ашықтығын қамтамасыз ету, Қор мен ұйымдардың лайықты корпоративтік басқару стандарттарын қолдануға бейілдігін растау болып табылады.

Кодекс Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына, Қордың Трансформациялау бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Кодексте Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттар бекітілген.

Корпоративтік басқару – ішкі факторлардың, сондай-ақ сыртқы ортаның әсерімен үнемі дамып отыратын қатынастардың көп деңгейлі күрделі жүйесі. Бірінші жағдайда Компанияның корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын қолдану жөніндегі әрекеттері инвестициялық тартымдылық пен әріптестердің сенімін жоғарылату мақсаттарымен ұштасады. Сыртқы факторлар, мысалы, макроэкономикалық саладағы өзгерістер корпоративтік басқарудың алдына шешімі Компанияның ары қарайғы дамуына әсер ететін міндеттерді қояды. Осыған орай сыртқы және ішкі өзгерістерді үнемі қадағалап отыру, корпоративтік басқару стандарттарына әсер етуі мүмкін жаһандық әлемдік, сондай-ақ ұлттық процестердің даму үрдістерін талдау қажет.

Корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарына сәйкестік пен ашықтық әлеуетті инвесторлардың сенімін нығайтуға, Компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін азайтуға, Компанияның құнын ұлғайтуға және әл-ауқатын арттыруға септігін тигізетін Компанияның инвестициялық тартымдылығы мен қызметінің экономикалық тиімділігін жоғарылатудың аса маңызды факторлары болып табылады. Компания корпоративтік басқару жүйесінің аса ірі қор биржалары листингінің негізгі ережелеріне, әлемдік экономикалық қоғамдастық мойындаған корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттарына (мысалы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының корпоративтік басқару қағидаттарына) сәйкестігін көрсете алады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Корпоративтік хатшы қызметі Компаниядағы Корпоративтік басқару кодексі қағидаттары мен ережелерінің сақталуына талдау жүргізді. Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, іс жүзінде Компанияда Кодекс ережелерінің 87%-ы сақталады, Кодекс ережелерінің тағы 2%-ы ішінара сақталады, ережелердің 1%-ы қазіргі уақытта сақталмайды және Кодекс ережелерінің 10%-ы Компанияда қолдануға келмейді.

3-диаграмма, 9-кесте – 2016 жылы Компанияда «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі қағидаттары мен ережелерінің сақталуы



	Компания бағасы, %	Саны
Сақталады	87 %	407
Ішінара сақталады	2 %	9
Сақталмайды	1 %	4
Қолдануға келмейді	10 %	47
Кодекс ережелерінің жалпы саны		467

4.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі қызметтің айқындығын арттыруға, Жалғыз акционермен және барлық мүдделі тараптармен сенімді және тиімді қатынастарды қалыптастыруға және сақтауға бағытталған және мына қағидаттарға негізделеді:

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Компанияны тиімді басқару / Тиімді Директорлар кеңесі және Басқарма;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің айқындығы мен объективтілігі;
- Заңдылық және этика;
- Тиімді дивидендтік саясат;
- Тиімді кадрлық саясат;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Корпоративтік дау-жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу;
- Жауапкершілік.

Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі мыналардан тұрады:

- Жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган – Басқарма;
- Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін, Компания қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалауды және консультация беруді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

G4-34

4.2 ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Компанияның Жалғыз акционері болып табылады және өз қызметін Компания Жарғысында көзделген құзыретке сәйкес жүзеге асырады.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қабылдайтын негізгі шешімдердің қатарында:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктеріне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды және аудиторлық ұйым қызметтеріне төленетін ақының мөлшерін анықтау;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- Таза табысты бөлу тәртібін және бір жай акцияға шаққандағы дивидендтердің мөлшерін бекіту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысы мен Директорлар кеңесі туралы ережесін және оларға енгізілген өзгертулерді бекіту.

4.3 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Компанияның Директорлар кеңесі өз қызметін Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырады. Бұл құжаттарда Директорлар кеңесінің ролі, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі туралы ақпарат мазмұндалады.

Директорлар кеңесі қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- Компанияның даму стратегиясы мен даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оларды ары қарай іске асыру;
- Компания акцияларын орналастыру және сату туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ басқа компаниялардың акцияларын сатып алу;
- Облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару талаптарын белгілеу;
- Ірі мәмілелерді және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
- Компания жұмыскерлерінің жалпы санын бекіту;
- Басқа еншілес және тәуелді ұйымдарды құруға қатысу туралы шешім қабылдау.

Директорлар кеңесінің қызметі, ұтымдылық және тиімділік қағидатын негізге ала отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспары мен жылына кемінде алты рет отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарастыра алады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесінің құрамына, екі тәуелсіз директорды қоса алғанда, алты директор кіреді. Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік нормаларына сәйкестігі өлшемдерінің сипаттамасы Жарғыда және Компанияның интернет-сайтында орналастырылған Директорлар кеңесі туралы ережеде келтірілген.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің иелігінде Компанияның, үлестес компаниялардың акциялары (қатысу үлестері), сондай-ақ Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

4-сурет – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару құрылымы G4-34



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

МАМИН АСҚАР ҰЗАҚПАЙҰЛЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы

(Жалғыз акционер өкілі)

Қазақстан Республикасының азаматы. 1965 жылы туылған.

Инженер-құрылысшы, экономист мамандықтары бойынша Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясын тәмамдаған.

Еңбек жолын «Целинтяжстрой» тресінің монтаждаушысы болып бастады. Қазақстанның инновациялық кәсіпорындар одағы бас директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

1996 жылдан 2008 жылға дейін – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі, Астана қаласының әкімі.

2008 жылғы сәуір айынан бастап «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ президенті, 2008 жылғы 17 сәуірде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының №04/08 КХГУА хаттамасынан үзінді көшірме).

2016 жылғы қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қазандағы шешімімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

1998 жылы – «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2006 жылы – «Құрмет» орденімен, 2011 жылы – екінші дәрежелі «Барыс» орденімен, 2013 жылы – Француз Республикасының Құрметті легионы орденімен, 2014 жылы – Испания корольдігінің «Азаматтық еңбегі үшін» бірінші дәрежелі орденімен марапатталған. 2011 жылы – Астана қаласының Құрметті азаматы, 2012 жылы – Құрметті теміржолшы, 2013 жылы – Қазақстанның Құрметті құрылысшысы.

Сонымен қатар келесі ұйымдардың директорлар Кеңесінің мүшесі болып табылады: «ҰК «Қазақстан Инжиниринг» АҚ, «ҰК «ҚТЖ» АҚ, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «ҰК «Астана ЭКСПО-2017» АҚ, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.

АРСЛАНОВА ЗАРИНА ФУАТОВНА

Тәуелсіз директор

Қазақстан Республикасының азаматшасы. 1960 жылы туылған.

1983 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Экономист» мамандығы бойынша үздік тәмамдады, экономика ғылымдарының кандидаты.

1992 жылдан бастап – Халықаралық бизнес университетінің (UIB) негізін қалаушысы және ректоры.

2012 жылғы мамыр айынан бастап – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Ішкі аудит жөніндегі комитеттің төрайымы.

2012 жылғы тамыз айынан бастап – «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Ішкі аудит жөніндегі комитеттің төрайымы.

2013 жылдан бастап – «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ тәуелсіз директоры.

2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Dala Mining» ЖШС консультанты, басқарушы комитетінің мүшесі.

Сонымен қатар келесі ұйымдардың директорлар Кеңесінің мүшесі болып табылады:«ҰК «Қазақстан Инжиниринг» АҚ, «Ұлттық тау-кен компаниясы «Тау-кен Самұрық» АҚ, «ХАТУ» АҚ.

ДЖОН ДУДАС

Тәуелсіз директор

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің азаматы болып табылады. 1959 жылы туылған.

1984 жылы Витватерсранд Университетін (Оңтүстік Африка Республикасы) бітіріп, тау-кен металлургиясы бойынша бакалавр дипломы мен тау-кен экономикасы бойынша магистр дипломын алған. Хериот-Уотт Университетінің (Ұлыбритания) Іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесіне ие.

Өзінің еңбек жолын 1984 жылы Rand Mines Ltd компаниясында дипломы бар инженер ретінде бастады, ал 1988 жылы Жер асты жұмыстары жөніндегі менеджер болып тағайындалды. 1989-1990 жылдары бас кеңседе Алтын бойынша жоба директоры болып жұмыс істеді. 1991 жылдан 1996 жылға дейін Winkelhaak Gold Mines Ltd компаниясында жұмыс істеп, ондағы соңғы лауазымы Бас менеджер позициясында болды. 1996-1999 жылдары Gencor Ltd компаниясында Жобалар мен бизнесті (минералды құмтастар) дамыту жөніндегі директор лауазымында жұмыс істеді.

1999 жылдан бастап 2006 жылға дейін BHP Billiton компаниясында Маркетинг жөніндегі директор (Энергетика бөлімшесі), Көлік жөніндегі басшы және Бас коммерциялық директор (Көмір бөлімшесі) лауазымында жұмыс істеді. Бұл кезеңде BHP Billiton компаниясы әлемдік уран нарығына шықты, Дудас мырза мұнда уран бизнесін жүргізу стратегиясын әзірлеуге және уран нарығын зерттеуге жауапты болды.

2006-2007 жылдары BHP Billiton компаниясында Корпоративтік жоспарлау жөніндегі жобалау тобының директоры, сондай-ақ АТ директоры қызметтерін атқарды. 2008-2012 жылдары BHP Billiton компаниясының Алюминий бөлімшесінің Бас басқарушы директоры болды.

2012 жылдан бері әр түрлі трансұлттық тау-кен және сервистік компанияларда Корпоративтік кеңесші болып істейді.

Сонымен қатар, Guinea Alumina Corporation S.A. компаниясы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

ТҰРМАҒАМБЕТОВ МӘЖИТ ӘБДІҚАЛЫҚҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі

(Жалғыз акционер өкілі)

Қазақстан Республикасының азаматы. 1961 жылы туылған.

1984 жылы Н.Э. Бауман атындағы Мәскеу жоғары техникалық училищесін инженер-механик мамандығы бойынша үздік тәмамдаған.

1997 жылы мемлекеттік қызметке ауысады. Әр жылдарда Қазақстан Республикасының экономика және сауда, мемлекеттік кіріс министрліктерінде департаменттер мен комитеттердің басшысы, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау вице-министрі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі болып жұмыс істеді.

2012 жылғы қаңтар айынан бастап – «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның Басқарма Төрағасы.

2012 жылғы 8 мамырдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Сонымен қатар келесі ұйымдардың директорлар Кеңесінің мүшесі болып табылады:»Ұлттық тау-кен компаниясы «Тау-кен Самұрық» АҚ,» ШалқияЦинк ЛТД» АҚ.

БЕКТЕМІРОВ ҚУАНЫШ ӘБДІҒАЛИҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі

(Жалғыз акционер өкілі)

Қазақстан Республикасының азаматы. 1970 жылы туылған.

1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Физик» мамандығы бойынша тәмамдап, 2004 жылы Қазақ ұлттық басқару академиясын «Инженер-электрик» мамандығы бойынша бітірді.

2012 жылғы 31 қаңтардан бастап – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның басқарушы директоры.

2012 жылғы 31 қаңтардан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитетінің мүшесі.

2012 жылғы қаңтар айынан бастап «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, сондай-ақ «КЕГОК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы және 2012 жылғы мамыр айынан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

2016 жылғы 08 шілдеден бастап – еншілес және тәуелді ұйымдардың Директорлар кеңестерінде «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.

ЖҰМАҒАЛИЕВ АСҚАР ҚУАНЫШҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі

Басқарма Төрағасы

Қазақстан Республикасының азаматы. 1972 жылы туылған.

1989 жылы – Свердловск қаласындағы Суворов әскери училищесін, 1996 жылы Харьков жоғары әскери командалық зымырандық әскер инженерлік училищесін, сондай-ақ радиоинженер мамандығы бойыншаАлматы энергетикалық институтын тәмамдады.

Еңбек жолын коммерциялық сектордан бастады. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне мемлекеттік қызметке ауысты. Бөлім бастығынан Комитет төрағасының орынбасарына дейінгі жолдан өтті.

Бүгінде жоғары буын басшысы ретінде мол тәжірибесі бар. ҚР ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің Төрағасы, «Қазақтелеком» АҚ президенті, ҚР байланыс және ақпарат министрі, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрі, ҚР байланыс және ақпарат агенттігінің төрағасы болып жұмыс істеді.

2015 жылғы 6 мамырда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның басқарма төрағасы болып тағайындалды.

«Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен, Ю.А.Гагарин атындағы медальмен және «Құрмет» орденімен марапатталды. 2009 жылы «Құрметті байланысшы» атағы берілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ 2016 ЖЫЛҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

- 2016 жылғы шілде айында Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы сайланды, оған Директорлар кеңесінің Төрағасы – Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы, Директорлар кеңесінің мүшелері – Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы, Тұрмағамбетов Мәжит Әбдіқалықұлы, Арсланова Зарина Фуатовна, Джон Дудас және Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы кірді.
- 2016 жылғы 26 қазанда Директорлар кеңесінің Төрағасы Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Мамин Асқар Ұзақпайұлы тағайындалды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2016 жыл ішінде Компанияның Директорлар кеңесі 6 көзбе-көз және 3 сырттай отырыс өткізді, оларда 93 мәселе қарастырылды. Компанияның 9 ішкі және жоспарлы құжаттары бекітіліп, 10 мүдделі мәміле жасасу туралы шешімдер қабылданды. Сондай-ақ 2016 жылы Компанияның Директорлар кеңесі корпоративтік басқаруды, кадрлық саясатты, тәуекелдерді басқаруды, ішкі бақылау және аудит жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды шешімдер қабылдады. Есепті жылда қарастырылған мәселелердің қатарында мыналарды атап өткен жөн:

- Жылдық қаржылық есептілікті алдын ала қарастыру;
- Еншілес және тәуелді ұйымдардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ, CGNPC Uranium Resources Co., Ltd. және «Үлбі-ТВС» ЖШС арасында Отын жобасын іске асыру қағидаттары туралы келісімді жасасу;
- 2016-2017 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;
- Компанияның басқа да есептері, жұмыс жоспарлары, негізгі көрсеткіштері, даму бағдарламалары және т.с.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарға қатысу деңгейі жоғары болды және орташа есеппен алғанда 96%-ды құрады. Келесі кестеде Директорлар кеңесі мүшелерінің көзбе-көз отырыстарға жеке қатысуы туралы ақпарат ұсынылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметін соңғы тәуелсіз бағалау 2014 жылы жүргізілді. Корпоративтік басқарудың озық тәжірибелеріне сәйкес, тәуелсіз бағалау кемінде үш жылда бір рет жүргізілуі тиіс, осыған орай есепті кезеңде Директорлар кеңесінің қызметін тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

10-кесте – Директорлар кеңесі мүшелерінің 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарға қатысуы

Директорлар кеңесінің/ Комитеттің мүшелері	Директорлар кеңесі мүшелерінің 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарға қатысуы									
	18.02.2016	30.03.2016	04.05.2016	19.05.2016	15.06.2016	25.07.2016	29.09.2016	02.12.2016	08.12.2016	%
Сағынтаев Б.Ә. (ДК мүшесі өкілеттігі 26.10.2016 ж. тоқтатылды)	+	+	+	+	+	+	-			86
Мамин А.Ұ. (ДК Төрағасы болып 26.10.2016 ж. тағайындалды)								+	+	100
Тұрмағамбетов М.Ә.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Бектеміров Қ.Ә.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Арсланова З.Ф.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Дудас Д.	+	+	+	+	+	-	+	+	+	89
Жұмағалиев А.Қ.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар» туралы Заңына сәйкес, Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен Компанияның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы және олардың өз функцияларын орындауымен байланысты шығындарының өтемақысы төленеді. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың көлемі Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Компанияда белгіленген тәртіпке сәйкес, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне ғана белгіленген және тек мыналарды қамтиды:

- Жылдық тиянақталған сыйақы;
- Комитеттің әрбір көзбе-көз отырысының жұмысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы;
- Компанияның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына бару үшін жол жүру шығыстарын өтеу.

Тәуелсіз директорлар, науқастануы, демалыста және іссапарда болуы себебінен қатыспаған жағдайларды қоспағанда, өткізілген барлық көзбе-көз және сырттай отырыстардың жартысынан азына қатысқан жағдайда, оларға тиянақталған сыйақы төленбейді.

Директорлар кеңесінің мүшелері қандай да бір жеңілдіктер немесе басқа да сыйақы алмайды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимиттері жоқ, сондай-ақ Компания акциялары түріндегі сыйақы да көзделмеген.

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАРТУ

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Компания Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының талаптарын, Компания Жарғысын және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тәуелсіз директорларды іріктеу қағидаларын басшылыққа алады, оларда тәуелсіз директор лауазымына конкурстық негізде үміткерлерді іздестіру және іріктеу процедурасы, сондай-ақ Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің үміткерлердің біліктілігін алдын ала бағалау ережелері айқындалады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Компанияны басқарудың жекелеген мәселелерін белсенді талқылауға және егжей-тегжейлі талдауға арналған алаң құру мақсатында Директорлар кеңесінің жанында төрт комитет жұмыс істейді, олар – Ішкі аудит жөніндегі комитет, Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет, Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет, Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет. **G4-34**

Комитеттердің қызметі оларға қатысты тиісті Ережелермен реттеледі.

Ішкі аудит жөніндегі комитет

Ішкі аудит жөніндегі комитет Компания акционер(лер)інің мүддесінде әрекет етеді және оның жұмысы төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеу жолымен Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған:

- Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін құру;
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;
- Сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау;
- Ішкі аудит жөніндегі комитет туралы ереженің талаптарына сәйкес басқа да мәселелер.

2016 жылы Ішкі аудит жөніндегі комитет 13 көзбе-көз отырыс өткізді, оларда Компания қызметінің бірқатар негізгі мәселелері қарастырылды:

- Аралық және жылдық қаржылық есептілікті қарау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің тәуекелдерді басқару жөніндегі есептері, жұмыс жоспарлары, негізгі көрсеткіштері және өзге де мәселелер;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала бекіту туралы;
- Компания тізілімін және тәуекелдер картасын алдын ала бекіту мәселелері және өзге де мәселелер.

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің құрамы мен көзбе-көз отырыстарға қатысуы туралы деректер мына кестеде ұсынылған..

11-кесте – Ішкі аудит жөніндегі комитеттің 2016 жылғы құрамы және көзбе-көз отырыстарға қатысуы

Комитет мүшелері	Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті мүшелерінің 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарға қатысуы													
	29.01.2016	05.02.2016	26.02.2016	06.04.2016	25.04.2016	04.05.2016	01.06.2016	29.06.2016	06.09.2016	20.09.2016	03.11.2016	24.11.2016	07.12.2016	%
Арсланова З.Ф. (Комитет төрайымы)	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Бектеміров Қ.Ә.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Дудас Д. (Комитет мүшесі болып 18.02.2016 ж. сайланды)			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет мына мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылды:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ даму стратегиясын айқындау және оның іске асырылуын қадағалау;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ұзақ мерзімді кезеңде дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін қарастыру және бекіту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ инновациялық және инвестициялық стратегиясын айқындау;
- Инвестицияларды жүзеге асыру;
- Инвестициялық жобалар бойынша шешімдерді алдын ала мақұлдау.

2016 жылы Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет 7 көзбе-көз отырыс өткізді, оларда Компания қызметінің бірқатар негізгі мәселелері қаралды:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылатын, Даму стратегиясының орындалу барысы, қызметтің негізгі стратегиялық көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізілуі туралы ақпарат мазмұндалатын құжаттарды алдын ала қарастыру;
- Компанияның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Іс-әрекеттер бағдарламасы мен Іс-шаралар жоспарын алдын ала қарастырып, мақұлдау және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұсынымдар даярлау;
- «Үлбі-ТВС» ЖШС» жобасының ТЭН алдын ала бекіту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2015-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының іске асырылуы туралы есептер және 2016 жылы стратегиялық ПӘК орындалуымен байланысты мәселелер.

Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің құрамы мен көзбе-көз отырыстарға қатысуы туралы деректер мына кестеде ұсынылған.

12-кесте – Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің 2016 жылғы құрамы және көзбе-көз отырыстарға қатысуы

Комитет мүшелері	Посещаемость членами Комитета по стратегическому планированию и инвестициям Совета директоров очных заседаний в 2016 году							
	01.04.2016	18.04.2016	25.05.2016	13.06.2016	04.08.2016	03.11.2016	07.12.2016	%
Дудас Д. (Комитет төрағасы, 18.02.2016 ж. сайланды)	+	+	+	+	+	+	+	100
Арсланова З.Ф. (Комитет мүшесі болып 18.02.2016 ж. сайланды)	+	+	+	+	+	+	+	100
Ержанов Т.Б. (Комитет мүшесі болып 18.02.2016 ж. сайланды)	+	+	+	+	-	+	+	86

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет мына мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылды:

- Директорлар кеңесі, Басқарма құрамына, Корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды және Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Директорлар кеңесі тағайындайтын немесе келісетін басқа да жұмыскерлерді тарту;
- Директорлар кеңесі үшін тәуелсіз директорларға, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға сыйақы белгілеу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Компанияның кадрлық саясатына, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері лауазымдарына тағайындау тәртібіне, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының қызметін бағалау саясатына, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктіліктерін арттыруға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәселелерге қатысты ұсынымдар беру.

2016 жылы Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет 11 көзбе-көз отырыс өткізді, оларда Компания үшін маңызды мәселелер қарастырылды, соның ішінде:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарушы жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерін қарастыру туралы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма мүшелерін тағайындау туралы;
- Бірқатар еншілес кәсіпорындардың бірінші басшыларының тағайындалуын мақұлдау туралы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарушы жұмыскерлерінің ауыспалылығын жоспарлау туралы.

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің құрамы мен қатысуы туралы деректер мына кестеде ұсынылған.

13-кесте – Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің 2016 жылғы құрамы және қатысуы

Комитет мүшелері	Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеті мүшелерінің 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарға қатысуы											
	12.02.2016	01.04.2016	18.04.2016	25.04.2016	25.05.2016	29.06.2016	06.09.2016	29.09.2016	06.10.2016	03.11.2016	07.12.2016	%
Арсланова З.Ф. (Комитет төрайымы)	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Бектеміров Қ.Ә.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Дудас Д. (Комитет төрағасы, 18.02.2016 ж. сайланды)		+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	90

Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет

Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет мына мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылды:

- Өнеркәсіптік, экологиялық және радиациялық қауіпсіздік саласындағы корпоративтік басқару жүйесін жақсарту жөнінде;
- Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша саясатты жүзеге асыруда еншілес және тәуелді ұйымдармен тиімді өзара ықпалдасу және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметін үйлестіру жөнінде;
- Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бағдарламалық құжаттарын қабылдау жөнінде;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ішкі құжаттарының қағидаларына сәйкес өз құзыреті шегіндегі басқа мәселелер жөнінде.

2016 жылы Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет 3 көзбе-көз отырыс өткізді, оларда Компания қызметінің бірқатар негізгі мәселелері қарастырылды:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және орнықты даму саласындағы қызметі туралы есеп;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік персоналына әлеуметтік-еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жоспарын орындау жөніндегі есеп;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да өндірістегі жазатайым оқиғаларға жол бермеу бойынша жүргізілген жұмыс туралы есептер.

Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің құрамы мен көзбе-көз отырыстарға қатысуы туралы деректер мына кестеде ұсынылған.

14-кесте – Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің 2016 жылғы құрамы және көзбе-көз отырыстарға қатысуы

Комитет мүшелері	Директорлар кеңесінің Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті мүшелерінің 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарға қатысуы			
	06.09.2016	03.11.2016	24.11.2016	%
Дудас Д. (Комитет төрағасы, 15.06.2016 ж. сайланды)	+	+	+	100
Арсланова З.Ф. (Комитет мүшесі болып 15.06.2016 ж. сайланды)	+	+	+	100
Ержанов Т.Б. (Комитет мүшесі болып 15.06.2016 ж. сайланды)	+	+	+	100

4.4 БАСҚАРМА

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының қызметі Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Басқарма туралы ережеде сипатталған қағидаттармен белгіленеді. Бұл құжаттарда Басқарма мүшелерінің ролі мен есептілігі, Басқарма мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі туралы ақпарат мазмұндалады.

Басқарма «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ алқалы атқарушы органы болып табылады. Атқарушы орган ретіндегі Басқарманың басты міндеті – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ағымдағы қызметіне басшылық ету. Басқарма «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысында бекітілген құзыретіне сәйкес шешімдер қабылдайды.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 6 мамырдағы шешімімен өкілеттік мерзімдері белгіленген бес адамнан тұратын Басқарма құрамы белгіленді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Басқарма Төрағасы:

ЖҰМАҒАЛИЕВ АСҚАР ҚУАНЫШҰЛЫ

(«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 27 тамыздағы шешімімен тағайындалды (көзбе-көз отырыстың №12/15 хаттамасы);

Басқарма мүшелері:

ӘБСАТТАРОВ ҚАЙРАТ БЕКТАЙҰЛЫ –

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әкімшілік мәселелер жөніндегі бас директоры

(«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 27 тамыздағы шешімімен тағайындалды (көзбе-көз отырыстың №12/15 хаттамасы);

ЫБЫРАЕВ БАУЫРЖАН МҰХТАРХАНҰЛЫ –

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндіріс және ЯОЦ жөніндегі бас директоры

(«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 27 тамыздағы шешімімен тағайындалды (көзбе-көз отырыстың №12/15 хаттамасы);

ЮСУПОВ МЕЙІРЖАН БАҚЫТҰЛЫ –

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директоры

(«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 20 қарашадағы шешімімен тағайындалды (көзбе-көз отырыстың №15/15 хаттамасы);

ЕҢСЕБАЕВ РУСЛАН СӘТБЕКҰЛЫ –

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ трансформация және кадрлық саясат жөніндегі бас директоры

(«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 04 мамырдағы шешімімен тағайындалды (көзбе-көз отырыстың №3/16 хаттамасы).

ЖҰМАҒАЛИЕВ АСҚАР ҚУАНЫШҰЛЫ

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

Туылған күні (күні, айы, жылы)	1972 жылғы 02 тамыз
Туған жері	РСФСР, Орынбор облысы, Ақбұлақ кенті
Ұлты	Қазақ
Білімі	жоғары
Оқу орнының атауы және тәмамдаған жылы	Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық институты – 1996 Қазақ мемлекеттік заң академиясы – 2002 Лозанна қаласындағы Швейцария Федералдық технология институты – 2002
Мамандығы бойынша біліктілігі	Радиобайланыс, радио хабарларын тарату, радиотелевидение Құқықтану
Шет тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін меңгеруі	орыс тілін еркін меңгерген, қазақ тілін еркін меңгерген, ағылшын тілінде оқиды және түсінісе алады
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Лозанна қаласындағы Швейцария Федералдық технология институтының электронды басқару магистрі дәрежесі
Мемлекеттік марапаттары, құрметті атақтары	«Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медальдары «Құрметті байланысшы» атағы – 2005 жыл Ю.А. Гагарин атындағы медаль «Құрмет» ордені – 2009 жыл
Дипломатиялық дәрежесі	Жоқ
Әскери, арнайы атағы, сыныптық шені	Аға сержант
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтер	Жоқ
Арнайы тексеру нәтижелері	Астана қаласы бойынша ҰҚҚД 2010 жылғы 16 шілдедегі №2/3-3-751 хаты
Аттестаттау күні және нәтижелері	өткен жоқ

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Күні		лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері
қабылданған	жұмыстан шығарылған	
02.1996	02.1998	«Жарық» ЖШС директоры
02.1998	02.1999	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Пошта және телекоммуникациялар жөніндегі департаментінің Радиожиіліктік спектрді жоспарлау және пайдалану бөлімінің сектор меңгерушісі
05.1999	04.2000	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің бас маманынан бөлім бастығына дейін
05.2000	10.2000	«Республикалық телекоммуникациялық трафиктің биллинги орталығы» РМК Техникалық қамтамасыздандыру басқармасының басшысы
07.2003	05.2006	Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары, Төрағасы
10.2006	03.2010	«Қазақтелеком» АҚ Басқарма Төрағасы
03.2010	01.2012	Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрі
01.2012	03.2014	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі
03.2014	07.2014	Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат агенттігінің төрағасы
07.2014	05.2015	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі
05.2015	қазіргі уақытқа дейін	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы

Туылған күні (күні, айы, жылы)	1958 жылғы 01 қаңтар
Туған жері	Шығыс Қазақстан облысы
Ұлты	Қазақ
Білімі	Жоғары
Оқу орнының атауы және тәмамдаған жылы	С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университеті, 1978-1983 жж. Физика
Шет тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін меңгеруі	Қазақ тілі – өте жақсы Орыс тілі – өте жақсы Ағылшын тілі – өте жақсы
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі
Мемлекеттік марапаттары, құрметті атақтары	«ҚР Конституциясына 10 жыл» медалі, «ҚР атом саласының еңбек сіңірген қызметкері» медалі, «Ерен еңбегі үшін» медалі
Дипломатиялық дәрежесі	Жоқ
Әскери, арнайы атағы, сыныптық шені	Аға лейтенант
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтер	Жоқ
Аттестаттау күні және нәтижелері	өткен жоқ

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Күні		лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері
қабылданған	жұмыстан шығарылған	
1983	1994	ҚазКСР ҒА Ядролық физика институты, радиоактивті сәулеленулер зертханасы, инженер, кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер. ВВР-К реакторымен эксперименттер
1984	1991	П.Н. Лебедев атындағы КСРО ҒА Физика институты (КСРО ҒАФИ), нейтрондық физика зертханасы, МИФИ ИРТ-2000 реакторымен ғылыми эксперименттер
1994	2000	Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университеті, физика факультеті, аға оқытушы, доцент, оптика және плазма физикасы кафедрасының меңгерушісі, директордың орынбасары
1996		АЭХА желісі бойынша Берлин Нейтрондық Зерттеулер Орталығында (BENC) тағлымдамадан өту, BER-2 реакторымен жұмыс істеу
1999	2000	1999-2000 Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университеті, Эксперименталдық теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының (ЭТФ ҒЗИ) директоры
01.2001	06.2003	Қазатомөнеркәсіп ҰАК филиалы – № 6 кен басқармасының директоры, Қызылорда облысындағы Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын кеніштерінде табиғи уран өндіру
06.2003	06.2005	«МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» бас директоры. Электр энергиясы, ауыз су, жылу және бу өндірісі. Маңғыстау облысында БН-350 реакторын пайдаланудан шығару.
07.2005	03.2006	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның «Тау-кен компаниясы» ЖШС бас директоры
03.2006	02.2011	АО «Кен Дала.kz» АҚ бас директоры
02.2011	08.2015	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның «ОРТАЛЫҚ» өндіруші кәсіпорны» ЖШС бас директоры
09. 2015	Қазіргі уақытқа дейін	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндіріс және ЯОЦ жөніндегі бас директоры

ЫБЫРАЕВ БАУЫРЖАН МҰХТАРХАНҰЛЫ

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ЯОЦ ЖӨНІНДЕГІ БАС ДИРЕКТОРЫ

ЮСУПОВ МЕЙІРЖАН БАҚЫТҰЛЫ

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ БАС ДИРЕКТОРЫ

Туылған күні (күні, айы, жылы)	1979 жылғы 04 қазан
Туған жері	Оңтүстік Қазақстан облысы
Ұлты	Қазақ
Білімі	Жоғары
Оқу орнының атауы және тәмамдаған жылы	MIDDLE EAST TECHNICAL UNIVERSITY, 2001 жыл, Экономика және басқару мамандығы бойынша; Лондон экономика мектебі, 2007 жыл, Экономикалық дамуды басқару жөніндегі магистратура; Гарвард университеті, Кеннеди атындағы мемлекеттік басқару мектебі, 2015 жыл, Мемлекеттік басқару магистрі.
Мамандығы бойынша біліктілігі	Бакалавр, Магистратура
Шет тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін меңгеруі	Қазақ тілі – өте жақсы Ағылшын тілі – өте жақсы Орыс тілі – өте жақсы
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Магистр
Мемлекеттік марапаттары, құрметті атақтары	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 15 жылдығының құрметіне
Дипломатиялық дәрежесі	Жоқ
Әскери, арнайы атағы, сыныптық шені	Лейтенант
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтер	Жоқ
Аттестаттау күні және нәтижелері	өткен жоқ

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Күні		лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері
қабылданған	жұмыстан шығарылған	
10.2001	02.2003	«Түркуаз компаниялар тобы» АҚ Маркетинг департаменті директорының орынбасары – ішкі аудитор.
03.2003	09.2006	«Демир Қазақстан Банк» АҚ Корпоративтік қатынастар департаменті директорының орынбасары.
09.2007	08.2010	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің бас менеджері.
09.2009	03.2010	ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті директорының орынбасары.
04.2009	08.2010	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің бас менеджері.
09.2010	11.2015	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік қаржы және қазынашылық департаментінің директоры.
11.2015	Қазіргі уақытқа дейін	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директоры.

ӘБСАТТАРОВ ҚАЙРАТ БЕКТАЙҰЛЫ

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ

ӘКІМШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ БАС ДИРЕКТОРЫ

Туылған күні (күні, айы, жылы)	1966 жылғы 21 маусым
Туған жері	Жезқазған қаласы
Ұлты	Қазақ
Білімі	Жоғары
Оқу орнының атауы және тәмамдаған жылы	1. Қарағанды политехникалық институты: мамандығы – Инженер механик, 1990 ж. 2. Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті: мамандығы – Экономика және өндірісті басқару, 1998 ж.
Мамандығы бойынша біліктілігі	Инженер механик
Шет тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін меңгеруі	Қазақ тілі – өте жақсы Орыс тілі – өте жақсы Ағылшын тілі – өте жақсы
Мемлекеттік марапаттары, құрметті атақтары	«Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медальдарымен және «Құрмет» орденімен марапатталған.
Дипломатиялық дәрежесі	Жоқ
Әскери, арнайы атағы, сыныптық шені	Аға сержант
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтер	Жоқ
Аттестаттау күні және нәтижелері	өткен жоқ

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Күні		лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері
қабылданған	жұмыстан шығарылған	
08.1990	09.1992	Жезқазған автомобиль көлігі өндірістік бірлестігінің автокөлік кәсіпорнының телім шебері.
10.1992	04.1996	«Автомотосервис және сауда» Жезқазған облыстық кәсіпорнының шебері, директорының техникалық мәселелер және өндіріс жөніндегі орынбасары.
04.1996	07.1997	Жезқазған облысы әкімі аппаратының консультанты.
01.1998	09.1998	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Стратегиялық жоспарлау департаментінің бас маманы, Астана қаласы.
09.1998	10.2001	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және бақылау департаментінің бөлім бастығы, Астана қаласы.
10.2001	09.2002	Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі Хатшылығының бас сарапшысы, Астана қаласы.
09.2002	11.2003	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің бас сарапшысы, Астана қаласы.
11.2003	02.2004	Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік қадағалау және лицензиялау департаментінің директоры, Астана қаласы.
05.2006	10.2006	Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің Қаржы-экономикалық сараптама және әкімшілік жұмыс департаментінің директоры, Астана қаласы.
10.2006	09.2007	«Қазақтелеком» АҚ атқарушы директоры – президент аппаратының басшысы, Астана қаласы.
09.2007	03.2010	«Қазақтелеком» АҚ бас әкімші директоры, Астана қаласы.
03.2010	02.2012	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Жауапты хатшысы, Астана қаласы.
02.2012	03.2013	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі, Астана қаласы.
03.2013	10.2013	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің төрағасы, Астана қаласы.
10.2013	06.2014	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі.
06.2014	09.2015	ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің Өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі.
18.09.2015	Қазіргі уақытқа дейін	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әкімшілік мәселелер жөніндегі бас директоры.

ЕҢСЕБАЕВ РУСЛАН СӘТБЕКҰЛЫ

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ

ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ БАС ДИРЕКТОРЫ

Туылған күні (күні, айы, жылы)	1981 жылғы 03 қазан
Туған жері	Ақмола облысы, Степняк қаласы
Ұлты	Қазақ
Білімі	Жоғары
Оқу орнының атауы және тәмамдаған жылы	Басқару институты, Астана қаласы, 2001-2005 жж., Экономика және басқару Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қаласы, 2013 ж., Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету. Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы қаласы, 2014-2016 жж., Жобаларды басқару
Мамандығы бойынша біліктілігі	экономист-менеджер
Шет тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін меңгеруі	Қазақ тілі – өте жақсы Ағылшын тілі – өте жақсы Орыс тілі – өте жақсы
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Экономика ғылымдарының магистрі
Мемлекеттік марапаттары, құрметті атақтары	1. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен наградталған. 2. Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының құрмет грамотасымен наградталды. 3. «Еңбек қызметіндегі тиімділігі үшін» құрмет медалімен наградталды.
Дипломатиялық дәрежесі	Жоқ
Әскери, арнайы атағы, сыныптық шені	
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтер	Жоқ
Аттестаттау күні және нәтижелері	өткен жоқ

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Күні		лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері
қабылданған	жұмыстан шығарылған	
01.2001	04.2002	«Қаржылық жүйелерді ақпараттандыру орталығы» РМК ЖТҚ бөлімінің 2-ші санатты инженер-жүйе технигі, Астана қаласы
04.2002	08.2002	«Қазақстан темір жолы» ЖАҚ Техникалық саясат және ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің жетекші инженері, Астана қаласы
09.2002	11.2003	«Қаржылық жүйелерді ақпараттандыру орталығы» РМК ақпараттың қорғалуын ұйымдастыру секторының жетекші инженер-жүйе технигі, Астана қаласы.
11.2003	04.2008	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Интеграциялық шешімдер жөніндегі бағытының электронды үкімет веб-порталы мен шлюзін дамыту жобасының директоры, Астана қаласы, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ «Электронды үкімет» технологиясын дамыту департаментінің Электронды үкімет веб-порталы бөлімінің бастығы, Астана қаласы, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» ЖАҚ Ақпараттық ресурстар әдіснамасы және мониторингі департаментінің Электронды үкімет бөлімінің бастығы, Астана қаласы, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» ЖАҚ Ақпараттық ресурстар әдіснамасы және мониторингі департаментінің Куәландыру орталығының бастығы.
04.2008	06.2010	«Қазақтелеком» АҚ филиалы Ақпараттық жүйелер дирекциясының Электронды қызмет көрсетулер жөніндегі қызметінің бас маманы, Астана қаласы
04.2010	07.2011	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Жобалау бизнесі жөніндегі басқарушы директоры, Астана қаласы
07.2011	04.2014	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы, Астана қаласы
04.2014	07.2014	«Зерде» Ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Астана қаласы
08.2014	03.2016	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы, Астана қаласы
03.2016	Қазіргі уақытқа дейін	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ трансформация және кадрлық саясат жөніндегі бас директоры, Астана қаласы

15-кесте – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма мүшелерінің Басқарманың 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарына қатысуы

Басқарма мүшелері	Отырыстарға қатысуы	%	Есепті кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
Жұмағалиев А.Қ.	21	100%	01.01.2016 – 31.12.2016
Әбсаттаров Қ.Б.	17	80%	01.01.2016 – 31.12.2016
Еңсебаев Р.С. Жұмысқа 04.05.2016 ж. бастап қабылданды	11	91%	04.05.2016 – 31.12.2016
Ыбыраев Б.М	17	80%	01.01.2016 – 31.12.2016
Юсупов М.Б.	17	80%	01.01.2016 – 31.12.2016
Полторацкий С.И 4 мамырға дейін Басқарма мүшесі болған	7	77%	01.01.2016 – 04.05.2016

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасы туралы Ережеге сәйкес, Басқарма шешімдері мына тәсілдермен қабылдана алады:

- Көзбе-көз дауыс беру арқылы (көзбе-көз отырыс);
- Сырттай дауыс беру арқылы (отырыс өткізбестен);
- Аралас дауыс беру арқылы.

БАСҚАРМАНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Есепті кезеңде Басқарманың 21 көзбе-көз отырысы өткізілді, оларда 111 мәселе қаралды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының көзбе-көз отырыстарының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша оң шешімдер қабылданып, көзбе-көз немесе сырттай дауыс беру арқылы қол қойылды, сондай-ақ 2016 жыл кезеңінде 656 шешім қабылданды (15-кесте – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма мүшелерінің Басқарманың 2016 жылғы көзбе-көз отырыстарына қатысуы)

2016 жылы Басқарма қарастырған ең өзекті мәселелердің қатарында мыналарды атап көрсетуге болады:

- Түзетілген Даму жоспарын бекіту және 2016-2020 жылдарға арналған Баламалы Даму жоспарын мақұлдау;
- Жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына өзгертулер енгізу;
- Орталық аппараттың ұйымдық құрылымын және жұмыскерлердің жалпы санын бекіту;
- Бизнесті трансформациялау бағдарламасының Жарғысына өзгертулер енгізу;
- Жұмыскерлерге Астана қаласынан баспана сатып алуға өтемақы беру туралы;
- «Электр энергиясы» және «ЖЖМ» пилоттық сатып алудың санаттық стратегияларын бекіту;
- 2016 жылғы қыркүйек – желтоқсан кезеңіне арналған «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «Kazsilicon» МК» ЖШС оңалту іс-шараларының кешенін әзірлеу;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және ОҚО мен ҚЗО әкімдіктері арасында әлеуметтік-экономикалық даму аясындағы ынтымақтастық меморандумдары бойынша міндеттемелердің орындалуы мәселелерін қарастыру.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма мүшелеріне 2016 жылдың қорытындысы бойынша есептелген сыйақының жалпы сомасы 213 980 171 теңгені құрады.

16-кесте – Компания Басқармасы 2015-2016 жж. қарастырған мәселелер саны

Көрсеткіш	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Көзбе-көз отырыстар саны	21	24	(12,5%)
Көзбе-көз отырыстарда қаралған мәселелер саны (күн тәртібінен тыс қаралған мәселелерді қоса алғанда)	135	133	1,5%
Сырттай отырыстарда қаралған мәселелер саны	521	539	(3,3%)

БАСҚАРМА ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Басқарма жанында Басқарма қабылдаған шешімдердің тиімділігін арттыруға септігін тигізетін мынадай комитеттер жұмыс істейді:

Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет

Компанияның Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті Компанияда тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды қарастыратын және қалыптастыратын негізгі жұмыс органы болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттің негізгі функциялары:

1. Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі (соның ішінде Тәуекелдерді басқару жөніндегі Саясат пен Ережелердің) және басқа да құжаттарының жобаларын қарастыру және алдын ала мақұлдау;

2. Тәуекелдерді басқару процесінде Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өзара ықпалдастығын үйлестіру;

3. Негізгі тәуекелдерге қатысты тәуекелге тәбетін, төзімділік деңгейлерін қарастыру және мақұлдау;

4. Банктерге лимиттерді және депозиттеріне уақытша бос ақшалар орналастырылуы мүмкін (қажет болған жағдайда) екінші деңгейлі банктер тізбесін қарастыру және мақұлдау;

5. Тәуекелдерді барынша азайту іс-шараларының шоғырландырылған жоспарларын және оларға қатысты тәуекелдер карталарын қоса алғанда, тәуекелдер тіркелімін қарастыру және мақұлдау;

6. Негізгі тәуекелдік көрсеткіштерді қарастыру және мақұлдау;

7. Тәуекелдер мен бақылау матрицаларын қарастыру және мақұлдау;

8. Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және ұстау бойынша ұсыныстарды дайындау;

9. Тәуекелдер тіркелімі аясында тәуекелдердің иелерін қарастыру және мақұлдау. **G4-34**

Инвестициялық комитет

Инвестициялық комитеттің негізгі мақсаты Компанияның инвестициялық қызметін іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар (ұсыныстар) әзірлеу болып табылады.

Инвестициялық комитеттің негізгі функциялары:

1. Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын келісу;

2. Белгіленген тәртіпте ұсынымдарды әзірлеу, қарастыру және іске асыру барысы:

•• Компанияның Инвестициялық және/немесе Стратегиялық жобалары бойынша;

•• Компанияның немесе еншілес және тәуелді ұйымдардың басқа заңды тұлғалардың акцияларының (қатысу үлестерінің) пакетін сатып алу немесе иеліктен шығару, еншілес және тәуелді ұйымдардың бөгде заңды тұлғалармен бірігуі және Инвестициялық және/немесе Стратегиялық жобаларды іске асыру мақсатында жаңа заңды тұлғалардың құрылуы бойынша;

•• еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталын ұлғайту бойынша;

•• Инвестициялық және/немесе Стратегиялық жобаларды іске асыру аясында жұмыс топтарын құру бойынша,

•• және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес басқа да сұрақтар бойынша.

3. Қор қарауына шығарылатын Компанияның Инвестициялық жобалар бойынша сараптамалық қорытындыларын дайындау. **G4-34**

Кредиттік Комитет

Кредиттік комитеттің негізгі мақсаты «Самұрық-Қазына» АҚ талаптарына сәйкес Компанияның кредиттік саясатын іске асыру және Компанияның кредиттерді ұсынуымен байланысты мәселелер бойынша шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануын қамтамасыз ету болып табылады.

Кредиттік комитеттің негізгі функциялары:

1. Кредит берілетін нақты және жоспарлы қаржылық көрсеткіштерді сараптамалық бағалау талдауын қоса алғанда, кредиттік өтінімдер бойынша шешімдерді қабылдауға арналған ұсынымдарды қарастыру және дайындау, кепілдік қамтамасыз етуді тексеру;

2. Сома, мерзім, мақсат, сыйлықақы мөлшерлемесі, қамтамасыз ету, негізгі борыш пен сыйлықақыны өтеу кестесі және басқалар сияқты кредит ұсыну талаптарын белгілеу;

3. Кредиттік қызметті жоспарлы және жоспардан тыс қадағалау бойынша шешімдерді қарастыру және қабылдау;

4. Кредитті қайта құрылымдау бойынша және проблемалы кредиттер бойынша шешімдер қабылдауға арналған ұсынымдарды қарастыру және дайындау. **G4-34**

Мамандандырылған ғылыми-техникалық кеңес

Компанияның мамандандырылған ғылыми-техникалық кеңесі (МҒТК) Компанияның ғылыми-техникалық және инновациялық-технологиялық дамуының стратегиялық бағыттарын іске асыру саласындағы негізгі жұмыс органы болып табылады.

МҒТК негізгі функциялары:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ғылыми-техникалық және инновациялық-технологиялық дамуының стратегиялық бағыттарын құру, өзектілендіру және іске асыру;

2. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының мүддесінде ғылым және жаңа технологиялар жетістіктерін пайдалану;

3. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және инновациялық жұмыстарының стратегиялық жоспарларын, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының ҒЗТКЖ жоспарларын қарастыру және келісу;

4. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдары үшін орындалатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалық жұмыстарды өзектілендіру және қадағалау. **G4-34**

4.5 КОМПАНИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания нақты функционалдық құрылымы бар Корпоративтік орталық болып табылады. Трансформациялау бағдарламасының қабылдануына байланысты Компания болашақта қызметінің негізгі бағыттарын басқарудың процестік тәсіліне өтуді жоспарлайды. ҚӘӨ

4.6 КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

Компания сыбайлас жемқорлықпен күресті қоса алғанда, істерді адал жүргізудің мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу кезінде және сенімді корпоративішілік өзара қатынастарды құру кезінде қажетті фактор болып табылатындығын мойындайды. Осылайша, Компания жұмыс істейтін әлеуметтік және экономикалық орта транзакциялардың сенімділігі мен адалдығын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мүдделі тараптардың шешім қабылдауы үшін анық ақпаратты ұсыну есебінен жақсарады.

Компанияның барлық қызметкерлері жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ Кодекс қағидаларына өзгертулер енгізу кезінде Корпоративтік этика кодексімен таныстырылады. Танысу дәлелі ретінде танысу нысаны (Кодекстің №1 қосымшасы) толтырылып, оған Кодекспен танысқаннан кейін әрбір қызметкер қол қояды. **G4-56**

Корпоративтік этика кодексінің қағидаларын түсінуін тексеру персоналды мерзімді тестілеу арқылы жүзеге асырылады.

Компания корпоративтік этиканың жоғары стандарттарына бейіл және:

- Пара алудың, бопсалаудың, ресмиліктерді жеңілдету үшін сыйлықтардың және басқа да сыбайлас жемқорлық тәжірибелерінің алдын алуға көмектесетін саясат пен тәжірибелерді қолдануға және жақсартуға;
- Заңсыз жолмен алынған табыстардың заңдастырылуына қарсы әрекет етуге;
- Заңнама, Жарғы, халықаралық шарттар талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге және олардың бұзылуы үшін санкциялар белгілеуге;
- Орындалатын әрекеттердің заңнама талаптарына сәйкестігінің маңыздылығына қатысты персоналдың хабардарлығын арттыруға, жұмыскерлерді ынталандыруға, Компания саясатының, ережелерінің және процедураларының бұзылу жағдайлары туралы хабарлауға;
- Компанияның жұмыскерлеріне төленетін еңбекақы деңгейінің орындалатын жұмысқа және біліктілік деңгейіне сәйкес келетіндігін көрсетуге;
- Салықтарды және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да төлемдерді қоса алғанда, шарттар бойынша міндеттемелерді мерзімінде орындауға;
- Адал бәсекелестік ұстанымдарын сақтауға және сатып алу саясатын жүзеге асыру және шарт жасасу кезінде этикалық теңдік өлшемдерін пайдалануға;
- Қабылданатын шешімдердің ашықтығын, жариялылығын және әділдігін сақтауға міндеттенеді. **G4-56**

Компанияда Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік дау-жанжалдары мен мүдделер қақтығысын реттеу ережесі қолданылады, ол корпоративтік дау-жанжалдардың, мүдделер қақтығысының туындау себептерін, олардың алдын алу процедураларын анықтайды, сондай-ақ дау-жанжалдарды реттеу жөніндегі іс-шаралар аясында Компания органдарының қызметін регламенттейді.

Компанияның ҚР заңнамасы немесе Компанияның ішкі нормативтік құжаттары нормаларының бұзылуына жол бермеуге және алдын алуға бағытталған әрекеттері бірқатар құжаттармен регламенттелген, олардың ішіндегі ең бастысы – «Қаза-

томөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-дағы өтініштерді қарастыру тәртібі туралы ережелер (бұдан әрі – Ережелер).

Бұл Ережелер Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының барлық жұмыскерлеріне құқық бұзушылық фактілері туралы жасырын хабарлау мүмкіндігін беретін іс-шаралар кешені болып табылады. Хабарлау мен ақпарат берудің негізгі арналары ретінде Компанияда «сенім телефоны» мен электрондық адрес бар.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7/15 шешімімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы әрекет ету саясаты бекітілді, ол Компания қызметінің негізгі бағыттарын және лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша жалпы мінез-құлық ережелерін жаңа редакциясында береді. Бұл саясаттың қағидалары Корпоративтік этика кодексіне енгізілген. Әрбір қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау міндеттемесіне қол қояды. **G4-56**

Еңбек даулары мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, даудың белгілі бір мәселелері Еңбек заңнамасына сәйкес шешіледі. Сондай-ақ еңбек дауын шешудің медиативті әдісі қолданылады, ол арқылы туындаған дауларды реттеуге болады.

ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

Компанияда омбудсмен институтын құру Корпоративтік этика кодексінде көзделген. 2011 жылдан бастап Компания омбудсменін Директорлар кеңесі тағайындайды. Корпоративтік этика кодексіне сәйкес, омбудсменнің негізгі функциялары мыналарды қамтиды:

- Корпоративтік этика кодексінің қағидаларын сақтамау туралы мәліметтерді жинау,
- Корпоративтік этика кодексінің қағидалары бойынша лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің консультациялары,
- Корпоративтік этика кодексінің қағидаларын бұзу жөніндегі дауларды қарастыру бастамасын көтеру және оларды реттеуге қатысу.

Омбудсмен міндеттерінің бірі Корпоративтік этика кодексі қағидаларын сақтамау мәселелері бойынша арыздар туралы мәліметтерді қамтитын Корпоративтік этика кодексінің талаптарын сақтау туралы есепті Директорлар кеңесінің қарауына ұсыну болып табылады. **G4-56**

2016 жылы жұмыскерлерден бұзушылықтар жөнінде арыздар болған жоқ.

4.7 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Компанияда 2010 жылдан бастап тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) енгізілген, ол «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдері мен талаптарын басқарудың үздік әлемдік тәжірибелерін ескере отырып құрылған. G4-14

Компания тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы мына халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді басшылыққа алады:

- **COSO «Ішкі бақылау – интеграцияланған үлгі»** (2013 жыл)

1992 жылғы құжаттың жаңартылған нұсқасы. COSO 2013 ішкі бақылау ұйымның барлық деңгейлеріндегі адамдарға (тек басшылыққа, директорға және т.б. ғана емес) байланысты процесс болып табылатындығына және Компанияның бизнес-мақсаттарына жетуге бағытталуы тиіс екендігіне сендіруде.

- **COSO «Ұйым тәуекелдерін басқару – интеграцияланған үлгі»** (2004 жыл, қайта қарау және жаңарту сатысында) (Интеграцияланған үлгі» мен «Қолданылатын техникаларды» қамтиды).

Тәуекелдерді басқарудың әртүрлі аспектілеріне назар аударатын тұжырымдамалық үлгі. Ішкі бақылауды Компаниядағы тәуекелдерді басқарудың маңызды құрауышы ретінде қарастырады.

- **ISO 31000:2009 «Тәуекел менеджменті – Қағидаттар мен нұсқаулықтар» стандарты** (2009-2010 жылдар)

Тәуекелдерді басқару процесінің қағидаттары мен тәсілдерін белгілейтін нұсқаулық. Стандарт жеке меншік немесе мемлекеттік сектордағы ұйымның кез келген түріне қолдануға болатын тәуекел менеджменті саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен процестерді белгілейді.

- **ISO 9001:2008 және ISO 9001:2015** «Сапа менеджменті жүйесі» стандарты.

Сапаны басқару тәсілдерін белгілейтін стандарттар, соның ішінде өнімнің сапасына әсер ететін тәуекелдерді басқарудың процестік тәсілі.

- «**Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі нормативтік құжаттары.**

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компания қызметі әр түрлі тәуекелдермен байланысты, осыған орай тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі Компанияның Даму стратегиясы мен қызметінің негіз қалаушы элементі болып табылады. Тәуекелдерді дәл және уақтылы анықтау, бағалау, қадағалау және әрекет ету басқарудың барлық деңгейлерінде тиімді шешім қабылдауға және Компания қызметінің стратегиялық мақсаттары мен негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компаниядағы тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше Тәуекел менеджменті басқармасы болып табылады. Тәуекелдерді басқару жөніндегі негізгі мәселелерді Компания Басқармасы жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті алдын ала қарастырады, мақұлдайды немесе келіседі. Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру үшін жауапты жекелеген құрылымдық бөлімшелер қалыптастырылады немесе тәуекел менеджерлері тағайындалады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы, қатысушылары және қатысушыларының өкілеттіктері туралы егжей-тегжейлі ақпарат Компанияның интернет-сайтында орналастырылған Тәуекелдерді басқару саясатында келтірілген.

Компаниядағы тәуекел мәдениеті барлық негізгі бөлімшелер мен мүдделі тараптардың тартылуының, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Басқарма және Компания бөлімшелері арасындағы тәуекелдерді басқару процесі барысында тиімді ақпарат алмасудың арқасында қалыптасады. Тәуекелдердің иелері болып табылатын бөлімшелердің басшылары мен басқа да қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша корпоративтік оқу ұйымдастырылады, жыл сайын кәсіпорындарда тәуекелдерді басқару үшін жауапты жұмыскерлермен өзекті проблемаларға арналған «дөңгелек үстел» өткізіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ трансформациялау аясында тәуекелдерді басқару жөніндегі ағымдағы жүйені тәуекелдерді басқару жөніндегі нысаналы үлгіге келтіру шаралары жүргізіледі.

ТБЖ одан әрі жетілдіру үшін Компанияның және оның кәсіпорындарының ТБЖ барлық қатысушы-

5-сурет – Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің құрылымы



ларының тартылуын есепке ала отырып, тәуекел менеджментінің негізгі процестерін автоматтандыру шаралары жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының ТБЖ тиімділігін бағалау әдістемесі негізінде 2016 жылы жүргізген тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау 84,2%-ды құрады.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

Компанияның барлық сәйкестендірілген тәуекелдері COSO «Ұйым тәуекелдерін басқару – интеграцияланған үлгі» әдіснамасына сәйкес негізгі бес санатқа бөлінген: стратегиялық, қаржылық, операциялық, инвестициялық және құқықтық.

Компанияда жыл сайынғы негізде еншілес және тәуелді ұйымдардың тіркелімдері мен тәуекелдер карталары бекітіледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның тәуекелдер картасы әсер және ықтималдық аймақтарына бөлінген.

Төменде Компанияның Директорлар кеңесі 2016 жылдың соңында бекіткен Тәуекелдер картасы көрсетілген.

Компания тәуекелдерінің Тіркеліміне сәйкес, 2016 жылға 31 тәуекел болжалданған, соның ішінде шекті тәуекелдер – 8 (қызыл аймақ).

6-сурет – 2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша әрбір аймақтағы тәуекелдер мөлшері көрсетілген тәуекелдер картасы



Жыл бойы мына тәуекелдер бойынша ауытқулар байқалды:

- Уран өткізу бағасының Компанияның кәсіпорындар тобының даму жоспарындағы 2016 жылға жоспарланған деңгейден төмендеуі;
- Уран өнімін өткізу жоспарын орындамау;
- Өндірістік жарақаттану;
- Үшінші тұлғалар тарапынан жасалған жосықсыз әрекеттердің Компанияның кәсіпорындар тобына экономикалық залал келтіруі;
- Заңнаманы әр түрлі түсіндірудің құқықтық салдарының басталуы;
- «SARECO» БК» ЖШС жобасын жүзеге асыру бойынша жоспарланған нәтижелерге қол жеткізбеуден болған залалдың ұлғаюы;
- KAZ-PV жобасы бойынша жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізбеумен байланысты тәуекелдер;
- Инвестициялық қызмет бойынша ауытқулардың теріс әсері.

Компания тәуекелдердің іске асуын болдырмауға және тәуекелдердің іске асуынан болатын салдарды азайтуға бағытталған іс-шараларды табысты жүргізеді. Тәуекелдер тіркелімі аясында ескерту шараларының орындалуы бойынша есептер тұрақты негізде қалыптастырылып тұрады.

Негізгі тәуекелдердің жай-күйін апта сайын қадағалауға арналған негізгі тәуекелдік көрсеткіштер анықталды. Бұл мәнмәтінде Компанияда енгізілген «Жағдаяттық орталық» ақпараттық жүйесі маңызды рольге ие, ол Компания басшылығының барлық өндірістік, қаржылық, әкімшілік және операциялық көрсеткіштердің жай-күйін көрсетуіне мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді лимиттеу практикасы енгізілді: жыл сайынғы негізде ықтимал теріс қаржылық салдарды және Компания құнының ықтимал төмендеуін болдырмау процесін бақылау мақсатында Компанияның тәуекелге тәбетінің деңгейі анықталады, барлық тәуекелдер бойынша төзімділік деңгейлері анықталады, екінші деңгейлі банктерге лимиттер белгіленеді.

Инвестициялық жобалардағы, сондай-ақ Компания кәсіпорындары өздерінің басқару органдарына шығаратын басқа да мәселелердегі тәуекелдерді талдау және бағалау практикасы енгізілді.

Тәуекел менеджменті басқармасы тоқсандық негізде Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты аша отырып, тәуекелдерді басқару туралы, тәуекелдерді барынша азайту бойынша қабылданған ескерту және әрекет ету

шаралары туралы, болжалданатын тәуекелдер және қаржылық тәуекелдердің жай-күйі туралы есептерді қалыптастырады.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компаниядағы ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру процестік тәуекелдерге жылдам әрекет етуге, негізгі және қосалқы процестер мен күнделікті операцияларды бақылауға қабілетті басқару жүйесін құруды көздейді.

Компаниядағы ішкі бақылау, қаржылық және басқарушылық есептілікті қалыптастыруды, заңнама мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауды, сондай-ақ операциялық қызмет шеңберіндегі процестердің нәтижелілігін арттыруды қоса алғанда, қызметтің негізгі үш саласы бойынша тәуекелдердің алдын алуға бағытталған.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-дағы ішкі бақылау жүйесі COSO «Ішкі бақылау – Интеграцияланған үлгі» үлгісіне сәйкес құрылған және өзара байланысты бес компоненттен тұрады, олар:

- Бақылау ортасы;
- Тәуекелдерді бағалау;
- Бақылау рәсімдері;
- Ақпарат және оны беру;
- Мониторинг.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-дағы ішкі бақылау жүйесі бойынша ережелер Компанияның интернет-сайтында орналастырылған.

«Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі негізінде Ішкі аудит қызметі жүргізген Компанияның ішкі бақылау жүйесінің 2016 жылдағы тиімділігін бағалау 92,5%-ды құрады (2015 ж. – 86,12%).

Ішкі бақылау жүйесі аясында Компания тұрақты негізде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

- Компанияның құрылымдық бөлімшелеріндегі бизнес-процестерді бақылау рәсімдерінің операциялық тиімділігін тестілеу.
- Еншілес және тәуелсіз ұйымдарда өзін-өзі бағалау жолымен, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдарға бару арқылы еншілес және тәуелді ұйымдарда ішкі бақылау жүйесінің дамуына диагностика жүргізу.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Өндірістік қызметтің тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық әлеуетін арттыру үшін, сондай-ақ өнім мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың стандарттау, метрология және сәйкестікті растау жөніндегі қызметін (сынақ зертханаларын басқару) реттеуді жүзеге асырады. Дайын өнімнің сапасын бақылауды ҚР СТ ИСО/ХЭК 17025 бойынша аккредиттелген сынақ зертханаларымен орындайды. Шығарылған өнімнің сапасын басқару әрбір кәсіпорынның өндірісін нормативтік және техникалық қамтамасыз етуге негізделеді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарында ISO 9000 сериясындағы халықаралық стандарттарға сәйкес сапа менеджменті жүйелері енгізілген.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да Корпоративтік стандарттау жүйесі қолданылады. Қазіргі уақытта 40 корпоративтік стандарт әзірленіп, бекітілді, оларға қызметтің қосалқы жүйелері мен стандарттар кешендері кіреді.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

5.1 Қаржылық жағдайы 86
5.2 Қаржылық тұрақтылық 90

5.1 ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Осы бөлімде көрсетілген сандар аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келеді. Компанияның аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігінің толық ашылуы Компанияның http://www.kazatomprom.kz/ru/content/investoram/investoram/otchety/finansovaya-otchetnost корпоративтік сайтында ұсынылған.

2016 жылы әлемдік нарықтағы табиғи уранның бағасы едәуір (40%-ға) төмендеді, бұл табыстылықты сақтауда белгілі бір қиындықтар туындатты. Алайда, жағымсыз сыртқы экономикалық факторларға қарамастан, Компанияның шоғырландырылған таза пайдасы 2016 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 206%-ға артты және 111 555 млн теңгені құрады.

№18 кесте теңгерім баптарының өзгерістерін көрсетеді және жалпы алғанда Компанияның қаржылық жағдайының оң динамикасын аңғартады.

17-кесте – Компанияның қаржылық жағдайы туралы есептің негізгі позицияларының өзгеруі, млн теңге

Позиция атауы	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс	Өзгеріс,%
Активтер	820 031	793 276	26 755	3%
Капитал	567 830	469 405	98 425	21%
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	106 493	150 239	(43 746)	(29%)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	143 742	173 632	(29 890)	(17%)

Компанияның шоғырландырылған теңгерімінің негізгі позициялары құрылымында елеулі өзгерістер орын алды. Компания активтерінің жалпы құны 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда болмашы өсім көрсетті (3% өсім). Бұл ретте теңгерім құрылымындағы Компания капиталының үлесі 10 %-ға дерлік артты және Компания пассивтерінің жалпы құнының 69%-ын құрады. Ал міндеттемелер үлесі 2015 жылғы пассивтердің жалпы құнының 41%-ынан 2016 жылы 31%-ына дейін азайды, бұл операциялық қызметті қаржыландыруға арналған меншікті қаражатты пайдаланудың ұлғайғандығын көрсетеді.

Компания активтері

Компания активтерінің ұлғаюының негізгі факторы Компанияның ағымдағы активтерінің 43 185 млн теңгеге артуы болып табылады, бұл негізінен қысқа мерзімді депозиттердің өткен жылмен салыстырғанда 47 456 млн теңгеге артуына байланысты. Валюталық тәуекелді басқару мақсатында Компания депозиттердегі ақшаларын Қазақстанның ірі банктерінде негізгі табыс валютасында, АҚШ долларында орналастырады. Бұл ретте ұзақ мерзімді активтер 2016 жылы 19 730 млн теңгеге азайды, бұл бекітілген трансформациялау бағдарламасы аясында бейіндік емес және қосалқы активтердің Топтан шығарылуына байланысты болды, оның нәтижесінде 2016 жыл ішінде 7 сатылды, 5 қайта құрылды және 5 кәсіпорын таратылды.

18-кесте – Компанияның активтер құрылымы, млн теңге

Позиция атауы	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс	Өзгеріс, %
Ұзақ мерзімді активтер	456 554	476 283	(19 729)	(4%)
Ағымдағы активтер	360 014	316 829	43 185	14%
Сатуға арналған активтер	3 463	164	3 299	2012%
Активтер жиынтығында	820 031	793 276	26 755	3%

Капитал

2016 жылы Компания капиталының 2015 жылмен салыстырғанда 98 млрд теңгеге өсуі 2016 жылы 112 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алынуына байланысты, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 75 млрд теңгеге жоғары.

Компанияның таза пайдасының 2016 жылғы ұлғаюының негізгі факторы 2015 жылдың соңында орын алған ұлттық валютаның құнсыздануы болып табылады. Теңгенің құнсыздануы негізгі қызметтен түсетін ұлттық валютадағы табыстардың, сондай-ақ 2016 жылғы Компанияның бірлескен кәсіпорындарының үлестік қатысудан түскен табыстарының өсуіне тікелей ықпал етті, өйткені Компанияның шоғырландырылған түсімінің 70%-ы АҚШ долларымен түседі. Бірлескен кәсіпорындардың үлестік қатысудан түсетін табыстары өткен жылмен салыстырғанда 161%-ға артты және 36 739 млн теңгені құрады (2015 жыл – 14 080 млн теңге).

Бұл ретте аталмыш құнсыздану 2015 жылғы жалпы пайданың 51%-ға жуығын құраған 53 446 млн теңге мөлшеріндегі Компанияның шетелдік валютадағы міндеттемелері бойынша теріс бағамдық айырманың есепке жазылуы есебінен 2015 жылғы таза табыстың төмендеуіне алып келді. Өз кезегінде, 2016 жылы Компания 2016 жыл ішінде АҚШ доллары бағамының салыстырмалы тұрақтылығы арқасында бағамдық айырмадан 3 614 млн теңге табыс тапты.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған (төленген) жай акцияларының саны 36 784 961 дананы құрады (2015 ж.: 36 692 361 дана). **G4-13**

Компанияның барлық акциялары дивидендтерді бөлу бойынша шешімдер қабылдайтын жалғыз және түпкі тарап болып табылатын «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі. Әрбір жай акция бір дауыс құқығын береді.

2016 жылы 12 031 млн теңге сомасында 2015 жылға дивидендтер жарияланды және төленді, бұл 2015 жылы төленген 2014 жылға дивидендтер сомасынан 418%-ға жоғары (2 323 млн теңге). Бір акцияға шаққандағы дивидендтер 328 теңгені құрады (2015 – 63 теңге).

19-кесте – Компанияның капитал құрылымы, млн теңге

Позиция атауы	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс	Өзгеріс, %
Жарғылық капитал	36 785	36 692	93	0%
Бөлінбеген пайда	495 732	398 991	96 741	24%
Капиталдың өзге де компоненттері	22 846	23 604	(758)	(3%)
Бақыланбайтын қатысу үлесі	12 467	10 118	2 349	23%
Капитал жиынтығында	567 830	469 405	98 425	21%

Компания міндеттемелері

Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелер 2016 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 73,6 млрд теңгеге азайды, бұл Компанияның қаржылық тұрақтылығының артқандығын көрсетеді.

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің азаюы ең алдымен ағымдағы міндеттемелер бөлігінің өтелуіне (төлемдер кестесіне сәйкес) байланысты.

20-кесте – Компанияның ұзақ мерзімді міндеттемелер құрылымы, млн теңге

Позиция атауы	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс	Өзгеріс, %
Займдар	77 184	119 776	(42 592)	(36%)
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	581	585	(4)	(1%)
Ұзақ мерзімді резервтер	17 320	17 183	137	1%
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	4 743	4 509	234	5%
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	6 665	8 186	(1 521)	(19%)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығында	106 493	150 239	(43 746)	(29%)

Қысқа мерзімді міндеттемелердің 2016 жылы 30 млрд теңгеге азаюы алдыңғы жылмен салыстырғанда қысқа мерзімді сауда кредиторлық берешегінің 27 млрд теңгеге азаюына байланысты. Қысқа мерзімді сауда кредиторлық берешегінің азаюы Компанияда операциялық қызметке жеткілікті өтімді қаражаттың болуын және жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешектің уақтылы өтелуін көрсетеді.

21-кесте – Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелер құрылымы, млн теңге

Позиция атауы	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс	Өзгеріс, %
Займдар	50 581	52 845	(2 264)	(4%)
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	74 654	101 622	(26 968)	(27%)
Қысқа мерзімді резервтер	98	101	(3)	(3%)
Өзге де салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	6 198	5 027	1 171	23%
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	134	1 036	(902)	(87%)
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	12 077	13 001	(924)	(7%)
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығында	143 742	173 632	(29 890)	(17%)

Активтерді пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

22-кесте – Активтерді пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері:

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Қорлардың айналымдылық коэффициенті (Түсім/Қорлардың орташа жылдық құны)	3,8	4,7	(0,9)
Қор қайтарымы коэффициенті (Түсім/Негізгі құралдардың орташа жылдық құны (аяқталмаған құрылысты есепке алмағанда))	3,9	3,6	0,3

Қорлардың айналымдылық коэффициентінің 2016 жылы 0,9-ға төмендеуі 2016 жылдың соңында 2015 жылдың соңымен салыстырғанда қор қалдықтарының 20 403 млн теңгеге артуынан болды. Бұл коэффициенттің төмендеуі Компанияның айналымдық активтерінің тиімсіз пайдаланылуын айғақтайды. Айналым қаражатын, соның ішінде қорларды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында Компания 2017 жылы уран өнімін өндіру көлемін азайтуды жоспарлайды.

Қор қайтарымы көрсеткішінің 2016 жылы 0,2-ге ұлғаюы Компанияның негізгі құралдарын пайдалану тиімділігінің артуын көрсетеді. Негізгі құралдардың орташа жылдық құнының 1 202 млн теңгеге болмашы төмендеуі кезінде (2016 жыл – 108 789 млн теңге, 2015 жыл – 109 991 млн теңге) Компания түсімді 21 135 млн теңгеге ұлғайтты (2015 жылғы 397 766 млн теңгеден 2016 жылғы 418 901 млн теңгеге дейін). Негізгі құралдар құнының төмендеуі Компанияның бейіндік емес активтерінің шығарылуына байланысты болса, Компания түсімінің ұлғаюы, осыған дейін айтылғандай, 2015 жылғы теңге құнсыздануының оң әсеріне байланысты.

EVA

Компания қызметінің негізгі стратегиялық көрсеткіші нақты басқару тетіктеріне дейінгі операциялық деңгейге Компанияның қосылған экономикалық құнын көрсететін EVA (Economic Value Added) болып табылады. Жыл қорытындылары бойынша EVA өсімі (үлестік қатысуды есепке алмағанда) 2015 жылғы минус10,3 млрд теңгеден 2016 жылғы минус 6,4 млрд теңгеге дейін 4 млрд теңгені құрады. Өсімге жалпы нәтижесі 2016 жылы шығындарды азайту және санаттық сатып алуларды енгізу есебінен 16,2 млрд теңгені құраған трансформация бағдарламасының арқасында қол жеткізілді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дамуының барлық нысаналы көрсеткіштері Компания стратегиясына сәйкес келеді.

5.2 ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қаржылық міндеттемелер

2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Компанияның қаржылық міндеттемелері (займдары мен кепілдіктері) 149 578 млн теңгені құрайды (2015 ж.: 240 100 млн теңге).

2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Компания займдарының шоғырландырылған берешек сомасы 127 929 млн теңгені құрады, соның ішінде банктік займдар (99%) және банктік емес займдар (1%).

2016 жылы займдар бойынша жалпы берешек кредиттер бойынша ағымдағы берешекті ішінара өтеу (кестеге сәйкес) есебінен 44 692 млн теңгеге азайды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Компанияның тәуелді кәсіпорындарының займдары бойынша берілген Компания кепілдіктерінің мөлшері 21 649 млн теңгені құрады. 2016 жыл ішінде кепілдіктер сомасы да ағымдағы берешекті өтеу есебінен 45 830 млн теңгеге азайды.

Қаржылық тәуекелдерін басқару кезінде Компания Акционер бекіткен Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын («Саясат») басшылыққа алады. Саясаттың мақсаты – борышты тарту нәтижесінде туындайтын «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қаржылық тұрақтылығы мен тәуекелдерін басқару.

Кредиторлар мен Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясаты белгілеген қаржылық тұрақтылықтың негізгі көрсеткіштері кестеде берілген қаржылық коэффициенттер болып табылады:

23-кесте – Қаржылық коэффициенттер

Шоғырландырылған көрсеткіштер	Нормативтік өлшемдер	2016 ж.	2015 ж.
Қаржылық борыштың меншікті капиталға қатынасы	Көп дегенде 1	0,26	0,51
Қаржылық борыштың салықтарды, пайыздарды, тозуды және амортизацияны төлегенге дейінгі пайдаға қатынасы (EBITDA)	Көп дегенде 3,5	0,99	1,89

2016 жыл бойы Компания ковенанттарды қоса алғандағы капитал деңгейіне қойылатын барлық сыртқы талаптарды сақтады.

Өтімділік

2016 жылдың соңында Компанияда 176 242 млн теңге (528,8 млн АҚШ доллары) сомасына уақытша бос ақшасы мен пайдаланылмаған займдары бар.

24-кесте – Уақытша бос ақша және пайдаланылмаған займдар

Миллион қазақстандық теңгемен	2016 ж.	2015 ж.
Қысқа мерзімді депозиттердегі сома	69 161	11 590
Шоттардағы ақша қаражаттарының сомасы	62 323	53 246
Займдар бойынша пайдаланылмаған сома	44 758	54 807
Жиынтығы	176 242	119 643

Өтімділікті басқару тәсілі тиімсіз шығындардың болуына жол бермей және абырой-беделіне нұқсан келтірмей, кәдімгі, сондай-ақ қауырт жағдайларда да өз міндеттемелерін мерзімінде өтеу үшін жеткілікті өтімді қаражаттың үнемі болуын қамтамасыз етуден тұрады.

Компания өтімді активтердің әртараптандырылған қоржындарына қаражат инвестициялайды және өтімділік деңгейіне күтілмеген талаптар болған жағдайда, жылдам және тиісінше әрекет ету мүмкіндігі болуы үшін корпоративтік кредиттік желілерді пайдаланады.

Жалпы алғанда, Компания қаржылық тұрақтылығын басқарады және жеткілікті ақша қаражатын жасау мен займдық және меншікті қаражатын теңгерімді пайдалану арқылы төлем қабілеттілігін қамтамасыз етеді.



6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

6.1 Шикізат базасы 73ы
Шикізат базасының жай-күйі 83
Уран өндіру және шығару 84
Сирек және жерде сирек кездесетін металдар 85
SARECO Жапониямен бірлескен жобасы 85
6.2 Энергетика 98
6.3 Ядролық отын циклы 100
6.4 Қосалқы өндірістер 104

6.1 ШИКІЗАТ БАЗАСЫ

ШИКІЗАТ БАЗАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Қазақстан Республикасындағы уран кен орындарының ауқымы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның негізгі бәсекелестік артықшылығын құрайды.
ҚАӨ4

Қазақстан жерасты ұңғылап шаймалау (ЖҰШ) әдісімен игеруге жарамды, барланған әлемдік уран қорларының 67 %-ын иеленеді. Осылайша, Компания әлемдегі ең ірі барланған және болжамдалған уран қорларын қамтитын бірегей шикізат қорына ие болып отыр.
ҚАӨ4

Қазақстанда теңгерімдік уран қорлары бар 55 барланған кен орнының 13-і игерілуде, калған 42 кен орны резервте тұр.

7-сурет – Қазақстан Республикасының уран провинциялары



Шу-Сарысу провинциясы – 60,2%
Солтүстік Қазақстан провинциясы – 17,3%
Сырдария провинциясы – 15,2%
Іле провинциясы – 4,7%
Каспий маңы провинциясы – 1,8 %
Балқаш маңы провинциясы – 0,8 %

Уранның жаңа кен орындарын іздестіруге бағытталған мемлекеттік геологиялық жер қойнауын зерттеуге «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тарапынан жыл сайынғы инвестициялар шамамен 1,2 млрд теңгені құрайды. ҚАӨ4

25-кесте – 2017 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша уранның барланған қорларының көлемі, тонна

Уранның барланған қорларының көлемі	Барлығы	Қорлар (С1+С2)	Ресурстар (Р1+Р2)
Қазақстан	1 373 478,0	878 405,0	495 073,0
Соның ішінде келісімшарт жасалғандары	870 069,7	668 177,7	201 892,0
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	442 941,2	341 443,7	101 497,5

3-диаграмма – Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары игеретін кен орындарының жобалық қуаттылығы, жылына тонна уран



УРАН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ

Бүгінгі таңда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құрамына уран өндіретін 13 кәсіпорын кіреді, соның ішінде 3 кәсіпорын уранды өндіру және қайта өңдеу қызметтерін көрсетеді, олардың Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақмола облыстарында жұмыс істеп тұрған 22 кеніші бар. ҚАӨ4

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұйымдарының 2016 жылғы өндіру көлемі 24 689,2 тонна уранды, соның ішінде тәжірибелік өндіру 318,7 тоннаны құрады. Қазақстан Республикасы Uranium Market Outlook Ux Consulting деректері бойынша 62 937 тонна уранды құраған жалпыәлемдік уран өндіру көлемінің шамамен 39%-ын қамтамасыз ете отырып, әлемдік уран өндіру саласында көшбастышылығын сақтап қалды.
ҚАӨ4

4-диаграмма – Әлемдік уран нарығындағы Қазақстанның үлесі, 2016 жыл, %*



* «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бойынша еншілес және тәуелді ұйымдардағы қатысу үлестері ескерілген өндіру көлемдері

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бойынша өндіру көлемі еншілес және тәуелді ұйымдардағы қатысу үлесі бойынша 2015 жылғы 12,8 мың тонна ураннан 2016 жылы 13,2 мың тонна уранға дейін артты. Компания әлемдік өндірудің 20,9%-ын қамтамасыз ете отырып, әлемдік табиғи уран нарығындағы өз көшбасшылығын сақтап қалды.

5-диаграмма – Уран өндіру динамикасы, 2014-2017 жылдарда тонна U



2014 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде уран өндіру көрсеткіштерінің артуы бекітілген өндірістік бағдарлама мен тау-кен жұмыстары жоспарына сәйкес өтті. Табиғи уран бағасының ұзақ уақыт қалпына келуіне және уран нарығында алдағы уақытта ұсыныстың тым көп болуына байланысты Қазақстан Республикасында 2017 жылға жоспарланған уран өндіру төмендетіліп, 11,5 мың тоннаны құрады.

Сирек және жерде сирек кездесетін металдар

Сирек және жерде сирек кездесетін металдарды (бұдан әрі – СМ және ЖСМ) өндіру және олардың негізіндегі өнім өндірісі де «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің басымдықты бағыты болып табылады. 2016 жылы Компания осы бағытта даму стратегиясын жүзеге асыруды, сондай-ақ шетелдік әріптестермен белсенді ынтымақтасуды жалғастырды. ҚӘӨ4

SARECO Жапониямен бірлескен жобасы

2010 жылы құрылған «SARECO» БК» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – 51 % және Sumitomo Corporation – 49 %) 2016 жыл ішінде жерде сирек кездесетін өнімінің жоғары технологиялы өндірісін құру бойынша зауытты пайдалануға даярлау жұмыстарын жалғастырды.

Степногорск қаласындағы SARECO зауыты шикізаттың әр түрлі түрлерін термиялық және гидрометаллургиялық қайта өңдеудің бірегей кешені болып табылады. SARECO зауыты жылына 1,5 мың тонна TREO (ЖСМ оксидтерінің жиынтығы) өндіруге және өндірістік қуаттылықты 2016 жылы 3 мың тонна TREO дейін және 2018-2019 жылдарға қарай жылына 5-6 мың тонна TREO дейін ұлғайтуға есептелген. Өндірілетін өнімнің елеулі бөлігін «ауыр топтағы» ЖСМ құрайтын болады.

«Ұжымдық карбонаттар мен жерде сирек кездесетін металдардың жекелеген қосылыстарының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру» жобасы бойынша («SARECO» БК» ЖШС) 2016 жыл ішінде:

- «ЕСЭК» ЖШС-мен Жерде сирек кездесетін өнімді жеткізу ниеті туралы келісімге қол қойылды. «ЕСЭК» ЖШС-дегі аралық концентраттарды (күкіртсіздендірілген ЖСМ карбонаты) жеткізу бизнес-үлгісінің нәтижесі схемадан қайталанатын операцияларды алып тастау, SARECO өнімінің өзіндік құнын төмендету және өндірістің тиімділігін арттыру болады;
- Жерде сирек кездесетін металдар саласындағы әлеуетті ынтымақтастық аясында 2016 жылғы 4 наурызда «REEtec» технологиясы бойынша және оның жабдығымен ұжымдық концентратты жерде сирек кездесетін металдардың жекелеген қосылыстарына бөлу мүмкіндігін зерделеу үшін норвегиялық «REEtec» компаниясымен SARECO ЖСМ ұжымдық концентратының сынамасын жеткізуге келісімшарт жасалды.
- Маусым-тамыз айларында «REEtec» тәжірибелік зауытында SARECO өнімінің тестілік сынақтары жүргізілді, олардың қорытындысы бойынша норвегиялық компания бөлу нәтижелерінің табыстылығы, сондай-ақ SARECO ЖСМ концентратын көбірек көлемде жеткізу келісімшартын жасасу мүмкіндігін қарастыруға дайын екендігі туралы мәлімдеді.
- Тамыз айында Сауд Арабиясы инвесторларының делегациясымен, Metals Corners Holding Co. компаниясымен (бұдан әрі – MCH) ЖСМ саласында әлеуетті ынтымақтасу мүмкіндігіне қатысты кездесу өткізілді. MCH Басқарма Төрағасы Қазақстанда ЖСМ өндірісін дамытуға қатысуға қызығушылық танытты; бұл ретте MCH қызығушылығы SARECO-дағы ЖСМ ұжымдық концентраттарының өндірісімен шектелмейді, ал ұзақ мерзімді перспективада шикізат базасын кеңейтуге және қосылған құны жоғары өнімнің терең технологиялық бөлінісін құруға да таралады. SARECO-дағы қатысу үлесінің 49%-ын сатып алу, өндірісті толық жабдықтауға инвестициялар жөніндегі алдын ала уағдаластықтар Өзара түсіністік туралы меморандумда көрініс тапты.
- Қараша айында «SARECO» БК» ЖШС жерде сирек кездесетін металдар концентраттарының өндірісін іске қосудың жол картасы әзірленіп, орындауға бекітілді.
- Екінші тараптың үлесін сатып алуға бағытталған іс-шаралар аясында мүліктік кешенді бағалау жүргізіліп, екінші тараптың қатысу үлесін бағалау қызметі сатып алынды.
- Желтоқсан айында жобаны қаржылық оңалту шаралары жүзее асырылып, жаңа бірінші басшы тағайындалды. ҚӘӨ4

6.2 ЭНЕРГЕТИКА

Маңғыстау облысында электр энергиясы мен жылу энергиясының негізгі өндірушісі «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС болып табылады.

Кәсіпорын Қазақстанда және ТМД елдерінде баламасы жоқ энергия және су өндіретін бірыңғай кешен болып табылады. Тұщыландырылған суды пайдалану «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-нің электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіру технологиясын бірегей етеді. Кәсіпорын кешені жылу электр станциялары мен көп корпусты дистилляциялайтын тұщыландырғыш қондырғыларды қамтиды. ҚАӨ4

2016 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары 5 032,4 млн кВт*сағ. электр энергиясын, соның ішінде «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС 4 916,9 млн кВт*сағ. электр энергиясын өндірді.

Сонымен қатар, 2016 жылы «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС 3 603,10 мың ГКал жылу энергиясын, 1 274,57 млн м^3 суды, соның ішінде 11,91 млн м^3 ауыз суды өндірді.

Бұл көрсеткіштер өңірдің энергетикалық ресурстар мен су қажеттіліктерін жабады.

Жаңғыртылатын энергия көздері

Қазіргі уақытта «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жаңғыртылатын энергетика бойынша бірқатар жоғары технологиялы инновациялық жобаларды іске асыруда.

«Қазақстандық кремний негізіндегі фотоэлектрлік модульдер өндірісін құру» жобасын («KAZ PV» жобасы) іске асыру аясында үш ЕТҰ: «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС, «KazSilicon» МК» ЖШС қызмет атқарады.

2016 жылы Компания металлургиялық кремний және фотоэлектрлік ұяшықтар өндірісін жүзеге асырған жоқ.

2016 жылы «Astana Solar» ЖШС 152,1 кВт фотоэлектрлік модуль өндірді, соның ішінде 104,74 кВт сатылды. Қазақстандық кәсіпорындармен 51,3 кВт дайын өнім жеткізуге шарттар жасалды.

2016 жылғы 5 қазанда 2016 жылғы қыркүйек-желтоқсан айлары кезеңіне арналған «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «KazSilicon» МК» ЖШС оңалту іс-шараларының кешені әзірленді және бекітілді.

KazPV жобасын оңалту аясында ҚР Энергетика министрлігінде мемлекеттік квотаны 37 МВт-тан 287 МВт-қа дейін ұлғайту бөлігінде ҚР Үкіметінің қаулысына өзгертулер енгізу бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «КПМГ» АҚ тобының қатысуымен ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

KazPV жобасы бойынша 2016 жылы жүргізілген іс-шаралар аясында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшін үнемдеу 1,2 млрд теңгені құрады.

2017 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 2015-2017 жылдарда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерін қайта құрылымдау жоспары аясында «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС-дегі және «KazSilicon» МК» ЖШС-дегі қатысу үлестерін сатуды жоспарлап отыр. ҚАӨ4

6.3 ЯДРОЛЫҚ ОТЫН ЦИКЛЫ

Ядролық отын циклы (ЯОЦ) – бір-бірімен ядролық материалдың уран кеніштерінен уран кенін қайта өңдейтін, уранды конверсиялайтын, байытатын және ядролық реакторлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін отын даярлайтын зауыттар арқылы пайдаланылған отын қоймаларына, пайдаланылған отынды қайта өңдейтін зауыттарға және олармен байланысты аралық қоймалар мен радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған қоймаларға жылжуы арқылы байланысатын кәсіпорындар жүйесінде жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені.

Қызметті әртараптандыру стратегиясын іске асыру мақсатында Компания, пайдаланылған отынды қайта өңдеуден басқа, ядролық отын циклының барлық сатыларын дерлік қамтуға тырысады. ҚАӨ1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ұлттық оператор ретінде Компанияның техникалық әлеуетін жоғарылатуға және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағдарланған. ҚАӨ1

8-сурет Ядролық отын циклы ҚАӨ2

УРАН ӨНІМІН ҚАЙТА ӨҢДЕУ

Қазақстан аумағында уран өнімін ең ауқымды өндіру «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-да (бұдан әрі – «ҮМЗ» АҚ) жүзеге асырылады, ол мыналарды қамтиды:

- Конверсиялық кәсіпорындарда тікелей фторлауға жарамды табиғи уран оксидтері;
- Ядролық таза керамикалық сұрыпты төмен байытылған уран диоксидінің ұнтақтары;
- АЭС реакторларына арналған уран диоксидінің отын таблеткалары;
- Байытылмаған және байытылған уранды, ядролық отын жасау өндірісінің және уран саласындағы ғылыми-зерттеу кәсіпорындарының, соның ішінде құрамында нейтрондардың жанып кететін сорғыштары мен кеуектендіргіш қоспалары бар қалдықтары мен технологиялық емес айналымдарын қайта өңдеу қызметтері.
- 2016 жылы ядролық отын компоненттері түрінде 71,9 тонна U өнімдері, соның ішінде 24 тонна U отын таблеткалары және 47,9 тонна U уран ұнтақтары шығарылды.

ЯОЦ ҚҰРУ

Конверсия

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның конверсиялық нарыққа кіруге қызығушылық танытуына өндірілген уранды кепілдендірілген өткізу нысанының бірін оны уран гескафториді (UF6) түрінде сату жолымен қамтамасыз етуге ұмтылысы себеп болды.

Стратегиялық міндетті екі сатымен жүзеге асыру ұйғарылады.

Бірінші сатыда (2020 жылға дейін) «ҮМЗ» АҚ базасында қуаттылығы ураннің үш тотығы (UO^3) түріндегі 6 000 тонна уранды құрайтын конверсиялық өндірістің аффинаждық (уранды тазалау) бөлінісін (Аффинаждық жоба) жүзеге асыру жоспарланады. Аффинаждық бөліністі құруда қазіргі кезеңде әлемде қолданылатындардың ішінде ең экологиялы болып табылатын канадалық Cameco компаниясының технологиялары мен ноухауы қолданылады деп болжалдануда. Қазақстандық UO3 Канададағы Cameco компаниясының конверсиялық зауытына жеткізу жоспарлануда, мұнда қазақстандық материалдан кейіннен клиенттерге жеткізу үшін уран гексафториді (UF6) өндірілетін болады (Конверсиялық жоба).

Мұндай нұсқа «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-на бірінші сатыда Cameco компаниясының «маркасын» және тәжірибесін пайдалана отырып, конверсиялық қызметтер нарығына біртіндеп кіруге және табиғи UF6 сатушы құзыретіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл жоба «ҮМЗ» АҚ уран өндірісін сақтауға мүмкіндік береді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау 2019 жылдың басына жоспарланған, ал аффинажды зауытты пайдалануға енгізу 2020 жылдың ортасына жоспарланған.

Тараптар Аффинаждық жобаның қаржылық-экономикалық үлгісінің (ҚЭҮ) негізгі экономикалық параметрлерін келісті. ТЭН нәтижелері негізінде Тараптар 2017 жылдың соңына қарай зауыт құрылысына инвестициялар туралы шешім қабылдауы тиіс. Жобаның алдын ала есептік құны – 113 млн АҚШ долларына жуық.

Cameco компаниясымен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның уран гексафториді (UF6) түріндегі өнімін өткізу кепілдігін қамтамасыз ету мәселесі пысықталуда.

Екінші сатыда, уран өнімі нарығындағы жағдай жақсарғаннан кейін және бағалау жүргізілгеннен кейін Конверсиялық жобаны одан әрі іске асырудың нұсқасын: Қазақстанда фторидтің аффинаждық бөлінісін салып біту арқылы қуаттылығы жылына уран гексафториді (UF^6) түріндегі 6 000 тонна уранды құрайтын конверсиялық өндірістің толық циклын құру немесе шет елдерде қолданыстағы конверсиялық зауытқа қатысу үлесін сатып алу нұсқасын таңдау жоспарлануда. Жобаның екінші сатысының құны ТЭН жүргізу нәтижесінде белгіленетін болады.

Байыту

ЯОЦ-ның жоғарырақ бөлінісіне қатысу арқылы Компания бизнесін әртараптандыру мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 2013 жылдан бастап «Уран байыту орталығы» АҚ-ның 25 %-ын («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – акциялардың 50 %-ы, «ТВЭЛ» АҚ – акциялардың 50 %-ы) және «УЭХК» АҚ-ның (РФ) 1 акциясын сатып алу арқылы уранды байыту қызметтеріне қол жеткізді.

2016 жылы «УБО» АҚ маркасымен дайын өнімді жөнелту жоспарланған көлемде жүзеге асырылды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ алғаш рет уранды байыту қызметтерінің жеткізушісі ретінде нарыққа шығып, «Энергоатом» ҰАЭК-на (Украина) байытылған уран өнімін жеткізуге келісімшарт жасасты және оны толық көлемде орындады.

«УБО» АҚ уран байыту жұмыстарын орындау көрсеткіштері 2013 жылдан бастап динамикада «Стратегия және басқару: Ағымдағы жай-күйі және болжамдар» бөлімінде көрсетілген:

2013 ж. – 0,3 млн ЕРР*;
2014 ж. – 5,0 млн ЕРР*;
2015 ж. – 5,0 млн ЕРР*;
2016 ж. – 5,0 млн ЕРР*
(«УБО» АҚ-ның 26.12.2016 ж. шығ. №525 КГ)

(*- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үлесі – 50%)

Қайта конверсиялау

Байытылған уран гексафторидін (UF6) уран диоксидіне (UO2) қайта конверсиялау «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-ның қолда бар технологиялық қуаттылықтарымен жүзеге асырылады. Қайта конверсиялау кезінде алынған уран диоксидінің ұнтағы отын таблеткаларын шығару кезінде пайдаланылады.

Жылу бөлгіш құрастырмалар

2015 жылғы желтоқсан айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ, «China General Nuclear Power Corporation» Компаниясы, Қытайдың Гуандун ядролық-энергетикалық корпорациясы жанындағы «Уран ресурстары» ЖШҚ мен «CGN Mining Company Limited» Компаниясы арасында Қазақстанда жылу бөлгіш құрастырмаларды өндіру бойынша және Қазақстанда уран кен орындарын бірлесіп игеру бойынша зауытты жобалау мен салудың коммерциялық талаптары туралы Келісімге қол қойылды.

Осы келісім аясында 2015 жылғы желтоқсан айында қытайлық АЭС қажеттіліктері үшін жылу бөлгіш құрастырмаларды өндіру бойынша «Үлбі-ТВС» ЖШС құрылды (қатысушылары: «ҮМЗ» АҚ – 51 % және CGNPC-URC – 49 %).

Бірінші кезеңде ЖБҚ шығару көлемі Қытай және үшінші елдер нарығында одан әрі өндірісті кеңейту мүмкіндігімен байытылған уранға қайта есептеп шаққанда 200 тоннаны құрайды. Келісімде CGNPC компаниясының жылына 200 тонна ЖБҚ өткізу жөніндегі кепілдігі көзделген. Сондай-ақ Келісім Қазақстанда 40 000 тонна қоры бар уран кен орындарын игеру жөніндегі бірлескен кәсіпорынды құруды көздейді.

2016 жылы қазақстандық-қытайлық ЖБҚ жобасы үшін технологияның оңтайлы жеткізушісі ретінде AREVA NP компаниясы таңдалды, соның нәтижесінде мынадай құжаттарға қол қойылды:

- Лицензия мен технологияға келісімшарт, жабдыққа келісімшарт;
- Өндірістік желіні сертификаттауға, құрамында гадолиний бар ЖБЭ жеткізуге, компоненттерді жеткізуге және оқытып-үйретуге келісімшарттардың негізгі талаптары;

2016 жылғы желтоқсан айында ҚР мемлекет басшысының қатысуымен телекөпір барысында ЖБҚ зауыты құрылысының іргетасына капсула салу салтанатты рәсімі болып өтті, сондай-ақ Отын жобасын іске асыру қағидаттары туралы келісімге қол қойылды. Қазіргі уақытта ЖБҚ зауыты құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. ЖБҚ зауытын пайдалануға енгізу, өнімді шығару және қытайлық АЭС-не ЖБҚ жеткізу 2019 жылға жоспарланып отыр.

Атом электр станциялары

2015 жылғы 18 қарашада ҚР Премьер-Министрі мұнайгаз және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – ВАК) отырысында ҚР Энергетика министрлігіне электр энергиясы мен қуаттылықтың перспективалық теңгерімін ескере отырып, Қазақстан аумағында АЭС құрылысын салу мәселесін қарастыруға тапсырма берді.

2016 жылы, ҚР Премьер-Министрінің 2016 жылғы 2 қарашадағы № 110-ө өкімімен ҚР Премьер-Министрінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 60-ө өкіміне енгізілген өзгерістерге сәйкес, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен «Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ» («ҚАЭС» АҚ) ТЭН әзірлеуге жауапты болып тағайындалды.

Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласы және Алматы облысы Жамбыл ауданының Үлкен кенті аудандарында атом электр станцияларын салу бойынша жобалау алдындағы құжаттаманы (ТЭН) әзірлеу ҚР Премьер-Министрінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 60-ө өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасында атом электр станцияларын салу жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарына сәйкес белгіленді.

6.4 ҚОСАЛҚЫ ӨНДІРІСТЕР

Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, ең алдымен, құрамында уран бар өнімді өндірумен және шығарумен айналысатын кәсіпорындарды біріктіреді. Бұл ретте қосалқы және қызмет көрсетуші кешеннің кәсіпорындары негізгі қызметтің маңызды буыны болып табылады.
ҚӘӨ4

Әрбір кәсіпорын жақсы заманауи байланыс жүйесін, тиянақты жұмыс істейтін көлік шаруашылығын, реагенттер мен электр жабдықтауды тоқтаусыз жеткізуді қажетсінеді. Атом саласы стратегиялық сипатқа ие болғандықтан, ақпараттық қауіпсіздік және өндірістік объектілерді нақты қорғау жүйесінің тәсілдері де барлық мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сай келуі тиіс.

Мысалы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ құрылымында мынадай қосалқы кәсіпорындар белгіленген:

- «Каустик» АҚ химиялық өнеркәсіп кәсіпорны;«Волковгеология» АҚ геологиялық барлау кәсіпорны;
- Тасымалдау қызметтерін көрсететін компания – «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС;
- «СКЗ-U» ЖШС күкірт қышқылы зауыты;
- «Байланыс-ҰАК» ЖШС байланыс кәсіпорны;
- «Қорған-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС мамандандырылған күзет бөлімшесі;
- «Уранэнерго» ЖШС энергетикалық компаниясы ҚӘӨ4;
- «ТН Kazakatom AG» трейдингтік компаниясы.

7. ОРНЫҚТЫ ДАМУ

7.1 Орнықты экономикалық даму 96
Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн 96
Ғылым және инновациялар 96
Қатысу өңірлеріндегі экономикалық ықпал 98
7.2 Экологиялық жауапкершілік 102
Қалдықтарды бақылау және кәдеге жарату 103
Су ресурстары 105
Энергетикалық тиімділік 107
7.3 Әлеуметтік жауапкершілік 108
Компания персоналы 108
Әлеуметтік саясат 112
Әлеуметтік тұрақтылық 114
Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік 114
7.4 Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу 120

Компанияның Тұрақты даму бағдарламасының негізгі мақсаттары:

- Компания жұмыскерлеріне лайықты еңбек жағдайлары мен лайықты еңбекақыны қамтамасыз ету;
- Компания жұмыскерлерінің еңбек және әлеуметтік құқықтарын сақтау;
- Компания жұмыскерлерінің, олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ қатысу өңірлеріндегі тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру;
- қоршаған ортаға зиянды әсерлерді азайту;
- қатысу өңірлерінің тұрақты дамуына жәрдемдесу;
- Компанияда және Компанияның қатысу өңірлерінде қолайлы іскерлік климат құру;
- Компанияның, мемлекеттің және тұрғындардың тиімді өзара ықпалдасуы. G4-14

2016 жылы Компания 2016 жылғы 18 ақпанда бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ» Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы тұрақты даму бағдарламасын пайдаланды. G4-14

7.1 ОРНЫҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн

Компанияның экономикалық нәтижелілігі тек Компанияның өзіне ғана емес, сонымен қатар, мүдделі тараптардың көптеген топтары үшін орнықты дамуды қамтамасыз ете отырып, қоғамда маңызды әлеуметтік-экономикалық роль атқаруына мүмкіндік береді.

Компанияның жоғары экономикалық нәтижелілігінің негізі Компания табыстары мен шығындарын мұқият жоспарлау болып табылады. Даму жоспары мен бюджеттерді құру және бекіту рәсімдері «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегиялық және бизнес-жоспарлау жөніндегі корпоративтік стандартында регламенттеледі. Даму жоспары шоғырландырылған түрде, яғни 5 жылдық кезеңге ЕТҰ жоспарларын қосып әзірленеді. Даму жоспарын жүзеге асыру үшін жылдық бюджеттер бекітіледі. Даму жоспарының орындалуын Компанияның Директорлар кеңесі мен «Самұрық-Қазына» қоры қадағалайды.

Компания қызметінің 2016 жылғы қаржы-экономикалық нәтижелері төмендегі кестеде берілген. EC14

26-кесте – GRI ашу талаптарына сәйкес құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млн теңге* G4-EC1**

р/б №	Бап	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
	Құрылған тікелей экономикалық құн			
1	Табыстар	514 386	474 093,0	8,5%
	Бөлінген экономикалық құн, соның ішінде:			
2	Операциялық шығындар***	(287 933)	(266 351)	8,1%
3	Еңбекақы	(47 338)	(44 601)	6,1%
4	Пайыздар мен дивидендтер бойынша шығындар	(11 017)	(8 676)	27,0%
5	Табыс салығынан басқа салықтар	(10 388)	(13 223)	(21,4%)
6	Корпоративтік табыс салығы	(17 988)	(13 044)	37,9%
7	Қайырмалдық және қайырымдылық	-	(1 448)	(100,0%)
8	Өзге де шығындар	(28 167)	(91 697)	(69,3%)
10	**Бөлінбеген экономикалық құн**	111 555	36 501	205,6%

Компания қызметінің 2016 жылғы қаржы-экономикалық нәтижелері туралы толық ақпарат Компанияның http://www.kazatomprom.kz/ru/content/investoram/investoram/otchety/finansovaya-otchetnost корпоративтік сайтында орналастырылған аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген.

* Украина, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания және Қазақстан өндіруші салалардың ашықтығы бастамаларды мүшелері болып табылады (Extractive IndustriesTransparency Initiative) (G4 тау-кен металлургия секторы G4 ашып көрсету)
** «Қайырмалдық және қайырымдылық» бабын есепке алмағанда, ақпарат Компанияның 2016 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігінен алынды.
***Операциялық шығындар мына баптарды қамтиды: өткізудің өзіндік құны (еңбекақы мен салықтарды есепке алмағанда), өткізу шығындары, жалпы және әкімшілік шығындар (еңбекақы мен салықтарды есепке алмағанда).

Ғылым және инновациялар

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ғылыми-техникалық және инновациялық дамуға баса назар аударады және геология, геотехнология, өнімді ерітінділерді қайта өңдеу, ЯОЦ, жерде сирек кездесетін және сирек металл өнімдері, жаңа буын технологияларын құқықтық қорғау сияқты бағыттар бойынша ғылыми-техникалық жұмыстарды қаржыландыруды үнемі арттырып отырады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ғылыми-техникалық және инновациялық қызметі Компанияның ішкі құжаттары: Инновациялық-технологиялық саясатқа, Инновациялық-технологиялық даму стратегиясына, «Ғылыми-технологиялық қызметті басқару» саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Компания құрылымында негізгі қызмет түрлері ғылыми-зерттеу, талдамалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар болып табылатын «Жоғары технологиялар институты» ЖШС сияқты ғылыми-техникалық бөлімшелер, сондай-ақ ғылыми-қолданбалы мәндегі бөлімшелер: ОҒЗЗ-лар, ОТӘЭ, зауыт зертханалары құрылды және жұмыс істейді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның бекітілген Ғылыми-технологиялық қызметті басқару саясатына сәйкес, ғылыми-зерттеу жұмысы мына перспективалы бағыттар бойынша құрылған төрт орталықта шоғырландырылады:

- геология, геотехнология және тау-кен дайындық жұмыстары;
- өнімді ерітінділерді өндіру және қайта өңдеу, ЖСМ ілеспе өндіру;
- ЯОЦ жоғары технологиялары, СМ алу және қайта өңдеу;
- білімді басқару, зияткерлік меншікті коммерцияландыру.

ҒЗТКЖ нәтижелерін жоспарлау және қабылдау мәселелері Ғылыми-техникалық және Мамандандырылған ғылыми-техникалық кеңестердің отырыстарында қаралады. Зерттеулер мен ғылыми-технологиялық әзірлемелер «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да меншікті қаржы қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

2016 жылы мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ғылыми-техникалық кеңесінің ҒЗТКЖ жоспарлары мен есептерін қарау жөніндегі 5 отырысы өткізілді;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен еншілес және тәуелді ұйымдар бойынша 2016 жылға арналған ҒЗТКЖ шоғырландырылған есебі құрылды;
- Жаңадан бекітілген 2015-2025 жылдарға Компанияның Даму стратегиясына сәйкес, ішкі құжаттар әзірленді, өзектілендірілді және бекітілді:

  – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да Ғылыми-технологиялық қызметті басқару» саясаты;

  – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өнертапқыштық қызметі туралы» ереже;

  – «Өзіндік құнды төмендету бойынша үздік өнертапқыштық ұсынысқа/өнертабысқа конкурс туралы» ереже;

  – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ғылыми-техникалық және Мамандандырылған ғылыми-техникалық кеңестері туралы» ережелер;

  – Компанияның ғылыми-техникалық қызметін дамыту, Ғылыми-техникалық және Мамандандырылған ғылыми-техникалық кеңестердің құрамдарын бекіту туралы бұйрықтар;

  – ҚР Ұлттық ядролық орталығымен ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім;
- 2016 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да өнертабыстарға патенттер беруге 6 өтінім берілді, өнертабысқа 7 қорғау құжаты алынды;
- Өзінің техникалық сипаттамалары бойынша әлемде баламасы жоқ, жекелеген телімдерде, шағын кен орындарында уранды өнеркәсіптік өндіруге арналған мобильді қайта өңдеу кешені пайдалануға енгізілді. Кешен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының күшімен әзірленді, жобаланды және жасап шығарылды, өнертабысқа екі қорғау құжатымен қорғалды;
- Компанияның зияткерлік меншігі мен жалпы ғылыми-техникалық қызметін қорғау жөніндегі ішкі нормативтік құжаттардың жобалары әзірленді, өзектілендірілді және келісуде жатыр:

  – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ зияткерлік қызмет нәтижелерін патенттеу және өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану» ережелері;

  – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЗМ объектілерінің құнын бағалау және коммерцияландыру жөніндегі нұсқаулық;

  – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да жасалған авторлық құқық объектілерін (ғылыми туынды, дерекқор, ЭЕМ арналған бағдарлама) тіркеу және пайдалану тәртібі туралы» ережелер;

  – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарына технологиялық аудит жүргізу ережелері» КСС стандарты.

Қатысу өңірлеріндегі экономикалық ықпал

Компания өз қызметі аясында қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық дамуға елеулі ықпалын тигізеді.

Компания Қазақстанның алты өңіріне қатысады, бұл Компанияның ресурстық базасының орналасуымен ғана емес, сонымен қатар, қосалқы өндірістердің, әлеуметтік және ғылыми-зерттеу объектілерінің орналасуымен де анықталған. Қатысу өңірлеріне жанама экономикалық ықпалдың негізгі факторлары:

- әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін ұстау және қолдау, соның ішінде өзара тиімді ынтымақтастық негізінде және жер қойнауын пайдалану келісімшарттары аясында облыстық және аудандық мемлекеттік органдар жасасқан әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімдер мен меморандумдар аясында;
- тікелей әлеуметтік қолдау, қайырымдылық және демеушілік көмек;
- жергілікті жеткізушілерден сатып алу практикасы;
- өзге де факторлар.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өзін әлеуметтік тұрғыдан жауапты компания ретінде көрсетеді. Осылайша, әлеуметтік саланы дамыту және әлеуметтік жобаларды іске асыру Компания қызметінің басымдықты бағыттарының бірі болып табылады.

2016 жыл ішінде Компанияның Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында әлеуметтік жобаларды іске асыруға жұмсаған шығындары 649,1 млн теңгені құрады: EC7

27-кесте – Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының әлеуметтік жобаларын іске асыруға жұмсалған шығындар

р/б №	Атауы	Жұмыстардың атауы	Сомасы, млн теңгемен
1	Оңтүстік Қазақстан облысының Тайқоңыр кенті	Жинақтауыш тоғаны мен сыртқы канализация желілері бар канализациялық тазарту құрылыстарын салу	195,0
2	Оңтүстік Қазақстан облысының Тайқоңыр кенті	«Орталық» ӨК» ЖШС бұрғылау жұмыстары телімінде ваталық кент салу	225,8
3	Оңтүстік Қазақстан облысының Таукент кенті	СРҚ-да әкімшілік тұрмыстық кешен салу	61,1
4	Оңтүстік Қазақстан облысының Шолаққорған кенті	Тұрмысы төмен отбасы тұрғын үйінің шатыр жабынын жөндеу	1,9
5	Қызылорда облысының Шиелі кенті	Қарамұрын» ӘТК ағымдағы жөндеу	81,4
6	Жамбыл облысының Жаңатас қаласы	«Жаңатас» ТЖТ телімінде әкімшілік тұрмыстық кешен салу	83,9

Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдіктері жасасқан Меморандумдарда көзделген міндеттемелерді орындау үшін 2016 жылы өңірлердің бюджеттеріне 3 121,8 млн теңге сомасына аударымдар жүзеге асырылды. EC7

28-кесте – Өңірлердің бюджеттеріне аударымдар

Меморандум талаптарына сәйкес аударымдар	Аударым сомасы мың теңге
Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне берілген 12 әлеуметтік объектіні күтіп ұстауға	1 000 000
Оңтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік объект құрылысын қаржыландыруға	800 000
Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілген 7 әлеуметтік объектіні күтіп ұстауға	521 796
Қызылорда облысы өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына	800 000
Жиынтығы	3 121 796

Бұдан басқа, 2016 жылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарын орындау аясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобы 1 162 млн теңге аударылды, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне – 752 млн теңге, Қызылорда облысының бюджетіне – 225 млн теңге, басқа облыстардың бюджеттеріне – 185 млн теңге. EC7

Компанияның 2017-2019 жылдар кезеңінде қолданыстағы меморандумдар мен жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша міндеттемелерін орындауы аясында өңірлердің бюджетіне күтілетін жыл сайынғы аударымдары тиісінше 1 млрд теңгені және 3,54 млн АҚШ долларын құрайды. EC7

Базалық уран өндіру кенттеріндегі тұрғындардың өмір сүруіне, балалар мен жасөспірімдердің үйлесімді дамуына қолайлы жағдайлар жасау, тұрғындардың мәдени деңгейін көтеру үшін, сондай-ақ Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарындағы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдар тобы жұмыскерлерінің бос уақыттарын ұйымдастыру мақсатында 2016 жылы әлеуметтік мақсаттағы объектілерді күтіп ұстауға 54 668,6 мың теңге жұмсалды, соның ішінде: EC7

- Денсаулық сақтау объектілеріне, атап айтқанда, Ақтау қаласындағы «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС емханасына 2016 жылы 568,6 мың теңге жұмсалды.
- «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС және «ҮМЗ» АҚ кәсіпорындарының теңгеріміндегі мәдениет, спорт және ойын-сауық объектілеріне, әлеуметтік объектілерге 2016 жылы 54 млн теңгеден астам қаражат жұмсалды. EC7

29-кесте – Денсаулық сақтау объектілеріне жұмсалған шығындар

р/б №	Атауы	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге	Өзгеріс
1	ОҚО Қыземшек кентіндегі медициналық-санитарлық бөлім	-	211 955	(100%)
2	ОҚО Таукент кентіндегі медициналық-санитарлық бөлім	-	260 846	(100%)
3	Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі медициналық-санитарлық бөлім	-	198 797	(100%)
4	«МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС емханасы	569	74 855	(99%)
	ЖИЫНТЫҒЫ:	**569**	**746 453**	**(100%)**

30-кесте – Мәдениет, спорт және ойын-сауық объектілеріне жұмсалған шығындар

р/б №	Атауы	2016 ж. мың теңге	2015 ж. мың теңге	Өзгеріс
1	ОҚО Таукент кентіндегі мәдени-спорт кешені	-	39 322	(100%)
2	ОҚО Қыземшек кентіндегі мәдени-спорт кешені	-	36 294	(100%)
3	Қызылорда облысы Шиелі кентіндегі мәдени-спорт кешені	-	58 669	(100%)
4	Ақтау қаласындағы «Ивушка» демалыс базасы	1 346	4 502	(70%)
5	Ақтау қаласындағы «Орбита» спорт кешені	-	1 125	(100%)
6	«ҮМЗ» АҚ әлеуметтік объектілері	52 754	57 593	(8%)
	ЖИЫНТЫҒЫ:	**54 100**	**197 505**	**(73%)**

Қайырымдылық және демеушілік қызмет

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 126 шешімімен Қордың Қайырымдылық саясаты және Қордың Қайырымдылық бағдарламасы бекітілді. Қордың жаңа Қайырымдылық саясатына сәйкес, Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарына демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге тыйым салынады. Қазіргі уақытта Қордың компаниялар тобының бүкіл қайырымдылық қызметін әлеуметтік маңызды жобаларды конкурстық негізде іріктеу жолымен іске асыратын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.

Сатып алулар практикасы

2016 жылдан бастап Компанияда сатып алу қызметі бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы және 26 қыркүйек-

тегі № 35/16 және 19/16 шешімдерімен бекітілген мынадай жеті стандартты (бұдан әрі – Қор Стандарты) енгізуден тұратын сатып алудың жаңа үлгісі (бұдан әрі – Жаңа үлгі) жобасы енгізіледі: 1) әлеуетті жеткізушілерді алдын ала саралауды жүргізу, 2) сатып алуды жоспарлау, 3) сатып алу санаттарын басқару, 4) қорларды басқару, 5) сатып алуды жүргізу, 6) шарттар мен жеткізілімдерді басқару, 7) сатып алу қызметін бақылау және қадағалау.

2016 жылдың соңында қолданыста болған Қордың Сатып алу ережелеріне Жаңа үлгіні енгізу аясында әлеуетті жеткізушілерді алдын ала саралап іріктеу процедуралары, сондай-ақ 2017 жылғы наурыз айынан бастап қолданысқа енгізілетін пилоттық санаттық стратегияларды қолдану жөніндегі ережелер қосылады. **G4-13**

Алдын ала саралап іріктеудің негізгі қағидаттарының бірі әлеуетті жеткізушілерге іріктеу процедурасына қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, сондай-ақ іріктеуден өту кезінде ұсынылған құжаттар мен ақпарат үшін жеткізушінің жауапкершілігін ұлғайту болып табылады.

Жаңа үлгіні енгізу сатып алу бағаларын төмендетуге, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сапасын жоғарылатуға, жергілікті өндірушілерді қолдауға және дамытуға, қоймалардағы қалдықтар мен көлік шығындарын азайтуға септігін тигізетін болады.

Қордың қолданыстағы Сатып алу ережелеріне сәйкес, ұйым тартатын жеткізушілердің жалпы саны,

жеткізушілерге төленген төлемдердің бағаланған ақшалай құны тендер өткізу және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алу қорытындылары бойынша анықталады. Тендер өткізу, баға ұсыныстарын сұрату және бір көзден алу тәсілдерімен сатып алулар бойынша жеткізушілерге төленген төлемдердің бағаланған ақшалай құны сатып алу жоспарларында көзделген сомадан аспауы тиіс. **G4-12**

2016 жылы Компания сатып алған тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамту үлесі 77%-ды құрады (2015 ж. – 82%). **EC9**

Компания қатысу өңірлерінде отандық жеткізушілерді қолдау мақсатында өзінің үлестес тұлғалары (Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары) мен қатысу өңірлеріндегі жергілікті қамту үлесі 73% деңгейіндегі жергілікті жеткізушілер арасында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу шарттарын жасасуға жәрдемдесуді жоспарлайды.

7.2 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының табиғат қорғау қызметі экологиялық көрсеткіштерді жақсартудың қоршаған орта сапасын арттыруға септігін тигізетіндігі және Компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыратындығы туралы пайымдауға негізделеді.

Компания қоршаған ортаға жағымсыз әсерді барынша азайту үшін:

- нормативтік техникалық базаны жетілдіру, техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу және қабылдануына жәрдемдесу;
- қоршаған ортаны қорғау саласын үнемі жақсарта түсу мақсатында ISO 14000 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесін енгізу;
- экологиялық аспектілердің есепке алынуын және өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде экологиялық тәуекелдердің төмендеуін қамтамасыз ететін талаптар мен тетіктер жүйесін құру;
- қолданыстағы таңдаулы технологияларды енгізу арқылы қоршаған ортаның ластануына жол бермеу және қоршаған ортаға ықпал ету салдарын азайту;
- Компания объектілерінде жұмыс жүргізетін компания жұмыскерлерінің және мердігерлерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды, экологиялық қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стандарттар мен нормаларды сақтауы

Компанияның 26 кәсіпорнында «Экологиялық менеджмент жүйесі. Экологиялық саясат» қолданылады, ол нарық жағдаяты өзгерген, өндірістер қайта құрылған немесе жаңғыртылған, экология саласында жаңа өзекті міндеттер пайда болған жағдайда қайта қаралады.

2016 жылғы желтоқсан айында «Семізбай-U» ЖШС «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында «ПАРЫЗ» конкурсының күміс жүлдегері атанды.

2016 жылы атом саласында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жұмсалған жалпы шығындар іс жүзінде 2015 жылғы шығындар деңгейінде қалды және 1 143,6 млн теңгені құрады. **EN31**

Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары 2016 жылы 1 158,9 млн теңге сомасына қоршаған ортаға жағымсыз әсерді барынша азайту жөнін-

дегі іс-шараларды жүзеге асырды, соның ішінде 217,8 млн теңгесі – қоршаған ортаға ұйымдастырылмаған эмиссияларды азайтуды қоса алғанда, технологиялық процестерді жетілдіруге, 25,8 млн теңгесі – қолданыстағы шаң-газ ұстайтын және су тазартатын қондырғылардың тиімділігін арттыруға және 170,6 млн теңгесі – қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми және жобалау жұмыстарын жүргізуге жұмсалды. EN31

Есепті жылда жалпы алғанда Компания негізгі ықпал ету көрсеткіштерінің (ластаушы заттардың жалпы шығарындылары, өндірістік қалдықтарды орналастыру көлемдері) азайтылуына қол жеткізді. Ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының жиынтық мөлшері 2016 жылы 4 109,7 тоннаны құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 411,8 тоннаға азырақ. Шығарындылар көлемінің азаюы өткен жылғы өндірістік қызмет көрсеткіштерінің азаюына, сондай-ақ шығарынды көздерінің газ тәріздес заттарды тазартатын қосымша қондырғылармен жарақталуына және кәсіпорындардағы газ тазарту жабдығының жұмыс тиімділігінің артуына өлшемдес.

Тек табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу секторының объектілерінде өндірістік экологиялық бақылау жүргізу тиімділігінің артуы есебінен ғана зиянды химиялық заттардың шығарындылары 208,7 тоннаға азайды.

2016 жылғы есепті кезеңдегі ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 41,1 %-ға ұлғайды және 4 147,3 тоннаны құрады. Ағынды сулардың артуындағы ең көп үлес «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-не (69,5%) немесе 2015 жылмен салыстырғанда есепті кезеңдегі ластаушы заттардың 1207,6 тоннасына тиесілі, бұл теңізде жиі дауыл болатындықтан, бастапқы алынатын суда қалқымалы заттар концентрациясының артуымен байланысты.

Мемлекеттік органдар тарапынан айыппұлдық және экономикалық санкциялар 2015 жылмен салыстырғанда 2,4%-ға азайды. Бұл ретте Компанияның бірқатар кәсіпорындарында экологиялық талаптарды және қоршаған орта сапасының нормативтерін бұзуға жол беріледі, соның салдарынан мемлекеттік органдардың айыппұлдық және экономикалық санкциялары жоғары болып қалып отыр. 2016 жылы олар 208,9 млн теңгені құрады, оның ішінде негізгі үлес (60%) Үлбі металлургиялық зауытына және 40%-ы – табиғи уранды өндіру секторына тиесілі, ондағы айыппұл санкцияларының 86,9 %-ы «Катко» БК» ЖШС-не салынған. EN29

Қалдықтарды бақылау және кәдеге жарату

Компанияның өндірістік қызметі барысында әр түрлі қалдықтардың едәуір көлемі түзіледі, олардың негізгілері:

- қатты және сұйық радиоактивті қалдықтар;
- флюориттік мыс-молибден кенін өндіру кезіндегі аршымалы жыныстар;
- ЖҰШ полигонында ұңғымаларды бұрғылау кезіндегі бұрғылау шламдары;
- балқытқыш қышқылды өндіру кезіндегі фторлы гипс;
- жылу энергиясын өндіру кезіндегі күл-қож қалдықтары;
- коммуналдық қалдықтар;
- пайдаланылған мұнай өнімдері;
- автомобиль шиналары.

Компания ЕТҰ-да өнеркәсіптік және радиоактивті қалдықтарды басқару үшін Компанияда әзірленген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу ережелері» және «Радиоактивті қалдықтар жерге көмілгенге дейін олармен жұмыс істеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» корпоративтік стандарттары негіз болады.

Есепті кезеңде Компания ЕТҰ экологиялық заңнама талаптарына сәйкес өндірістік экологиялық бақылауды (бұдан әрі – ӨЭБ) жүзеге асырды. ӨЭБ тоқсан сайын, ӨЭБ жоспар-кестесі негізінде аккредиттеу аттестаты бар мердігерлік ұйымдарды (зертханаларды) тарта отырып жүргізіледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қоршаған ортаға ықпалы 2016 жылы қоршаған орта сапасының белгіленген нормативтерінен асқан жоқ және жалпы қалдықтарды орналастыру бойынша 31,6%-ды құрады.

Есепті кезеңде қалдықтардың түзілу көздері мен сақталатын және көмілетін жерлерін есепке алу, түгендеу; қалдықтарды қайталама ресурстар ретінде пайдалану, оларды бөгде ұйымдарға пайдалану үшін тапсыру, кәдеге жарату және қайта өңдеу, өнеркәсіптік қалдықтарды арнайы бөлінген аумақтарда көму жұмыстары жүргізілді.

2016 жылы Компанияның өнеркәсіптік алаңдарында 560,6 мың тонна қалдық түзілді, оның ішінде 3,2 мың тоннасы кәдеге жаратылды, 0,4 мың тоннасы зиянсыздандырылды, 0,7 мың тоннасы қайта өңделді және 19,4 мың тоннасы жерге көмілді. Түзілген қалдықтардың басым бөлігі шарттық негізде мамандандырылған кәсіпорындарға берілді. EN23

Компания қалдықтарын түрлері бойынша бөліп көрсету төмендегі кестеде берілген:

31-кесте – Компанияның түрлерге бөлінген қалдықтарының жалпы салмағы, тонна

Қалдық түрлері	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Өнеркәсіптік	443,6	515,6	(14,0%)
Коммуналдық	3,0	3,7	(18,9%)
Қатты радиоактивті	2,9	2,5	16%
Сұйық радиоактивті	111,1	147,2	(24,5%)
Барлығы	**560,6**	**669,0**	**(16,2%)**

Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметінде есепті кезеңде мынадай кемшіліктер мен олқылықтар орын алды:

- өндіріс және тұтыну қалдықтарының өсу үрдісі сақталып отыр, бұл ретте кәсіпорындарда қалдықтарды орналастыру алдында қайта өңдеу және кәдеге жарату жұмысы толық шамада орындалмайды, қалдықтарды басқару жүйесі жетілдіруді қажет етеді;
- бұрғылау шламының қауіптілік деңгейін анықтауды және кодтауды регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжат жоқ, бұл кейіннен экологиялық, сондай-ақ салықтық заңнаманың бұзылуына алып келеді.

Компания басшылығы 2015 жылғы тамыз айында бекіткен, 2016-2020 жылдарға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қалдықтарды басқару жүйесін құрудың кешенді тәсілі бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында есепті кезеңде «Атом саласындағы өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу ережелері» және «Уран кен орындарында технологиялық ұңғымаларды салу кезінде түзілетін бұрғылау шламы қалдығының қауіптілік деңгейін анықтау және кодтау әдістемесі» (бұдан әрі – Әдістеме) нормативтік техникалық құжаттары әзірленді. Бұл Әдістеме Компания кәсіпорындарында бұрғылау шламының қауіптілік деңгейін анықтау тәртібін және жіктелу кодын регламенттейді, бұл экологиялық және салықтық заңнаманың бұзылуы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

2016 жылға арналған сатып алу жұмыстарының жоспары бойынша Қанжуған уран кен орнының телімдеріндегі топырақ құнарлылығын қалпына келтіру және Шығыс Мыңқұдық кен орнында ПВ-19 кенішін жою жобалары аяқталды. Компанияда 2016 жылы Компания Басқармасы жанынан Қалдықтарды басқару және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылып, оның арнайы Ережесі бекітілді.

Парниктік газдардың тікелей шығарындылары

Компанияда парниктік газдар шығарындыларының жалпы нақты көлемі 2016 жылы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2,5%-ға артты, бұл халықтың электр және жылу энергиясына деген қажеттілігінің артуына байланысты. Компанияның барлық кәсіпорындарының арасында парниктік газдар шығарындыларының негізгі үлесі (95%-дан астамы) «МАЭК Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-не тиесілі. EN15

Есепке алынған барлық парниктік газдардың 97%-дан астамын көміртек қос тотығы құрайды. Ол шығарындылардың реттелетін түрі болып табылады, соған сәйкес, Компания кәсіпорындары жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін ҚР Энергетика министрлігіне парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті ұсынады. Парниктік газдар шығарындыларын квоталарды бөлудің ұлттық жоспары CO_2 шығарындыларын квоталайды (лимиттейді).

32-кесте – Парниктік газдар шығарындыларының CO^2 (көміртек қос тотығы) баламасында қайта есептегендегі жалпы көлемі, тонна. EN15

Көрсеткіш	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-ші қамту аумағы)	3 766 631,6	3 676 262,6	2,5 %

Су ресурстары

Компанияның бірқатар еншілес және тәуелді ұйымдары су алып, су шығарады, бұл сезімтал су объектілеріне әсерін тигізеді, солардың ішіндегі ең ірісі Каспий теңізі болып табылады.

Кейбір өңірлерде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жергілікті халықты және өнеркәсіпті сумен қамтамасыз етеді.

Су пайдалану су ресурстарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган берген рұқсат құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорындарда алынатын және айналымдағы суға нақты бақылау жүргізіледі. Ағынды сулардың сапасын мамандандырылған аккредиттелген зертханалар бақылайды.

Өзінің өндірістік қызметінде Компания суды белсенді пайдаланады. Суды пайдалану негізгі өндірісте де, сондай-ақ түпкі өнімі тұзсыздандырылған су болып табылатын тұшытқыш қондырғылардың жұмысында да маңызды.

2016 жылы Компания 1 млн м3-ден астам суды пайдаланды. Алынатын судың жалпы мөлшері мына кестеде келтірілген. EN8

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ су тұтынумен байланысты бірқатар ерекшеліктерге ие. Компания «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС өнімдерін шығару кезінде теңіз және артезиан суын шаруашылық-ауыз су, дистиллят, жылу желісінің ыстық суы түрінде пайдаланады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндіріске арнап алынатын судың мөлшерін азайтуға тырысады. Осыған байланысты бірқатар кәсіпорындарда су айналымының тұйық циклдары қолданылады.

Судың біршама мөлшерін Компания жылу энергетикалық жабдықты салқындату үшін пайдаланады. Бұл судың көп мөлшері қоршаған ортаға ластаушы заттарсыз шығарылады, бұл осы ағындарды «нормативтік таза өнеркәсіптік ағынды суларға» жатқызуға мүмкіндік береді.

33-кесте – Алынатын судың көздер бойынша бөліп көрсетілген жалпы мөлшері, мың м³

Көз	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Беттік сулар	1 249 916,3	1 190 243,2	5,0%
Жер асты сулары	12 303,7	12 867,5	(4,4%)
Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа да жүйелері	2 547,5	10 714,9	(76,2%)
Алынатын судың жалпы мөлшері, мың м³	1 264 767,5	1 213 825,6	4,2%

34-кесте – Көп мәрте және қайталап пайдаланылатын судың үлесі және жалпы мөлшері, мың м³

Көрсеткіш	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Көп мәрте және қайталап пайдаланылатын судың жалпы мөлшері, мың м³	19 783,6	29 559,8	(33,1%)

35-кесте – Көздерге топтастырылған су тартудың жалпы көлемі, мың м³

Ағын суды қабылдағыш, мың м3	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Каспий теңізі	1 202 440,2	1 142 050,0	5,3%
Үлбі өзені	1 460,6	1 623,1	(10,0%)
Жинақтауыш тоған	1 226,6	697,0	76,0%
Булану алаңдары	499,6	590,7	(15,4%)
Жиынтығы	1 205 627,0	1 144 960,8	5,3%

Су тартудың жалпы көлемі 2016 жылы, 2015 жылмен салыстырғанда, өндірістің ұлғаюына байланысты 5 %-ға артты.

Энергетикалық тиімділік

Компанияның өндірістік процестерінің ерекшелігі өндірістік шығындардың ең маңызды баптарының біріне айналып отырған энергияны көп тұтынуды болжайды. Бұған қоса, энергияны тұтыну және энергетикалық тиімділік экологиялық көрсеткіштерге тікелей әсер етеді.

Компанияда мынадай үш негізгі бағытты қамтитын энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі белсенді қызмет жүргізіледі:

• өндірістік процесті жаңғырту;

• жабдықты қайта баптау;

• персонал мінез-құлқындағы өзгерістерді ынталандыру.

Энергия тұтынуды азайту және энергетикалық тиімділікті арттыру іс-шаралары нәтижесінде энергияны тұтыну 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 1,3 млн ГДж-ға қысқарды.

Компания заңнама талаптарын, атап айтқанда, «Электр энергетикасы туралы» және «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңдарын сақтайды, осыған орай Компанияда энергия үнемдеу мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау мақсатында энергетикалық аудит жүргізіледі. Энергетикалық аудит қорытындысы бойынша Компания Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру іс-шараларының жоспарын әзірлейді.

Компанияда сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2015-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру аясында 2017-2020 жылдарға арналған Энергия тиімділігін арттыру іс-шараларының жоспары дайындалды. Компания ай сайын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да отын-энергетикалық ресурстардың тұтынылуы бойынша есепті ұсынады. Бүгінгі таңда Компания кәсіпорындары ИСО 50001 ХС талаптарына сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесін енгізді.

36-кесте – Энергияны тұтыну, млн ГДж EN3

Энергия	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Жылу энергиясы	11,43	11,18	2,20%
Электр энергиясы	6,04	6,02	0,33%
Энергияны тұтыну жиынтығында	17,47	17,2	1,60%

37-кесте – Бастапқы энергия көздерін пайдалану, тонна EN3

Көз түрі	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Жаңғыртылмайтын:			
Көмір	595	607	(2,00%)
Табиғи газ	2 126 067	2 065 140	2,95%
Отын (бензин, мазут, дизель отыны)	45 687	45 576	0,20%
Жаңғыртылатын:			
Сутек	112	30	273,3%

7.3 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания персоналы

Компания жұмыскерлері Компанияның басты активі, оның уранның әлемдік нарығындағы көшбасшылық жайғасымға қол жеткізуінің негізі, сондай-ақ келешекте оның орнықты дамуының кепілі болып табылады.

Компанияның персоналды басқару саласындағы негізгі құжаты – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кадрлық саясаты

Кадрлық саясаттың мақсаты – Компания алдында тұрған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге уақтылы және сапалы қол жеткізу үшін персоналды тиімді басқару.

Кадрлық саясаттың міндеттері мыналар болып табылады:

- Компанияның кадрлық әлеуетін нығайту және дамыту;
- еңбектің тиімділігі мен сапасын арттыруға септігін тигізетін ынталандыру жүйесін құру және іске асыру;
- персоналдың, оның қабілеттері мен біліктілік деңгейінің барынша тиімді дамуы үшін жағдайлар жасау;
- еңбек ресурстарын жоспарлау тиімділігін арттыру;
- қосарлы оқыту жүйесін енгізу;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын тиімді реттеу.

Кадрлық саясаттың орындалуын қадағалауды Компанияның Адами ресурстарды басқару департаменті жыл сайынғы негізде тиімділіктің мынадай көрсеткіштері бойынша жүзеге асырады:

- персоналдың тартылу деңгейін арттыру;
- Компанияның басқару құрылымын оңтайландырумен байланысты іс-шараларды есепке алмағанда, персонал қозғалысын тұрақтандыру және кадрлар тұрақсыздығының артуына жол бермеу;
- оқытудан және біліктіліктерін арттырудан өткен жұмыскерлер үлесін ұлғайту;
- персоналды конкурстық негізде қабылдау;
- әлеуметтік тиімділік рейтингі;
- еңбек ресурстарын жоспарлау тиімділігі;
- қосарлы оқыту жүйесін енгізудің тиімділігі.

Бұдан басқа, Трансформациялау бағдарламасының «Персоналды басқарудың нысаналы үлгісін енгізу» жобасы аясында HR-метрикалар жүйесі арқылы, соның ішінде HR функциясының мақсаттарына қол жеткізуде теріс немесе оң әсерін тигізген факторларды анықтау үшін HR-функция қызметінің нәтижелерін, кадрлық саясаттың орындалу дәрежесін жүйелік талдауды енгізу жоспарланып отыр.

Кадрлық саясаттан басқа, Компанияның корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың нормативтік және идеологиялық қағидаттары мына құжаттармен реттеледі:

- Корпоративтік этика кодексімен;
- Корпоративтік наградалар туралы ережемен;
- Ұжымдық шартпен.

Компания жұмыскерлердің мүдделері мен құқықтарын қатаң сақтайды, сондай-ақ кемсітушілік пен мәжбүрлі еңбектің кез келген нысандарын болдырмауға ықпалдасады. Жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, жұмыскерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, кәсіптік және тұлғалық даму үшін тең мүмкіндіктер жасауға ерекше көңіл бөлінеді.

Компанияда 2012 жылдан бастап басқарушы жұмыскерлердің ауыспалылығы бағдарламасы жүргізіледі, ол:

- негізгі басқарушы позицияларға тағайындау үшін үміткерлердің болуы есебінен Компанияның жоғарғы басқару буынының ауыспалылығын қамтамасыз ету;
- басқарушы лауазымдарды толтыру үшін Компания ішіндегі әлеуеті зор жұмыскерлерді анықтау және дамыту;
- даму және мансапта жоғарылау мүмкіндігі арқылы Қоғам жұмыскерлерін кәсіби қасиеттерін жоғарылатуға ынталандыру мақсатында әзірленді.

Үміткерлер базасын қалыптастыру арнайы оқыту мен тағлымдамадан өткеннен кейін басшылық лауазымдарда табысты еңбек ете алатын перспективалы басшы жұмыскерлерді таңдаудан тұрады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ персоналының жалпы тізімдік саны, бірлескен және тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, 2016 жылдың соңында 25 819 адамды құрады. Өткен жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 3,5 %-ға төмендеді (2015 жылы – 26 764 адам). Персонал санының бұл төмендеуі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтерінің қайта құрылуы мен қайта құрылымдануына байланысты. **G4-9**

38-кесте – Қызметкерлердің жалпысаны. G4-10

Көрсеткіш	Мәні (адам)	Соның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмыс күшінің жалпы саны	26 218	20 906	5 312
1. Есепті кезеңнің соңындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (штаттық)	25 819	20 635	5 184
2. Бақыланатын жұмыскерлер (ақылы қызметтер шарты бойынша)	399	271	128

Ақылы қызмет көрсету шарты бойынша жұмыскерлердің үлесі Компания жұмыскерлерінің жалпы санында 1,5%-ды құрайды. Болашақта Компанияның ЕТҰ негізгі өндірістік қызметті дамытуға барынша шоғырландыру шараларын күшейту үшін жекелеген қосалқы және бейіндік емес жұмыс (қызмет) түрлерін аутсорсингке беру арқылы ақылы қызмет көрсету шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлер санын арттыру жоспарланып отыр.

39-кесте – Жалдау шарты және жынысы бойынша бөліп көрсетілген қызметкерлердің жалпы саны. G4-10

Көрсеткіш	Мәні (адам)	Соның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмыскерлердің жалпы саны (есепті кезең соңындағы жұмыскерлердің тізімдік саны)	25 819	20 635	5 184
Белгісіз мерзімге жасалған еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндері	24 846	19 979	4 867
Уақытша шарт	973	656	317

Жұмыс күшінің негізгі бөлігі (58%-ға жуығы) ҚР оңтүстік өңірінде шоғырландырылған, бұл негізгі уран өндіретін кен орындары мен Компания кәсіпорындарының осында орналасуына байланысты.

40-кесте – Өңірлер мен жынысы бойынша бөліп көрсетілген жұмыс күшінің жалпы саны. G4-10

Көрсеткіш	Мәні (адам)	Соның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Өңірлер бойынша жұмыс күшінің жалпы саны, соның ішінде			
Алматы қаласы	841	498	343
Астана қаласы	831	505	326
Батыс өңір	3 748	2 663	1 085
Солтүстік өңір	1 224	949	275
Оңтүстік өңір	15 332	13 381	1 951
Орталық өңір	26	19	7
Шығыс өңір	4 182	2 864	1 318
ҚХР	10	5	5
басқалары	24	22	2
Жиынтығы	26 218	20 906	5 312

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдар тобы бойынша жұмыс істеушілердің орташа жасы 2016 жылы 39 жасты құрады, ол жыл сайын дерлік осы деңгейде сақталады.

41-кесте – Жас топтары бойынша бөліп көрсетілген қызметкерлердің жалпы санындағы ұйымның басқарушы органдарына кіретін қызметкерлер мен өзге қызметкерлердің саны бойынша персонал құрылымы, % LA12

Жас топтары	Қызметкерлер	Басқарушы органдар
30 жасқа дейін	21,24%	0,01%
30 жастан 50 жасқа дейін	53,56%	0,30%
50 жастан жоғары	24,67%	0,22%

Жынысы, жас топтары, азшылық топтарына тиесілілігі және басқа да белгілері бойынша бөліп көрсетілген ұйымның басқарушы органдарының және персоналының негізгі санаттарының құрамы осы аспектідегі менеджмент тәсілінің тиімділігін көрсетеді. Көрсеткіш нәтижелері мен өзгеру динамикасын орнықты даму туралы жыл сайынғы есептің көмегімен басшылық талдайды.

2016 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жүйесінде жұмыс істеушілердің жалпы санында ерлердің үлесі 80%-ды, әйелдердің үлесі 20%-ды құрады. Бұл көрсеткіштің мәндері алдыңғы кезеңмен салыстырғанда бұрынғы деңгейінде сақталып қалды деуге болады. Гендерлік белгі бойынша аталмыш арақатынас атом саласындағы өндірістік қызметтің өзіндік ерекшелігіне байланысты.

42-кесте – Жынысы бойынша бөліп көрсетілген қызметкерлердің жалпы санындағы ұйымның басқарушы органдарына кіретін қызметкерлер мен өзге қызметкерлердің саны бойынша персонал құрылымы, % LA12

Жынысы	Қызметкерлер	Басқарушы органдар
Ерлер	79,39%	0,49%
Әйелдер	20,08%	0,04%

Компанияның ұжымдық шарттарымен қамтылған қызметкерлердің үлесі 2016 жылы аса өзгерген жоқ және 96%-ды құрады (2015 ж. – 97%).

43-кесте – 2016 жылы ұжымдық шарттармен қамтылған жұмыскерлердің үлесі G4-11

Көрсеткіш	Мәні
Жыл соңындағы қызметкерлердің тізімдік саны, адам	25 819,0
Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің жалпы саны, адам	24 878,0
Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі, %	96,0

2016 жылы Компаниядан кеткен қызметкерлердің саны 2015 жылмен салыстырғанда 21,6%-ға азайды, бұл әлеуметтік тұрақтылық деңгейінің жоғарылағандығын айғақтайды.

44-кесте – Жынысы бойынша бөлінген кадрлардың тұрақтамауы G4-10

Көрсеткіш	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Кадрлардың тұрақтамауы, адам (әйелдер)	1 046,0	1 751,0	(40,3%)
Кадрлардың тұрақтамауы, адам (ерлер)	3 109,0	3 547,0	(12,3%)
Жиынтығы	4 155,0	5 298,0	(21,6%)

Персоналды дамыту және оқытып-үйрету

Персоналды дамыту және оқытып-үйрету «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындар тобындағы кадрлық саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Кәсіпорындар тобында жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру процестері бір жүйеге келтірілген. Қызметкерлер дербес тиімділікті басқару, тиімді қарым-қатынас дағдылары, табысты таныстырылым, тиімді келіссөздер жүргізу, талдамалық ойлау жүйесі, тайм-менеджмент, есептерді тиімді даярлау және басқалары бойынша әр түрлі тренингтерден өтеді. Бағдарламалар өндірістен қол үзбей, сондай-ақ өндірістен қол үзе отырып, сертификат немесе біліктілік куәлігін берумен жүзеге асырылады. Сондай-ақ басшылар мен мамандардың кәсіби өсуіне, жоғарғы лауазымдарға резерв дайындауға бағытталған бағдарламалар да көзделген. LA10

Персонал даярлау аясында Компания кәсіпорындары Қазақстан Республикасы мен таяу шет елдердегі 25 жоғары оқу орнымен және 11 колледжбен ынтымақтасады. ҚР жетекші жоғары оқу орындарымен, соның ішінде Д. Серікбав атындағы ШҚМТУ-мен, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ-мен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды, Әуезов атындағы ОҚМУ-мен Келісім келісу сатысында. 2016 жылдың басында Бүкіләлемдік ядролық университетпен Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Бүгінгі таңда сала мен өңір үшін бейіндік мамандықтар мен кәсіптер бойынша Компания қаражаты есебінен 320 студент білім алуда, олар оқу орындарын тәмамдағаннан кейін атом өнеркәсібі кәсіпорындарында жұмысқа орналастырылады. Бейіндік мамандықтар бойынша білім алатын студенттер өндірісте практикадан өту үшін кәсіпорындарға жіберіледі және әрбір студентке кәсіпорындардың тәжірибелі жұмыскерлері қатарынан тәлімгер бекітіледі. LA10

2016 жылы 1 221 млн теңге жалпы сомасына 301 адам жоғары оқу орындары мен колледждерде даярлықтан өтті. Әр түрлі оқу орындарында білім алатын 46 студентке 7,8 млн теңге сомасында стипендия, тұру және тамақтану ақысы төленді. 1 313 418 мың теңге сомасына өндірістік кәсіпорындардың 17 997 жұмыскері қайта даярлау мен біліктіліктерін арттырудан өтті.

2016 жылы оқытуға жұмсалған шығындар мына кестеде көрсетілген:

45-кесте – Жұмыскерлерді оқытуға жұмсалған шығындар

Адам саны	Оқытуға жұмсалған шығындар, мың теңге	1 жұмыскерді оқытуға орташа есеппен алғандағы шығындар, мың теңге
17 997	1 313 417,9	73,0

46-кесте – Бір жұмыскерге шаққанда оқу сағаттарының орташа жылдық саны, адам-сағат

Жұмыскерлердің санаты	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Барлығы	31,2	33,4	(6,6%)
соның ішінде: жоғарғы басшылық	61,4	36,3	69,1%
орта буын басшылары	43,3	39,7	9,1%
әкімшілік персонал	49,5	84,5	(41,4%)
өндірістік персонал	28,9	28,7	0,7%

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Компанияда жыл сайынғы негізде жүргізілетін персоналды бағалау жүйесі қолданылады. 2016 жылы Компанияның барлық қызметкерлерінің 25%-ы нәтижеліліктің ресми бағалауынан өтті. Нәтижелілікті талдау тікелей басшының бағалауы негізінде оқып-үйренушінің жұмыс орнында, сондай-ақ жұмыскердің ПӘК орындау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Ұжымдық шарт және кәсіподақтар

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіподақ ұйымымен ұжымдық шарт жасасады. Жұмыскерлердің құқықтарын қорғау аясында ұжымдық шартқа жұмыскерлерді және олардың сайланбалы өкілдерін олардың еңбек жағдайларына әсерін тигізуі мүмкін болатын Компания қызметіндегі елеулі өзгерістер туралы алдын ала хабардар етудің ең аз мерзімі туралы ережелер кіреді. Ұйымдардың көбінде хабардар етудің ең аз мерзімі кемінде төрт аптаны, ал кейбір жағдайларда кемінде екі аптаны құрайды. LA4

Ұжымдық шарт мынадай аспектілерді регламенттейтін ережелерден тұрады:

- еңбекақы төлеу нысаны мен жүйесін;
- инфляция артқан кездегі жалақы мөлшерінің өзгеру мәселелерін;
- некеге тұрған, зейнетке шыққан, бала туылған және отбасы мүшелері қайтыс болған кезде және т.б. жұмыскерлерге өтемақы төленуін;
- жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен тынығу уақытын;
- жұмыскерлерге кепілдіктерді және олардың әлеуметтік қорғалуын.

Ұжымдық шартқа сәйкес, әлеуметтік қолдауға жыл сайын Компанияның жылдық еңбекақы қорының кемінде 2,5%-ы бөлінеді. 2016 жылы осы мақсатта 160 млн теңге бөлінді, 2017 жылы 200 млн теңге бөлінеді.

Әлеуметтік саясат, төлемдер мен жеңілдіктер

Компания жұмыскерлеріне арналған әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер персоналға сыйақы төлеу жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оларды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер Ұжымдық шартта бекітілген және, жұмыспен қамтылу түріне қарамастан, барлық штаттық қызметкерлер үшін көзделген. LA2

Бұдан басқа, құжатта жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ардагерлер мен зейнеткерлерді қолдау да қарастырылған.

Жұмыскерлерге көрсетілетін материалдық көмек оларды емдеуге және сауықтыруға, бала туылған кезде, жұмыскер зейнетке шыққан кезде төленетін төлемақыға, жасы 18-ге толмаған мүгедек балалары бар жанұяларға және көп балалы жанұяларға, сондай-ақ жұмыскерлердің мерейтойларына байланысты төлемдерге бағытталған.

Бұдан басқа, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобының жұмыскерлерін медициналық сақтандыруға 2016 жылы 779 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

Компанияның кейбір кәсіпорындары Қазақстан Республикасының заңнамасында кепілденген нормалардан асыра жеңілдіктер ұсынады.

Компанияда жасы бойынша зейнетке шыққан жағдайда қызметкерлерге материалдық көмек көрсету, Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне мемлекеттік, кәсіби мерекелерге, мерейтойларға орайластырып, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткер қайтыс болған жағдайда қайырымдылық көмек көрсету, медициналық қызмет көрсетумен байланысты көмек көрсету қарастырылған. LA10

Бұдан басқа, ЕТҰ тарату кезінде жұмыстан шығарылатын қызметкерлерге көмек ретінде мыналар көзделген:

- таратылатын ЕТҰ персоналын аутсорсингке беру;
- персоналды қайта даярлауға бағытталған әр түрлі бағдарламаларды жүзеге асыру;
- өтемақы төлеу.

Еңбекақы төлеу жүйесі

Компаниядағы еңбекақы төлеу жүйесі жұмыскерлерді сапалы және нәтижелі еңбекке ынталандыруға бағытталған. Осылайша, Компанияда өндірістік персоналдың еңбекақысы жыл сайын көтеріледі. Атап айтқанда, 2016 жылы жұмыскерлердің осы санатының еңбекақысы 2015 жылмен салыстырғанда 10,9 %-ға өсті және 214 973 теңгені құрады. Салыстыру үшін, Қазақстан Республикасы бойынша өндірістік персоналдың орташа айлық еңбекақысы 2016 жылы 143 045 теңгені құрады.

47-кесте – Өндірістік персоналдың орташа жалақысы, теңге

Атауы	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысы, теңге	214 973	193 854	10,9%

48-кесте – Есептелген еңбекақының жалпы сомасы, млн теңге

Атауы	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Еңбекақы қоры, барлығы	53 806,0	56 972,1	-5,6%

Компания өз жұмыскерлерін гендерлік белгі бойынша кемсітпейді және ерлер мен әйелдерге жалақы төлеуде бірдей тәсілді ұстанады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ барлық кәсіпорындары бойынша бастапқы деңгейдегі ең төменгі жалақы мен Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің арақатынасы Компания пайдасына орташа есеппен алғанда 3,3 құрады. EC5, LA13

49-кесте – Әйелдердің базалық жалақысының ерлердің базалық жалақысына жұмыскерлердің санаттары бойынша бөлінген қатынасы, % LA13

Персонал санаты	Әйелдердің базалық мөлшерлемесі	Ерлердің базалық мөлшерлемесі	Қатынас
Жоғарғы басшылық (директорлар кеңесі, басқарушы комитет немесе осыған ұқсас орган)	798	852	93,7%
Орта буын басшылары	336	341	98,5%
Әкімшілік персонал	143	152	94,1%
Өндірістік персонал	89	84	106,0%

50-кесте – Бастапқы деңгейдегі жұмыскерлердің стандартты жалақысының белгіленген ең төменгі жалақыға қатынасы, теңге EC5

Көрсеткіш	2016 ж.	2015 ж.	Өзгеріс
Қазақстан Республикасындағы ең төменгі жалақы, теңге	22 859,0	21 364,0	7,0%
Компания бойынша бастапқы деңгейдегі қызметкердің орташа жалақысы, теңге	75 345,0	74 886,0	0,6%

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен оның ЕТҰ персоналына еңбекақы төлеу мен сыйақы берудің қолданыстағы жүйесіне сәйкес, әкімшілік жұмыскерлерге бір лауазымдық жалақыға дейінгі мөлшерде тоқсан сайынғы сыйақы төленеді, Компания ЕТҰ-ның өндірістік персоналына – айына бір рет мерзімділікпен лауазымдық жалақының/тарифтік мөлшерлемеңің 20-35%-ы мөлшерінде немесе тоқсанына бір рет бір лауазымдық жалақыға/тарифтік мөлшерлемеге дейінгі мөлшерде, Компания ЕТҰ-ның басқарушы жұмыскерлеріне жылына бір рет 8 лауазымдық жалақыға дейінгі мөлшерде сыйақы төленеді.

Материалдық ынталандыру жүйесі аясында сондай-ақ инновациялық идеялары, маңызды тапсырмаларды үлгілі орындауы, ұзақ және мінсіз жұмысы үшін және басқа да еңбектері үшін жұмыскерлерге сыйақы төлеу саясаты іске асырылады.

Лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақы, дербес үстеме ақы және тәлімгерлік үшін үстеме ақы төленеді, оларды Компанияның және кәсіпорындардың басшылары белгілейді.

Әлеуметтік тұрақтылық

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ теңдестірілген әлеуметтік-кадрлық саясат жүргізу және әлеуметтік-еңбек жағдайларын реттеу жөніндегі жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру негізінде еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және қолайлы моральдық-психологиялық климатты қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Жұмыскерлер алдында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жоғарылату мәселесіне жүйелік тұрғыдан келу мақсатында Компания кәсіпорындарында қолайлы психологиялық климатты қалыптастыру, еңбек жағдайлары мен қауіпсіздік техникасы деңгейін арттыру, тамақтандыруды ұйымдастыру және жақсарту, жұмыскерлерді материалдық ынталандыру, біліктіліктерін арттыру, мәдени-көпшілік іс-шараларын ұйымдастыру, жұмыскерлерді тасымалдау, ваханалық кент құрылысын салу және жөндеу және т.б. сияқты әлеуметтік-еңбек жағдайларын жақсарту іс-шараларының кешенін қамтитын Әлеуметтік-еңбек жағдайларын қамтамасыз ету іс-шараларының жоспарлары әзірленді. Бұдан басқа, еншілес және тәуелді кәсіпорындардың басшылары Іс-шаралар жоспарларының орындалуы үшін дербес жауапкершілік көтереді.

2016 жылы әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің 72%-дан 81%-ға дейін елеулі артуы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында жүргізілген жұмыстың нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау бойынша зерттеулерді «Әлеуметтік әріптестік орталығы» Корпоративтік Қоры 2016 жылғы тамыз айынан қыркүйек айына дейінгі кезеңде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 18 кәсіпорнында жүргізді.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

2016 жылы кәсіпорындардың өнеркәсіптік, экологиялық, радияциялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметі 2012 жылғы 20 ақпанда қабылданған № 1/12 «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Саясатында декларацияланған қағидаларға сәйкес жүргізілді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметі мынадай негізгі құжаттармен регламенттеледі:

- Персоналдың еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жеке жауапкершілік жүйесі туралы ереже;
- Әр түрлі жұмыстарға тартылатын мердігер ұйымдарға еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында қойылатын талаптар;
- СТ ҰАК 12.2-2012 «Жер асты ұңғылап шаймалау әдісімен уран өндіру бойынша кәсіпорындарды пайдалану кезінде радиациялық қауіпсіздіктің сапасын қамтамасыз етудің үлгілік бағдарламасы. Құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар» корпоративтік стандарты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жүйесінде автокөлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру жүйесі. СТ ҰАК 12.3 – 2013;
- «Еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын ұйымдарда еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының жай-күйі туралы есептің және оның түсіндірме жазбасының мазмұнына қойылатын талаптар» нұсқаулығы;
- Өндірістің қауіпсіздігін арттыру бойынша Жол картасы;

9-сурет. Әлеуметтік жауапкершілік деңгейі

- «2016 жыл – көліктегі қауіпсіздік жылы» бағдарламасы.

2016 жыл ішінде Компания еңбектің, қоршаған ортаның қорғалуын, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-техникалық базаны жетілдіру және осы салалардағы өндірістік бақылауды оңтайландыру жұмысын жалғастырды. Нәтижесінде 2016 жылы:

- «Қоғам кәсіпорындарын кешенді тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу ережелері», «ЕТҰ-ның еңбекті, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметін бағалау жөніндегі Орталық комиссия туралы ереже», «Кәсіпорындардың жұмыскерлерін жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар», «Персоналдың кәсіби сәулеленуін бақылау», «Гамма-түсірілім әдісін пайдалана отырып, өндірістік аумақты радиациялық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі» стандарттары және Өндірістегі қауіпсіздікті түбегейлі жақсарту жол картасы әзірленді және бекітілді;
- «2016 жылды көліктегі қауіпсіздік жылы деп жариялау туралы» жоба аясында оқыту семинары, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ең ірі кәсіпорындарының есептік семинар-кеңестері, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және радиациялық қауіпсіздік саласындағы жұмысты жақсарту іс-шаралары туралы» корпоративтік кеңес, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында тәжірибе алмасу аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясының өкілдерімен кездесу, «ЕҚ, ҚТ, РҚ және ҚОҚ саласындағы жылдың ең үздік кәсіпорны» атағына жыл сайынғы конкурс өткізілді;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын ЕҚ, ҚТ, РҚ және ҚОҚ саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестікке жоспарлы тексерулер жүзеге асырылды;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында нұсқама жүргізу кезінде пайдалану үшін есепті кезеңде орын алған жазатайым оқиғалар туралы тоқсан сайынғы ақпараттық хаттар дайындалды және таратылды;
- жарақаттану тәуекелдерін болдырмау мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарының өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз ету процестерінде ішкі бақылауды диагностикалау жүзеге асырылды;
- Компания басшылығы өндірістегі ауыр және өліммен аяқталған жарақаттану мәселелерін корпоративтік орталық деңгейінде және кәсіпорындардың Қадағалау кеңестерінде қарастыру туралы шешім қабылдады, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың бірінші басшыларының жауапкершілігі ұлғайтылды;
- Компанияның Директорлар кеңесінің Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті құрылды.

Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес, комитет қызметінің негізгі бағыттары химиялық және радиациялық әсерді барынша азайтуға, қоршаған орта мен персоналды қорғауға, өндіріс қауіпсіздігін арттыруға және технологиялық процестерді автоматтандыруға бағдарланған, орнықты дамудың құрамдас бөлігі ретінде еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Компанияның интеграцияланған саясатын әзірлеу және Компанияның Директорлар кеңесі үшін:

- өнеркәсіптік, экологиялық және радиациялық қауіпсіздік саласындағы корпоративтік басқару жүйесін жақсарту жөнінде;
- еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша саясатты жүзеге асыруда еншілес және тәуелді ұйымдармен тиімді өзара ықпалдасу және Компания қызметін үйлестіру жөнінде;
- еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамның бағдарламалық құжаттарын қабылдау жөнінде

ұсыныстар мен ұсынымдар даярлау болып табылады.

2016 жылы трансформациялау бағдарламасы аясында «Кешенді қауіпсіздік бойынша нысаналы процестерді енгізу» жобасы іске қосылды. Жоба аясында «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен «Портфельдік компаниялар үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі референстік үлгі» негізінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да және ЕТҰ-да өндірістік қауіпсіздікті басқару процестері енгізілмек.

Жобаның негізгі мақсаттары:

- Компания кәсіпорындарындағы жарақаттану және апаттылық деңгейі мен ауырлық дәрежесін төмендету;
- қауіптерді қауіпсіз немесе азырақ қауіпті түрлеріне ауыстыру арқылы тәуекелдерді азайту;
- Компания ұйымдары периметрінде бизнес-процестерді нысандандыру және бірегейлендіру;
- жарақаттанумен, апаттылықпен және бұзушылықтармен байланысты шығындарды азайту;
- клиенттер, жұмыс істеп жүрген және әлеуетті жұмыскерлер арасында Компания беделін арттыру.

Осы жобаға сәйкес Компания кәсіпорындарында әзірленген қауіпсіздік жөніндегі процестерді толық енгізу өндірістің қауіпсіздігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Компания кәсіпорындарында жазатайым оқиғалардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі жұмыс 2016 жылы ЕТҰ бекітілген жұмыс жоспарларына, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыру жөніндегі жол картасына сәйкес жүргізілді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-дағы еншілес және тәуелді ұйымдар қызметінің қауіпсіздік көрсеткішін жақсарту бағыттарының бірі экологиялық және радиациялық қауіпті объектілер жай-күйінің және оларда қолданылатын жұмыс процедураларының қолданыстағы қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкестігін мерзімді түрде бақылап отыру және кейіннен анықталған бұзушылықтарды жою шараларын әзірлеп, олардың орындалуын бақылау болып табылады. 2016 жылы Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің Компанияның 7 кәсіпорнында еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормативтік және құқықтық актілер талаптарының орындалуын тексеруі осының айғағы болып табылады.

Барлық кәсіпорындарда Еңбекті қорғауды басқару жүйелері (ЕҚБЖ) енгізілген және жұмыс істейді, оларға сәйкес, нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау және өндірісте қауіпсіз жағдайлар жасау жұмысы ұйымдастырылды. Кәсіпорындар қолданыстағы стандарттар мен ішкі құжаттарды кәсіпорын жұмыскерлерінің, кәсіпорындардың аумағында болатын басқа да адамдардың, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің сөзсіз сақтауы мақсатында оларды қайта қарап, өзектілендіреді, сондай-ақ жаңаларын әзірлейді. Бұдан басқа, кәсіпорындарда жұмыскерлердің өмірлері мен денсаулықтарын қорғауға, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады, атап айтқанда:

- жабдықты пайдалану және технологиялық процестерді жүзеге асыру кезінде жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оның диагностикасын жүргізу, сондай-ақ өндірісте қолданылатын шикізат пен материалдарды диагностикалау;
- еңбек жағдайларын арнайы бағалау;
- ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды, құрылыс алаңдары мен өнеркәсіптік алаңдарды ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларымен сәйкестікке келтіру. **G4-14**

Бүгінгі таңда 28 кәсіпорын ISO-14001 экологиялық менеджмент және OHSAS 18001 денсаулық және өндірістегі қауіпсіздік менеджменті жүйелерін енгізді.

Тұрақты негізде жұмыскерлерді ауысым алдында және ауысымнан кейін медициналық қарап-тексеру жүргізіледі. Жұмысшылардың жұмыс орнындағы қауіптің мәнін түсінулері үшін әр жұмыс орны мен технологиялық операция бойынша ықтимал қауіптер тізбелері құрастырылады, қайта қарау кезінде еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулыққа енгізіледі және жұмысшылар олармен таныстырылады.

Компанияның іс-шаралар жоспарларына сәйкес, филиалдардың объектілерінде еңбек қауіпсіздігін ведомствоішілік бақылау жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Өндірісте еңбектің қорғалуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кешенді ұйымдастыру-техникалық және санитарлық-сауықтыру шаралары жүзеге асырылады.

Барлық жұмыскерлер қолданыстағы нормаларға сәйкес толық көлемде жеке қорғаныс құралдарымен және сақтандыру құрылғыларымен қамтамасыз етілген. **G4-14**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес, тәуелді және бірлесе бақыланатын кәсіпорындарының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметінің негізгі бағыттары:

- Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қолданыстағы заңнамасын сақтау;
- өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу;
- еңбек жағдайларын және еңбектің қорғалуын жақсарту;
- еңбекті қорғау саласында жұмыскерлерді оқытып-үйрету, біліктіліктерін арттыру;
- еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылауды ұйымдастыру;
- жұмыскерлерді еңбек жағдайлары, өндірістік жарақаттанулар мен кәсіптік аурулар туралы, еңбек жағдайлары бойынша жеңілдіктер және өтемақылар туралы хабардар ету;
- барлық жұмыскерлерді кәсіпорындардың еңбек жағдайларын жақсарту, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі қызметін қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысуға тарту;
- еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау шараларын қажетті көлемде қаржыландыру.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары жүргізетін ЕҚ және ӨҚ жөніндегі жұмыс жарақаттануды болдырмауға, жазатайым оқиғалар мен апаттардың алдын алуға, сондай-ақ Компания жұмыскерлерінің денсаулықтарын қорғауға бағытталған мақсаттар мен міндеттерді көрсетеді.

Компанияда барлық жазатайым оқиғалардың есебі жүргізіледі, сондай-ақ оларға тексеру жүргізіліп, себептері талданады, олардың нәтижесі бойынша профилактикалық іс-шаралар әзірленеді. 2016 жыл ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында өндірістік жарақаттанудың 11 жұмыскер зардап шеккен 9 оқиғасы және 10 жолкөлік оқиғасы орын алды.

51-кесте – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары бойынша өндіріспен байланысты жазатайым оқиғалар саны және жиілік коэффициенті

Жұмыскерлер саны	Жылы	Топ	Ауыр	Өліммен аяқт.	Орт.	Барлығы	Жиілік коэф.
26 591	2016		5		4	9	0,34

Ядролық қауіпсіздік

Қызметтері ядролық материалдармен және табиғи уранмен байланысты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында ядролық қаруды таратпау режимінің орындалуын қамтамасыз ету үшін физикалық ядролық қауіпсіздік іс-шаралары жүргізіледі.

ҚР халықаралық міндеттерін орындау аясында және ҚР заңнамасына сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да мемлекеттік қадағалау органдарымен келісілген ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жүйесі әзірленді және жұмыс істейді, бұл ядролық материалдарды ұрлау немесе ядролық және радиациялық қауіпсіздікке зиян келтіру мақсатындағы рұқсатсыз қолжетімділіктің алдын алуға бағытталған бірыңғай жүйе болып табылады. Қазіргі уақытта ядролық материалдарды «ҮМЗ» АҚ және «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС иеленеді.

Компанияның уран өндіру және уран өңдеу кәсіпорындарында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарында табиғи уран мен ядролық материалдардың есебін жүргізу, бақылау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарға» сәйкес, сондай-ақ ҚР мен АЭХА арасында жасалған Кепілдіктер туралы келісімге Қосымша хаттама аясында табиғи уранды технологиялық айналымының барлық сатыларында есепке алу жүргізіледі, бұл өндіруден бастап өткізуге дейінгі барлық сатыларда материалдың мөлшері мен орналасқан жеріне үздіксіз бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Радиациялық қауіпсіздік

2016 жылы СТ ҰАК 12.6-2016 «Персоналдың кәсіби сәулеленуін бақылау» және СТ ҰАК 19-2016 «Гамма-түсірілім әдісін пайдалана отырып, өндірістік аумақты радиациялық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі» корпоративтік стандарттары әзірленді, бекітілді және Компания кәсіпорындарында қолданысқа енгізілді. **G4-14**

Компания радиациялық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың барлық талаптарын қалтқысыз сақтайды. Бұған қоса, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде персоналды оқыту және міндетті нұсқама беру шаралары ұдайы жүргізіліп отырады.

Жыл бойы радиациялық ахуалды жақсарту мақсатында жоспарланған барлық іс-шаралар толық орындалды. Ескірген жабдықтардың ауыстырылуына, жөндеу жұмыстарына, желдету жүйелерін жаңғыртуға және қалпына келтіруге баса көңіл бөлінді.

2016 жылы кәсіпорындарда персоналдың кәсіби сәулеленуінің орташа дозасы жылына 0,81 мЗв құрады. Салыстыру үшін: тұрғындардың табиғи радиациялық фоннан сәулелену дозасының типтік көрсеткіштері жылына 1-3 мЗв құрайды.

Өткен жылы Компания кәсіпорындарында А тобы персоналының ең жоғары жылдық тиімді дозасы 9,6 мЗв немесе гигиеналық нормативтерде белгіленген, жылына 50мЗв тең доза шегінің 19%-ын құрады.

2016 жыл ішінде Компания кәсіпорындарында радиациялық апаттар мен оқыс оқиғалар тіркелген жоқ.

7.4 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСУ

Кез келген жобаны табысты іске асыру үшін мүдделі тараптармен сындарлы қатынастар жүйесін құру қажетті талап болып табылады. Стейкхолдерлер Компания қызметін жүзеге асыру нәтижесінде тура немесе жанама, жағымды немесе жағымсыз әсерге ұшырау немесе ұшырау мүмкіндігі дәрежесі бойынша, сондай-ақ өндірістік процестерге, корпоративтік басқаруға немесе бренд бейілдігіне ықпал етуге әлеуетті қабілеттілігі бойынша айқындалады. Компанияның негізгі мүдделі тараптары – жұмыскерлер мен кәсіподақтар, жалғыз акционер, жеткізушілер мен тұтынушылар, мемлекеттік және жергілікті басқару органдары, БАҚ және жергілікті қоғамдастықтар.

Мүдделі тараптармен мақсатқа сай тиімді ықпалдасуды ұйымдастыру мақсатында төрт ұпайлық шкала бойынша қоғамдастық топтарының Компания қызметіне ықпал ету дәрежесі, сондай-ақ Компанияның оларға ықпал ету дәрежесі анықталды. **G4-25**

6-диаграмма – Стейкхолдерлер картасы



1	Компанияның Жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор)
2	Компанияның әріптестері мен акционерлері/еншілес және тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) қатысушылары
3	Сыртқы аудиторлар мен консультанттар
4	Компания кредиторлары
5	Жеткізушілер мен тұтынушылар
6	Компания ЕТҰ
7	Менеджмент және персонал
8	Кәсіптік одақтар
9	Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары
10	Жергілікті атқарушы органдар
11	БАҚ
12	Халықаралық ұйымдар (АЭХА, WNA), қоғамдық ұйымдар, соның ішінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұйымдар
13	Қоғамдық ұйымдар; жергілікті халық

Таблица 52 – Список групп заинтересованных сторон. G4-24, G4-26

Компанияға қатысты стейкхолдер	Стейкхолдердің Компанияға қатысты мүддесі	Стейкхолдердің Компаниямен диалог жүргізу нысаны	Стейкхолдердің Компанияға ықпал ету дәрежесі 1-ден 4-ке дейін	Компанияның стейкхолдерге ықпал ету дәрежесі 1-ден 4-ке дейін
1. Компанияның Жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор)	1. Компанияның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту. 2. Қордың жалпы стратегиясын орындау аясында Компанияның Даму стратегиясын орындау. 3. Дивидендтер алу. 4. Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру. 5. Орта мерзімдік даму жоспарының көрсеткіштерін орындау.	1. Компанияның Жалғыз акционерінің шешімдері (Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдері, Қордың Басқарма Төрағасының бұйрықтары). 2. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдері. 3. Бірлескен жұмыс топтары; 4. Кеңестер, келіссөздер және басқалары.	4	2
2. Компанияның әріптестері мен акционерлері/еншілес және тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) қатысушылары	1. Бірлескен кәсіпорындардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту. 2. Бірлесіп басқарудан пайда (дивидендтер) алу. 3. Өндірістік және инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру; 4. Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру. 5. Орта мерзімдік даму жоспарының көрсеткіштерін орындау.	1. Құрылтай шарттары. 2. ҚЖЖ (АЖЖ) шешімдері. 3. ҚК (ДК) шешімдері. 4. Бірлескен консультативтік-кеңес органдарының шешімдері. 5. Бірлескен жұмыс топтары. 6. Бірлескен тексерулер. 7. Кеңестер, келіссөздер. 8. ЕТҰ қызметі мәселелері бойынша хат алмасу.	3	2
3. Сыртқы аудиторлар мен консультанттар	1. ҚЕХС стандарттарын сақтау. 2. Компанияның қаржылық есептілігін дұрыс құрастыру. 3. Сыртқы аудитор ұсынымдарын орындау. 4. Шарттарға сәйкес төлемдерді уақтылы төлеу.	1. Шарттар, есептер және Басшылыққа хаттар.	3	2
4. Компания кредиторлары	1. Негізгі борышты толық көлемде уақтылы қайтару және сыйақы алу. 2. Компанияның қаржылық тұрақтылығы.	1. Іскерлік хат алмасу. 2. Тұрақты талдамалық кездесулер, келіссөздер. 3. Компания туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау.	3	1
5. Жеткізушілер мен тұтынушылар	1. Өзара тиімді ынтымақтастықтың тұрақтылығы мен сенімділігі. 2. Шарттар/келісімшарттар бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын кепілдеу. 3. Өнім/қызметтер жеткізілімдері тұрақтылығының, сенімділігінің, қауіпсіздігінің және үздіксіздігінің жоғары сапасын кепілдеу. 4. Компанияның маркетингтік қызметін тұрақты түрде өзектілендіріп отыру және жетілдіру.	1. Тұтынушылармен кері байланыс жүйесі. 2. Кездесулер, келіссөздер жүргізу. 3. Стратегиялық ынтымақтастық туралы шарттарға, меморандумдарға, келісімдерге қол қою.	2	2

Компанияға қатысты стейкхолдер	Стейкхолдердің Компанияға қатысты мүддесі	Стейкхолдердің Компаниямен диалог жүргізу нысаны	Стейкхолдердің Компанияға ықпал ету дәрежесі 1-ден 4-ке дейін	Компанияның стейкхолдерге ықпал ету дәрежесі 1-ден 4-ке дейін
6. Компания ЕТҰ	1. Инвестициялық және әлеуметтік жоспарларды/міндеттемелерді орындау. 2. Орнықты дамуға қолдау көрсету. 3. Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік актілерін сақтау. 4. Корпоративтік басқару кодексінің талаптарын сақтау.	1. ЕТҰ қатысушысы/акционері ретіндегі Компания шешімдері. 2. Компанияның ЕТҰ менеджментін тыңдау. 3. Компанияға жіберілетін өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік жоспарлардың/міндеттемелердің орындалуы жөніндегі ақпарат/есептер.	2	4
7. Менеджмент және персонал	1. Компанияның нәтижелері, жетістіктері және даму перспективалары. 2. Компанияның кадрлық және әлеуметтік саясаты. 3. Персоналдың қатысуы және даму перспективалары. 4. Материалдық және материалдық емес ынталандыру шаралары. 5. Ұжымдық шарт талаптары. 6. Қазақстан Республикасы заңнамасының және еңбек заңнамасы саласындағы нормативтік актілерінің нормаларын сақтау. 7. Жоғары білікті жұмыскерлерді ұстап қалу және тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау (ынталандыру).	1. Компания Басқармасының шешімдері. 2. Бұйрықтар мен өкімдер. 3. Аппараттық, өндірістік, жедел және өзге де кеңестер. 4. Ағымдағы қызмет туралы есептер. 5. Кіріс және шығыс корреспонденциясы. 6. Ауызша келіссөздер. 7. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамалар. 8. Корпоративішілік коммуникация арналары. 9. Пікір жинау. 10. Сауалнама жүргізу.	4	3
8. Кәсіптік одақтар	1. Жұмыс берушінің жұмыскерлерге қатысты белгіленген міндеттемелерін сақтау. 2. Жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау.	1. Ұжымдық шартты талқылау және бекіту. 2. Кәсіподақ мүшелерінің жиналыстары және Компания менеджментімен кездесулері.	2	3
9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары	1. Компания мен ЕТҰ-ның Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік актілерін сақтауы. 2. Уақтылы және анық ақпарат алу. 3. Бәсекелестікті дамыту. 4. Нақты тауар нарығындағы бұдан арғы қызметке қатысты қорытынды беру. 5. Бюджетке салық міндеттемелерін толық көлемде және белгіленген мерзімде орындау. 6. Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындауы. 7. Жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру. 8. Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау. 9. Компания ЕТҰ-ның лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерін орындауы. 10. Қазақстан Республикасында атом энергетикасы мен өнеркәсіпті дамыту.	1. Компания ЕТҰ-ның Қазақстан Республикасы заңнамасы мен нормативтік актілерін сақтауын тексеру. 2. Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептілікті ұсыну. 3. Компания қызметінің әр түрлі бағыттары бойынша мемлекеттік органдардың сұратуына орай ақпарат ұсыну. 4. Қазақстан Республикасының Заңдары мен нормативтік актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу. 5. Жер қойнауын пайдалану келісімшартын, Жер қойнауын пайдалану құқықтарын мемлекеттік тіркеу актісін келісу. 6. Компания ЕТҰ-ның лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерін орындауын тексеру. 7. Компания ЕТҰ-ның лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерін орындауы жөніндегі есептер.	3	1

Компанияға қатысты стейкхолдер	Стейкхолдердің Компанияға қатысты мүддесі	Стейкхолдердің Компаниямен диалог жүргізу нысаны	Стейкхолдердің Компанияға ықпал ету дәрежесі 1-ден 4-ке дейін	Компанияның стейкхолдерге ықпал ету дәрежесі 1-ден 4-ке дейін
10. Жергілікті атқарушы органдар	1. Жергілікті бюджеттерге салықтық түсімдерді ұлғайту. 2. Әлеуметтік салаға жұмсалатын шығыстар бөлігінде келісімшарттық міндеттемелерді орындау. 2. Әлеуметтік жобаларды уақтылы және сапалы іске асыру. 3. Жұмыс орындарын көбейту (сақтау). 4. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік, радиациялық және ядролық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын сақтау.	1. Жергілікті атқарушы органдар мен Компания арасында өңірлердің әлеуметтік саласына қолдау көрсету және дамыту мақсатында жасалған ынтымақтастық туралы меморандумдар. 2. Жергілікті атқарушы органдар мен Компания арасындағы өңірлердің әлеуметтік саласын қаржыландыру жөніндегі бас келісімдер.	3	1
11. БАҚ	Компания қызметі туралы уақтылы және анық ақпарат алу: - өндіріс қауіпсіздігі туралы. - шығарылатын өнімнің сапасы туралы. - қаржылық көрсеткіштер туралы. - бірлескен жобаларды іске асыру туралы. - саланың даму перспективалары туралы.	1. Компания қызметі туралы ақпаратты (мақалалар, сюжеттер) орналастыру қызметтерін көрсетуге арналған шарттар. 2. Баспасөз конференцияларына, брифингтерге, таныстырылымдарға, өндірістік объектілерге жасалатын баспасөз турларына қатысу, баспасөз хабарламаларын тарату, фото және бейнетүсірілім қызметтерін көрсету. 3. БАҚ мониторингі	3	1
